Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектісі - әкімшілік құқық бұзушылық жасаған, 16 жасқа толған және ақыл есі дұрыс тұлға. Бұл жалпы субъект болып табылады. Арнайы субъект- лауазымды тұлғалар, дипломатиялық қорғаншылықтарды пайдаланбайтын шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар; ерекше субъект - әскери қызметкерлер, әскери жиында жүрген азаматтар, прокурорлар, ПО қатардағы және басшы құрамындағы тұлғалар, қаржы полициясы мен кеден органдарының қызметкерлері.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың объектісі құқық нормаларымен реттелетін және әкімшілік жауапкершілік шараларымен қорғалатын қоғамдық қатынастар. Оның 4 түрі бар:

1) жалпы объект - мемлекеттік басқару облысында туындайтын және бұқаралық құқық салалырымен реттелетін қоғамдық қатынастар;

2) текті объект - пайда болу және жүзеге асырылу саласы бойынша бір текті жақын қоғамдық қатынастар тобы. , мысалы, жеке меншік, қоғамдық тәртіп, табиғатты қорғау, тұрғындардың денсаулығы, басқару тәртібі;

3) түрлі объект - бір текті құқық бұзушылықтар үшін ортақ қоғамдық қатынастар тобы, мысалы, жол жүру ережелерін бұзу, паспорттық режимді бұзу, кеден ережелерін бұзу.

4) тікелей объект- әкімшілік жауапкершілік шараларымен қорғалатын, нақты қоғамдық қатынастарға зиян келтіру, мысалы, кедендік бақылау зонасының режимін бұзу.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың объективті жағы - бұл әкімшілік құқық бұзушылықтың сыртқы жағын білдіретін белгілердің жиынтығы. Оған мыналар жатады:

- 1) құқыққа қайшы әрекет немесе әрекетсіздік;
- 2) құқық бұзушылықтың сипаты (әлденеш рет жасау, қайталану);
- 3) құқық бұзушылық уақыты (күндіз, түнде);
- 4) оның тигізген зиянды салдарлары (зиянның мөлшері кейде әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық шараларын қолдануды анықтайды);
- 5) құқық бұзушылық істеген кезде пайдаланылған құралдар (көлік құралы, ішімдік заттары, есірткі заттары, қару-жарақ).

Әлденеше рет жасау - бұл бір текті әрекетті немесе әрекетсіздікті бірнеше рет жасауды білдіреді.

Қайталану - бұл тұлғаның 1 жыл ішінде біртекті құқық бұзушылықты жасап, сол үшін алдында ғана әкімшілік жазаға тартылған болса. Бұл жауапкершілікті ауырлататын мән-жай болып табылады. Құқық бұзушылықты әлденеше рет жасаудың қайталанудан айырмашылығы - бірнеше құқық бұзушылық емес, тек бір ғана құқық бұзушылық болып саналады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъективті жағы құқық бұзушының істеген құқыққа қайшы әрекетіне немесе әрекетсіздігіне және оның салдарларына ішкі, психикалық қатысы. Құқық бұзушылықтың субъективті жағының міндетті белгісі - кінә. Оның 2 нысаны бар: қасақана және абайсызда; Факультативті белгілері : мақсат және себеп.

Қасақана - бұл тұлғаның өзінің ісәрекетінің құқыққа қайшылығын сезсе, оның зиянды салдарларын алдын ала білсе, ол салдарлардың туындауын қаласа, әкімшілік құқық бұзушылық әдейі жасалған деп танылады. Оның екі нысаны бар; тура және жанама;

Абайсызда -әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлға өзінің іс-әрекетінің зиянды салдарларының туындау мүмкіндігін алдын ала білсе, бірақ оның алдын алуға болатындығын ұшқары ойласа немесе тиісті назар аударғанда оның алдын алуға болатындығын,соындай салдарлардың туындау мүмкіндігін алдын ала білмесе, әкімшілік құқық бұзушылық абайсызда жасалған деп саналады. Оның екі түрі бар: немқұрайлылық пен менмендік.

Әкімшілік жауапкершілік – бұл әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаға өкілетті органның (лауазымды тұлғаның) қолданатын әкімшілік жаза түріндегі әкімшілік мәжбүрлеу.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2001 жылғы 30 қаңтардағы N 155 Кодексі
2. Баянов Е. Әкімшілік құқық Алматы, 2007 ж.
3. Таранов А.А. Административная ответственность в РК А,1997 г.
4. Жатқанбаева А.Е. Законодательство РК об административной ответственности А, 2002 г.

**Тілектесов М.А.**

## **КОНСТИТУЦИОННЫЕ МЕХАНИЗМЫ ГАРАНТИРОВАННОЙ ЗАЩИТЫ ПРАВ И СВОБОД ГРАЖДАН РК В КОНТЕКСТЕ СТРАТЕГИИ 2050**

Магистрант специальности 7М042 «Право» кафедры «Государственно-  
правовых дисциплин»

**Alikhan Bokeikhan University, г.Семей**

**[maksat\\_2210@mail.ru](mailto:maksat_2210@mail.ru)**

В Республике Казахстан защита прав и свобод граждан является одной из приоритетных задач государственной политики. Она осуществляется через использование конституционных механизмов и механизмов правового регулирования.

В Стратегии 2050 Республики Казахстан определены ключевые направления развития страны в долгосрочной перспективе. Она включает в себя целый ряд мер по защите прав и свобод граждан, включая укрепление конституционных механизмов.

В первую очередь, конституционные механизмы защиты прав и свобод граждан включают в себя Конституцию Республики Казахстан, которая является основным законом страны. Она устанавливает права и свободы граждан, а также гарантирует их защиту.[1]

Конституция - самостоятельный объект конституционно-правового регулирования, точнее саморегулирования, так как именно в ней установлены положения о ее верховенстве.[2, с. 20]

Вторым конституционным механизмом является система судебной защиты прав и свобод граждан. В соответствии с Конституцией, каждый гражданин имеет право на справедливое судебное разбирательство и на защиту своих прав в суде.

Третий механизм - это органы правоохранительной системы, которые защищают права и свободы граждан в соответствии с законом. Они обеспечивают безопасность и порядок в обществе, а также защищают граждан от преступлений.

Четвертый механизм - это конституционный суд, который рассматривает конституционность законов и иных правовых актов, а также разрешает конституционные споры. Конституционный суд является одним из ключевых институтов защиты прав и свобод граждан в Республике Казахстан.

В рамках Стратегии 2050 Республики Казахстан предусмотрены меры по укреплению конституционных механизмов защиты прав и свобод граждан. В частности, планируется проведение реформы судебной системы с целью улучшения ее эффективности и независимости. Также в планах - создание новых органов по защите прав человека и развитие сотрудничества с международными организациями по вопросам защиты прав и свобод граждан.

Важным механизмом защиты прав и свобод граждан является их активное участие в гражданском обществе и политической жизни страны.[3]

В этом контексте, Стратегия 2050 Республики Казахстан также предусматривает меры по развитию гражданского общества и укреплению демократических институтов в стране.

Для более полного анализа конституционных механизмов гарантированной защиты прав и свобод граждан в контексте Стратегии 2050 Республики Казахстан необходимо рассмотреть некоторые основные аспекты.

Во-первых, следует отметить, что Конституция Республики Казахстан является фундаментом правовой системы страны и главным источником прав и свобод граждан. Конституционные механизмы, такие как Конституционный суд и другие судебные органы, играют важную роль в обеспечении конституционности законов и защите прав и свобод граждан.

Во-вторых, необходимо отметить, что в Республике Казахстан существует многоуровневая система защиты прав и свобод граждан. Кроме Конституционного суда, суды общей юрисдикции, а также специализированные суды по рассмотрению гражданских и административных дел, играют важную роль в защите прав и свобод граждан. Кроме того, существует институт омбудсмена, который является независимым органом, обеспечивающим защиту прав и свобод граждан.

В-третьих, стоит отметить, что развитие гражданского общества и демократических институтов является ключевым фактором в обеспечении защиты прав и свобод граждан в Республике Казахстан. В рамках Стратегии 2050 Республики Казахстан уделяется большое внимание развитию гражданского общества, в том числе через улучшение условий для деятельности неправительственных организаций и развитие механизмов гражданского участия в принятии решений.

Однако, несмотря на наличие конституционных механизмов и планы по их укреплению, в Республике Казахстан существуют проблемы с защитой прав и свобод граждан. В частности, проблемы с доступностью судов, ограничениями свободы слова и медиа, а также проблемы с нарушениями прав меньшинств и женщин.

В контексте Стратегии 2050 Республики Казахстан, важным шагом на пути укрепления конституционных механизмов защиты прав и свобод граждан стало принятие закона "О правовой помощи и правовой культуре", который был принят в 2016 году. Этот закон определяет механизмы обеспечения доступа граждан к правовой помощи и содействие в повышении правовой культуры населения.[4]

Также стоит отметить, что в Стратегии 2050 Республики Казахстан уделяется внимание не только защите прав и свобод граждан, но и развитию экономики и общества в целом. Укрепление правового государства и конституционных механизмов защиты прав и свобод граждан является одним из ключевых факторов для достижения целей Стратегии 2050 Республики Казахстан.



В заключение, можно сказать, что конституционные механизмы гарантированной защиты прав и свобод граждан в контексте Стратегии 2050 Республики Казахстан являются важным элементом правовой системы страны. Укрепление этих механизмов, развитие гражданского общества и повышение правовой культуры населения являются необходимыми условиями для достижения целей Стратегии 2050 Республики Казахстан, а также для обеспечения защиты прав и свобод граждан в Республике Казахстан.

#### Список использованных источников

1. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года.
2. Катков Д.Б., Корчиго Е.В. "Конституционное право России: Учебное пособие". Москва: Издательство "Корчагинский", 1999. — С.20.
3. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана, г. Астана, 14 декабря 2012 года
4. <http://ksrk.gov.kz>

**Майшекина Э.С., Молдабаев Е.С.**

### **САЛЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ ТАРИХЫ**

PhD докторы,

2 курс магистранты 7M04208 «Құқықтың өзекті мәселелері»

**Alikhan Bokeikhan University, Семей қаласы**

Қандай да бір мемлекетті мысал ретінде алмасақ та, оның әлем жүйесінде дербес әрі тәуелсіз болуының кілті, ол қаржылық құрамы жағынан жоғары күшке ие болуы тиіс. Нарықтық экономика жағдайында, дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, мемлекеттің негізгі бюджетін құрастырушы құралы ол жеке және заңды тұлғалардың ерікті әрі міндетті салық төлемдері болып табылады және қосымша ол жарнама арқылы түсетін қаржы түсімдері құрайды[1, с. 25].

Салық жүйесі мемлекеттердің пайда болуына дейін пайда болған деген пікір алға тартылады. Әрине оларды нақты салық ретінде қарастырмасақ та, түп негізі өте ұқсас, мысалы көне дәуірлерде адамдар тайпа тұру мүмкіндігіне ие болу үшін белгілі уақыт аралығында көсемге, яғни тайпаға қажетті қорек және қару жараққа қажетті қатты тасты әкелуі міндетті болған, демек сол алынған заттар тайпа өмірін сақтап қалуға және одан ары дамуына жол берген. Демек қазіргі таңда жиналатын салық қызметіне пара пар, себебі салық ол бюджетті құрастырушы құрал, бюджеттен бөлінген ақша қаражат жоспарға сәйкес іске асыру арқылы мемлекеттің әл ауқатын, жал ақыны, коммуникациялық құрал, жол қатынастарын, әскер және басқа да мемлекеттің маңызды органдарын қамтамасыз ету құралы болып табылады.

Бірінші кезең ежелгі әлемде және орта ғасырларда болған салық салуды қамтиды. Дамудың осы кезеңіндегі салықтар кездейсоқ төлемдер түрінде болды

(тонау, зиянды өтеу, алым, шіркеу төлемдері), негізінен салық натуралды түрде. Ежелгі Египеттегі өзен немесе тыңайтқыштарын (лайларды) салықтарға салық аудару қызықты ақыны факт пайданы болып толықтай табылады. Тауар-ақша қатынастарының пайда олардын болуы процестің мен бюджетпен нығаюына ретінде байланысты дұрыс салықтар азайтуға ақша салық түрінде ақыны болды.

Екінші кезең 17 ғасырдың соңы салуды мен 18 ғасырдың соңғы үшінші кезеңін қамтиды. Қоғамның осы ісінде даму шешуді кезеңінде зерттеу салық көптеген жағынан елдерде уақытқа мемлекеттік елдерде бюджеттердің негізгі кіріс шағын көзіне босату айналды. Салық салу өздігінен қызмет тануы етуші емес жинау жүйелеу салуды арқылы егерде орталықтандырылды: етуде салықтар тікелей және маңызды жанама өндіріс салық ұғымдарын теориялар енгізіле салықтары бастады, салық бұл өз болып алдында салық төлеушілер үшін, істер маңыздылығы үлкен мен қажеттілігін салық түсіндіруді қажет ақыны етті. Үшінші кезеңде әлемнің көптеген салықтың елдерінде негізгі салық салу нормасын проблемаларына қатысты әр салық түрлі ғылыми салық теориялар меншік жасалып, ғылыми салық негізделген салықтық реформалар жаулап жүргізілген. Экономикалық либерализм арасында теориялары салық кеңінен түрлі таралған, бірақ олар теориялар кәсіпкерлердің экономикалық қызметіне халықтың және бүкіл нарықтың қызметіне орнын мемлекеттің толық араласпауын ұсынды. Белгілі шотландиялық экономисті және қаржыгері А.Смит, «Ұлттар құқықтық байлығының табиғаты аумақтық мен қатысты себептері туралы вагнердің зерттеулер» 1776 жылы ісінде жарық көрген кітабының авторы, анализ салық салу алдарының теориясының негізін қалаушы салықты болып тартылады саналады[2, с. 124-125].

Салық салу екінші дамуының қазіргі кезеңі оның әр саясаты түрлі мәселелерін бюджеттің тереңірек қолданған теориялық негіздеумен заңды сипатталады. 1929-1933 жылдардағы процесі экономикалық дағдарыстың әсерінен. Кейнсиандық, болды неоклассикалық, өзгертті неокейнсиандық салық теориялары бірге көптеген салық штаттарда салық кең таралуда, оларды осының арқасында болып салықтар бойынша бюджет салық кірістерін айналуы толықтырудың негізгі қайнар салықтық көзі болып қана қоймай, жоспарлау сонымен істер бірге әлеуметтік-экономикалық процестердің қуатты нарықтық реттеушілерінің біріне қолдау айналады.

Экономикалық ойда болады серпіліс салық жасаған қазіргі көрнекті ағылшын қызметіне экономисі Дж. М. Кейнс өзінің " Жұмыспен қамтудың, керек пайыздың және жүргізу ақшаның жалпы айқындай теориясы "атты тұрғыдан еңбегінде (1936) реттеуді көздейтін ойлары нарықтық экономикаға елдік мемлекеттің әсер тарту ету қажеттілігін натур теориялық тұрғыдан жинау негіздеді. Белгілі бір төлеушіге Бюджет-Салық және екенін ақша- кредит болып саясатын салық жүргізу салық арқылы қызметіне жиынтық сұранысты. Кейнстің тұжырымдамасына салық сәйкес деңгейі реттеудің негізгі құралы-жұмыссыздық пен бірге экономикалық тұрақсыздықты асыратын азайтуға салуды бағытталған бірақ мемлекеттің бюджеттік салық саясаты. Салық-бюджетке қатысты сонымен бағынышты бастады рөл сипаттағы атқаратын қаржылық ақша-кредит растайтын саясаты айқындай ақша нормасын мен

көбінесе кредиттерді ұсынумен екінші бюджет тұтас кірістерінің өсуін қамтамасыз ісінде етуі тиіс. Төмендетілген тұлғаның салық ставкалары азаматтар инвестициялық және қаржылық жеке көруге тұтынудан етуде туындаған түрде сұраныстың өсуіне санаймыз жағдай нормасын жасайды[3, с. 259-260].

Салықтардың мәні алғаш басқа рет өнімді Д. Рикардоның еңбектерінде анықта зерттелді. "Салықтар деп бұл болып елдің негізгі қаражаты, осыған оны салық жинау, іске нарықтық асыру әрқашан заңнаманы мемлекеттің атқару табыс органында зейіні болады, құралы ал салық әр нарықтық адамның табысынан жалпы мөлшерлеме реттеуді арқылы араласуын алынады экономисі деген". сонымен қатар, пайдалану Д.Рикардо өз ұсынамыз ойында : "салық салу халыққа байлықтың көрсетілген қорғау мәжбүрлі төлеу ұйымдар сияқты салдарын ауыртпалық ретінде қарамау болды керек, жағынан керісінше мақсатына ондай біріне ойды қалыптастырмау үшін үкімет өз тұтынуға тарапынан органының салық ауыртпашылығын молайту алдын мақсатына алу салықтық мақсатында сақтауға халықтың кіріс байлықтың көзін ұлғайтуды құралы көздеу заңнамаға керек ортаның деген". Өз шарттарға еңбектерінде қызметін салықты салық жою, болжам басқа ептері нәрсемен осыған алмастыру кейін сияқты құрылған ойлары қарастырмаған, құрудың себебі салықтың орны ұйымның мен қызметіне маңыздылығын вагнер айқындай келтіреді білгенінің еңбегі деп басым білуге заңнамасы болады.Өз анализ кезегінде, 1890 жылы толықтай неміс сияқты экономисі Ад. Вагнер салық саясаты талабымен тек салық фискалдық қана төлеуге емес, көптеген сонымен болып бірге әлеуметтік-саяси мөлшерін мақсаттарды болады да көздеуі керек мүмкіндік деген ғылыми тұратын теориясын бюджет ұсынды. А.Смит ағылшын сияқты, бойынша Ад. Вагнер жүйесін де мемлекеттің экономикалық өмірге қызметіне араласуын салық кеңейтуді қолдайды. Вагнердің пікірінше, айқындай салықтар салық кезкелген қоғамда ұлттық байлықты жұмыс бөлудегі біркелкі емес жалтару жағдайды келетін түзете сонымен алады. Ол өз бастады ойларын нарықтық жалғастыра нормасын отырып, болады салық тек қаржылық құрал ғана салық емес, етуші сонымен қажетті бірге зерттеу экономикалық өмірге құқықтық саналы әсер етуші ету құралы салық екенін ұсынамыз айтады.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Голищева Л.Е., Бровко Л.И., Голищев А.В. Налоговый контроль – Ставрополь: Ставропольское книжное издательство, 2006. – 156с.
- 2 Худяков А. И. Налоговое право Республики Казахстан. Общая часть: учеб. / А.И. Худяков. - Алматы: Норма-К, 2003. - 511 с.
- 3 Худяков А. И. Налоговое право Республики Казахстан.
4. Особенная часть: учебник / А.И. Худяков. - Алматы : Норма-К, 2006. – 455 с.

**Кумпейсов Е.М.**

## **КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ МӘСЕЛЕСІНЕ**

[law@kazguu.kz](mailto:law@kazguu.kz)

Alikhan Bokeikhan University 2 курс магистранты, Семей, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – М.Д. Каражанов

Кәмелетке толмағанның мемлекет таныған және кепілдік берген, оны құқық субъектісі ретінде дербестейтін құқықтары, бостандықтары мен міндеттері жүйесі кәмелетке толмағанның құқықтық мәртебесін білдіреді [1].

Юриспруденцияда субъект ретінде балаға қатысты қоланылатын «құқықтық мәртебе» және «құқықтық жағдай» деген екі түрлі ұғым бар. «Құқықтық мәртебе» ұғымының салалық қатыстылығы ескерілген жалпы теориялық мағынасы мемлекет қалыптастырған және құқық нормаларында бекітілген мінсіз үлгі ретінде анықталған, кейіннен тұлғаның, оның ішінде кәмелетке толмағанның нақты құқықтық жағдайы осы үлгіге сәйкес қалыптасады. Жеке тұлғаларының түрлі санаттарының құқықтық жағдайы олардың нақты әлеуметтік жағдайын және олар іске асыратын нақты құқықтар, бостандықтар және міндеттер туралы құқық нормаларын ескере отырып айқындалады. «Құқықтық мәртебе» санаты негізінен мағыналық мән беріп, субъектінің түрін көрсетеді, ал «құқықтық жағдай негіздері» санаты қатынастардың жүйелілігін, оны құрайтын элементтердің бағыныштылығын бағдар тұтады [2,25 б.].

Түрлі тарихи даму кезеңдерінде кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесі қоғамның балаға деген көзқарас сипатымен, яғни үлкендердің балаға бөліп берген әлеуметтік рөлімен анықталды. Қоғам мүшесі ретіндегі баланың өмірі мен денсаулығының құндылығы ұғымы аталған қатынастың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, ол өз кезегінде бала тәрбиесіне деген көзқарас стилін айқындады. Мемлекеттің тарихи типі, басқару нысаны және саяси режимі, балалық шақ аясының жай-күйі тәрізді сипаттамалары арасында тікелей байланыс бар.

Адамзат дамуының бастапқы кезеңінде кәмелетке толмағанның құқықтық мәртебесі балаға деген төмен көзқараспен сипатталады, яғни қандай да бір себептерге орай ата-аналардың балаларды тамақтандыру мен тәрбиелеуге шамасы келмеді немесе мүдделі болмады. Бұл құқықтық қатынаста баланың тәуелді және құқықсыз жағдайын тағы бір рет көрсетеді. Антикалық дәуір тарихында бала өлтірушілік күнделікті және үйреншікті акт болып саналды. Ежелгі Римде үй иесі өз балаларына қатысты оларға өмір сыйлау және өлтіру, өз балаларын сату және басқа да құқықтарға ие болды. XII кесте заңдарына сәйкес балаларды өлтіру қылмыс болып саналған жоқ. Сыртқы ажарының келбетсіздігі баланы өлтірудің бір себебі болды. Бала өз ата-анасының алдында олардың игілігі және белгілі бір мүддесін қанағаттандыру үшін әрекет етіп, өмір сүретін момын әрі мойынсұнғыш құрал ретінде ғана болуға міндеті еді. Ол

ата-анасын құрметтеп, сыйлауға тиіс болды, сондықтан балалар өз ата-анасына қарсы кері талап қоюға, олардың келісімінсіз некеге отыруға құқылы болмады.

Э.Мельникованың ойынша, ерте ортағасырда балалық шақ ұғымы ешкімге мәлім болмаған, бұл пікірді өнер туындылары да жанама түрде дәлелдейді, XII ғасырға дейін суретшілер балаларды тек үлкендердің кішірейтілген көшірмесі ретінде ғана суреттеген [3,16 б.].

Орта ғасырларда балалардың өсуіне, өмір сүру құқығына тек қана ата-аналары жауапты болған, ал мемлекет тарапынан ешқандай қолдау көрсетілген емес. Талай уақыт бойы бала ата-ана меншігінде деп қарастырылған. Бүгінгі таңдағыдай баласына дұрыс қамқорлық танытпаған, ұрып-соғып, баласына жәбір көрсеткен ата-аналарды ата-ана құқығынан айыру ешқандай әдебиеттерде көрсетілген емес [4,80 б.].

XIV-XVII ғғ. қоғам үлкендерге өз балаларына қамқорлық жасау міндетін жүктейді. Алайда, бұл қамқорлық ең алдымен ата-анасының баладан, жұмсақ балауыздан секілді қоғамға қажетті қалып «құйып шығару» міндетімен астасып кетті. Балалық шаққа деген немқұрайлықты ығыстырудың басты белгісі ретінде XV-XVI ғғ. қайтыс болған балалардың құлпытастағы бедел-бейнесі мен жеке суреттерінің пайда болуын айтуға болады. Олардың өлімі орны толмас қайғы ретінде қабылданды. Бала деген ұғымды білдіретін сөздердің пайда болуы үлкендер қауымы үшін оның құндылығының артқандығы байқалады: XIV ғасырда «babe» деген сөз алғашқы уақытта кішкентай бала мен жануар деген мағынаны білдірді, ал оны XV ғасырға қарай зиялы, атақты, текті балаларға қатысты қолданылған «infant» термині ығыстырды. Сонымен бір мезгілде бала күнделікті тұрмыста отбасы шаруашылығындағы қосымша жұмыс күші ретінде қабылданғандықтан, халықтың кедей тұрғындары көбінесе балалардың дене бітіміне қамқорлық танытты. Балаларды қанау үйреншікті нәрсеге айналды.

Айта кететін жайт, дәл осы кезеңде кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесі нақты мәнге ие бола бастайды. Кәмелетке толмағанның құқықтық мәртебесі көп жағдайда мұраға ие болу қағидасына байланысты болды. Мұрагер болып саналған баланың тұңғышы өзінен кіші аға-інілері мен қарындастары арасында құқықтары мен міндеттері жөнінен жоғары мәртебеге ие болды.

М.Геллердің ағартушылық ойларының арқасында бірте-бірте балаға деген махаббат сезімі мәдениеттің нормативті қондырғысы болып табыла бастайды. XVIII ғасырдың аяғында асыраушы және күтушілерінің қатысуынсыз жеке аналық тәрбие беру туралы насихат жүргізіле басталады, балаларға үй мұғалімдері мен тәрбиешілер шақырылады [5,25-26 бб.].

Кәмелетке толмағанның құқықтық мәртебесі баланың ерекше жағдайын сезінуге негізделеді. Осы бағытта алғашқы қадам ретінде 1875 жылы Нью-Йоркте құрылған балаларды қатал әрекеттен қорғау қоғамдастығы (осыған ұқсас қоғамдық ұйымдар Англияда, Францияда, Пруссияда құрылады) мен соттарға өз балаларына дұрыс көңіл бөлмейтін және оған қамқорлық көрсетпейтін адамдарды ата-ана құқығынан айыруға құқық беретін 1889 жылы Францияда қабылданған «жасөспірім, қорғансыз, қараусыз және дөрекі қатынасқа төзетіндер туралы» Руссель заңын айтуға болады [6,5-6 бб.].

Кәмелетке толмағандардың ата-ана тарапынан қамқорлыққа ие болуға, өзіне адамгершілікпен қаралуға және тәрбие алуға, өмірі мен денсаулығын азаптау мен қолдаудан қорғауға құқығы сияқты құқықтары ресми түрде танылды.

Ресейде 1892 жылы Санкт-Петербург қаласында балаларға қатал қарау фактілерін тікелей анықтау мен олардың алдын алуға бағытталған қызметінен басқа, кәмелетке толмағандардың құқықтық жағдайын реттейтін тиісті нормативтік-құқықтық кешенді қалыптастыру бойынша ұсыныстар дайындаумен айналысу міндеті белгіленген балаларды қорғау бөлімі құрылды. 1895 жылы аталған бөлім әділет министріне заңдарға, оның ішінде азаматтық және қылмыстық заңнамаға тиісінше толықтырулар мен өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы ұсыныс жасады [7,26 б.].

Кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесі балаға оның жан-жақты дамуы, әлеуетті ресурстарды шынайы ауыстыру үшін қажетті, құқықтық тұрғыдан объективтендірілген және қалыпқа түсірілген мүмкіндіктерді білдіреді. Кәмелетке толмағандардың құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің жүйесі оның жас мөлшерін және мемлекетпен, ата-анамен немесе оларды алмастыратын тұлғалармен балалық шақ аясының негізгі параметрлері бойынша құрылымдалған және қалыпқа түсірілген ерекше билікті-ерікті тәртіпте жүзеге асырылатын және мемлекет қорғап, кепілдік беретін заңдық байланысын ескере отырып белгіленеді. Кәмелетке толудың жасқа байланысты сипаттамасының айқындалуы әр елде әр түрлі сипатқа ие. Қазіргі кезде Қазақстанда кәмелетке толу жасы – 18 жас.

Ескерте кететін жайт, Қазақстанда кәмелетке толмаған мен баланың жасына байланысты сипаттамасы заңдық түсінікте біртекті болып табылады. «Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 1-бөлігінде баланың он сегіз жасқа толмаған (кәмелетке толмаған) тұлға екені көрсетілген. Бұл тұрғыда Қазақстанның қолданыстағы заңнамасында қазіргі халықаралық стандарттарға жауап беретін жасқа байланысты специфика көрініс тапқан. Қазақстан 1989 жылы посткеңестік кеңістікте ең алғашқылардың бірі болып Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі - БҰҰ) Бала құқықтары туралы конвенциясын бекітті. Конвенция «бала» ұғымына белгілі бір анықтама береді, ол бойынша бала – егер ол өзіне қатысты қолданылған заң бойынша кәмелетке ертерек толмайтын болса, 18 жасқа толмаған, яғни кәмелетке толмаған бала болып табылады.

Осыған байланысты «бала» санаты «кәмелетке толмаған» деген жалпы ұғыммен қамтылады.

Кәмелетке толмағанның жалпы құқықтық мәртебесі – қоғамның тең құқылы мүшесі ретінде әрбір адамның иеленетін құқықтары, міндеттері мен заңды мүдделерінің жиынтығы болып табылады, оның мазмұны Конституцияда бекітілген және кепілдік берілген құқықтармен және міндеттермен сипатталады.

Кәмелетке толмаған адамның құқықтық мәртебесінің қағидалары балалардың қатысуымен жүзеге асатын қоғамдық қатынастардың жекелеген салалары бойынша топтастырылған: гуманитарлық көмек көрсету қағидалары,

ауыр өмірлік жағдайға ұшыраған, зорлық-зомбылықтан зәбір көрген балаларға көмек көрсету, балаларды асырап алу, қамқоршылық және қорғаншылық қағидалары. Бала құқықтары мен бостандықтары адам және азаматтардың жалпы құқықтарынан туындайды және кейінгілердің барлық сипаттамалары балаларға қатысты болып табылады. Олар дәстүрлі екі түрде жіктеледі. Қазақстан Республикасының Конституциясында жас мөлшеріне қарамастан адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің басты қазынасы екендігі айтылған. Отбасын, ананы, әкені, баланы мемлекеттік қолдау жүйесін іске асыру жолымен бала мүддесін көздейтін әлеуметтік саясатты жүзеге асыру тетігі анықталды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қолдауында болатындығы бекітілген. Конституциялық құқық нормалары адам және азамат құқықтары мен бостандықтары саласында балалар мен үлкендердің тең жағдайын бекіткен [8]. (Қазақстан Республикасының Конституциясы II бөлім).

Бала құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселесі дүниежүзілік қауымдастықтың басты мәселесі болып отыр. Бала құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуде халықаралық қатынастарды реттеу және мемлекеттердің өзара халықаралық қатынас процесінде пайда болатын барлық мәселелер мен сұрақтарды шешу үшін мемлекеттер құратын, халықаралық құқықтық қағидалар мен нормалардың біртұтас жүйесі болып табылатын халықаралық және құқық ерекше рөлге ие. Бала құқықтарын қорғау мәселесі бойынша аса қолайлы және қалаулы нәтижелерге тек халықаралық-құқықтық реттеу жолымен ғана жетуге болады [9,22 б.].

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы. Adilet/zan.kz 03.04.2021.

2. Бутыко О.В. Правовой статус ребенка: теоретико-правовой анализ. Автореф. дис. канд.юрид.наук. – Краснодар. 2008.-25 б.

3. Мельникова Э.Б. Ювенальная юстиция: Проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминологии. – М., 2001.-275.

4. Сапогова Е.Е. Культурный социогенез и мир детства. – М.: Академический Проект, 2004.-80 б.

5. Геллер М.В. История развития социального и правового статуса несовершеннолетних // История государства и права .2006 - №5-С 25-26 б.

6. О ратификации Конвенции о правах ребенка: Постановление Верховного Совета РК от 9.06.1994г.//Сб.международ.актов. Международные договоры, ратифицированные Республикой Казахстан, в сфере обеспечения прав,основных свобод человека, охраны труда, миграционной политики. Алматы:Жеті жарғы, 2011.-Кн.1-я.-300 б.

7. Кудайбергенов Н.Б. Права ребенка в казахстанском и международном праве: Учебное пособие.- Алматы: Данекер, 2001-235.

8. Қазақстан Республикасының Конституциясы II бөлім.

9. Зиядова Д.З. Некоторые правовые аспекты предупреждения преступности несовершеннолетних//Вопросы ювенальной юстиции.-2006.-№3-116 б.

**Байғозин А.М.**

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ ТОЛТЫРЫЛУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

[law@kazguu.kz](mailto:law@kazguu.kz)

Alikhan Bokeikhan University 2 курс магистранты, Семей, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – М.Д. Каражанов

Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу құжаттарына қойылатын жалпы талаптар сот ісін жүргізудің мақсаттары мен міндеттерінің бірлігімен айқындалады. Бұл қағидаларды уәкілетті тұлғаның лауазымы мен дәрежесіне қарамастан сақтау міндетті болып табылады. Жалпы қағидаларға мыналар жатады:

Іс жүргізу құжатының заңдылығы. Мұның өзі құжаттың заңда көзделген тәртіппен ресімделуі тиіс екендігін білдіреді, бұл орайда құжаттың міндетті реквизиттері тізбесі болып табылатын белгіленген іс жүргізушілік нысандар сақталуы тиіс. Мәселен, ҚПК-нің 377-383 баптарында нақты іс бойынша шығарылған үкімнің нысаны мен мазмұны егжей-тегжейлі түрде регламенттеледі, оның ішінде осы құжаттың реквизиттері келтіріледі ( үкім шығарудың уақыты мен орны соттың атауы, оның құрамы, сот мәжілісінің хатшысы, процестің қатысушылары мен олардың өкілдері, аудармашы, сотталушының аты-жөні, оның туған уақыты мен туған жері және т.б.). Осы талаптардың ең болмаса біреуін орындасау үкімнің заңдылығына күдік тударырады. Мәселен, үкім шығарудың уақытын көрсетпеу іс жүргізушілік мерзімнің ағымына есеп жүргізуге мүмкіндік бермейді, соттың атауын көрсетпеу осы істің сотқа жататындығын белгілеудің дұрыстығын айқындауға мүмкіндік бермейді, сотталушының дүниеге келген уақытын көрсетпеу адамға құқық қабілеттілігі белгілерін қателікпен берудің себебі ретінде қызмет көрсету мүмкін және т.б. Заңдылық қағидасы, сондай-ақ құжаттық процестің рөліне, мазмұнына және кезеңіне сәйкестігін де қамтиды. Мәселен, үкім өзінің рөлі бойынша процестің аяқталғандығын және мәні бойынша сот шешімнің шығарылғандығын білдіреді. Үкімнің мазмұнына саралау жолымен осы құжаттың кіріспе, сипаттау және түйінді бөліктерінде заң белгілеген мәліметтер ғана енуі мүмкін. Қандай да болсын өзге ақпаратты енгізуге заң жол бермейді. Үкім сот талқылауының қорытынды кезеңінде ғана пайда болады және өзге қандай да бір кезеңде пайда болуы мүмкін емес. Іс жүргізу құжатын жасаған нақты адамды не органды анықтамайынша заңдылық сақталмайды, өйткені өкілеттіктің болмауы құжатты заңдық күшінен айырады. Мәселен, үкімнің қаулысы бірінші дәрежедегі соттың құзыреті болып табылады, мұның өзі



кассациялық немесе қадағалау дәрежесінде соттың іс бойынша үкім шығару мүмкіндігін жоққа шығарады.

Іс материалында нақты құжаттың пайда болу негізділігі. Бұл қағиданың мазмұны құжат пен қылмыстық іс жүргізу барысы, сондай-ақ айқындалған іс жүзіндегі жағдайлардың арасындағы қисынды байланысты қамтиды. Мәселен, ала тергеудің аяқталуы адамды айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулыны шығару үшін қисынды негіз болып табылады. Алдын ала тергеудің аяқталғандығы туралы қорытынды шығару үшін іс үшін маңызды барлық іс жүзіндегі жағдайларды айқындау міндетті.

Құжатта тіркелген шешімнің дәлелдігі. Бұл талап іс бойынша кез келген өзге шешімнің емес, нақты осы шешімнің өзінің іс жүргізушілік түсіндірмесін табуы тиіс екендігін білдіреді. Белгілі бір деңгейде дәлелділік- шешімнің негізділігі талабымен өзара байланысты, бірақ онымен сәйкес келмейді. Негізгі ерекшелігі мынадан көрінеді: дәлелдік кез келген өзге шешімнің емес, нақты осы шешімнің қабылдануын түсіндіруді көздейді.

Шешімнің дәлелдігін сақтау қағидасы бірқатар іс жүргізушілік нормаларда бар, мұның өзі осы қағидаға ерекше маңыз береді. Мәселен, ҚПК-тің 154- бабы бұлтарпау шараларын жою немесе өзгерту туралы қаулы шығарған кезде қабылданған шешімнің дәлелдігін талап етеді [1].

Іс жүргізу құжатының әділеттілігі. Бұл қағиданың заңдылық қағидасымен өзара байланысы барлық заңды нәрсе әділетті деген қағидаға негізделеді. Сонымен, заңдарға сәйкес қабылданған кез келген шешім оның әділеттілігі талаптарына жауап береді. Мұндай түсінік сөз болып отырған ұғымның сипаттамасы үшін жеткілікті түрде кең ауқымды екенін мойындау қажет. Әдебиетте қабылданған шешімнің іс жүргізк құжатында көрініс тапқан әділдігі, оның тар мағынасын негізге алады.

Іс жүргізу құжатының сенімділігі. Бұл талап уәкілетті адамның ішкі сенімінің қалыптасуына байланысты іс жүргізу қызметінің мазмұнымен тікелей қатынасы бар. Ішкі сенім іс үшін маңызды жағдайлардың дәлелдену деңгейінен өз көрінісін табады.

Құжаттың шынайылығы істің нақты түрдегі сипатымен тығыз байланысты. Шынайы құжат өмірде орын алған процессуалдық маңызды актілердің мәнін дәлме-дәл бейнелеуге тиіс.

Іс жүргізу құжатының толықтығы. Өзінің мазмұны жағынан бұл талап шынайылыққа өте жақын және өзіне жүргізілген іс-қимылдар рәсімдерін алып тастамай енгізуді немесе іс бойынша қабылданған шешімдерді толық бейнелеуді білдіреді.

Құжатта материалды жазудың дәйектілігі мен қисындылығы оның жекелеген ережелерінде себептік-салдарлық өзара байланыстың болуын көздейді.

Жасалған құжаттың сауаттылығы мен мәдениеттілігі оның заңдылығының кепілі болып табылады. Қажетті ақпаратты сауатты жазу өз-өзінен мазмұнын екі ұшты түсіндіруді болдырмайды. Мәдениеттілік құжатты жасаған уәкілетті адамның жалпы кәсіби деңгейін байқатады.

Сонымен осы қағида іс жүргізушілік құжаттың сыртқы сипатына да, сондай-ақ мазмұнына да тең деңгейде қатысты.

Іс жүргізу құжаттарына қойылатын аталған дәстүрлі талаптармен қатар бірқатар авторлар жоғарыда қаралғандардың мазмұнын дамытатын өзгелерді де атайды. Мәселен, Н.Г.Муратова міндеттілігі ретінде іс жүргізу құжаттарын дер кезінде жасау талабын айтады. Ол белгілі бір іс-қимылдарды жүргізудің, қабылданған шешімдердің мерзімдерін ҚПК белгілегеніндей сақтаудан көрінеді. Бірақ бірқатар ережелер бойынша заң қандай да болсын уақыт тұрғысынан шек қоюды ескертпейді. Мұндай жағдайлар дер кезділікті уәкілетті адам не орган қабылдайтын шешімді шұғыл деп түсінуіне мүмкіндік береді [2].

Іс жүргізу құжаттарына қойылатын талаптарды сақтаудың түпкі мақсаты-қылмыстық сот ісін жүргізудің мейілінше тиімділігіне қол жеткізуден тұрады.

Қылмыстық сот ісін жүргізудегі құжаттардың мәнін қайта бағалаудың мүмкін еместігі мынадан да көрінеді:

-құжаттар қылмыстық іс жүргізушілік қызметтің барысы мен нәтижелерін бекітудің бірден бір құралы болып табылады;

-құжаттардың көмегі арқылы процеске қатысушылардың құқықтық қатынастары белгіленеді;

-құжаттар процестің қисындылығын бақылауға, қабылданған шешімдердің дәлелдігі мен негізділігін барабар бағалауға мүмкіндік береді;

-қылмыстық процесті жүргізуші адамдардың заңдылықты сақтауы үшін бақылау жасаудың негізін құрайды, қадағалау қызметінің міндеттерін қамтамасыз етеді;

-құжатта тіркелген ақпарат уақыт өтсе де сақталады, мұның өзі мерзіміне қарамастан және іс үшін мәні бар іс жүзінде орын алған жағдайларға нұқсан келтірместен өткен тарихты қалпына келтіруге мүмкіндік береді;

-іс жүргізушілік құжаттар нақты іс шегінде бұрмаланған құқықты қалпына келтіруге бағытталған тексеру іс-қимылын жүргізуге мүмкіндік береді;

-сот ісін жүргізудің барысы мен нәтижелерін құжаттама түрінде қағазға түсіру әділ сот ісіне нұқсан келтірместен материалдарды уәкілетті бір адамнан екіншісіне беруге мүмкіндік береді.

Сонымен, іс жүргізушілік құжат материалдық құқық нормаларын заң белгілегендей жүзеге асыру нысандарын бекітудің классикалық құралы болып табылады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі, 2019 жыл [Электрондық ресурс] – қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>.
2. Муратова Н.Г. Сущность и значение процессуальных документов по уголовному праву. - Казань, 2004. – 61 с.

## Направление 3 – Проблемы образования в современном мире

Амангожин Ж.М.

### ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ПАССИОНАРЛЫҚ ТҮЛҒА НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Семей қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің  
тарих пәні мұғалім-модераторы  
[amangozhyn\\_zhanat@sm.nis.edu.kz](mailto:amangozhyn_zhanat@sm.nis.edu.kz)

«Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден»  
Әлихан Бөкейханұлы

Пассионарлық терминін (лат. *passio* – құштарлық, ынтықтық) орыс тарихшысы Л.Н.Гумилев енгізген. Пассионар тұлғалар өзінің адами қажеттіліктерінен әлеуметтік және идеалдық қажеттіліктерді жоғары қояды. Сол арқылы қоғамды саяси-экономикалық, әлеуметтік жағынан дамытады. Қазіргі Қазақстанның саяси-әлеуметтік жағдайындағы халық қолдауына ие пассионар тұлғалардың жоқтығы, жемқорлықтың тамыр жаюы мемлекетке деген сенімді әлсірете түседі. «Жаңа Қазақстан» идеясына халық мүддесі үшін қызмет ететін тұлғалар қажет. Ал бұл жағдайда тарих пәнінің мүмкіндігі өте зор. Пассионар тұлғаларды үлгі ете отырып, тарих пәнінің тәрбиелік жағын толық пайдалануға болады. Тарихи тұлғаларға қатысты тақырыптарды өткенде «Қазіргі Қазақстанның пассионар тұлғаларын атаңыздар» деген сұраққа оқушылар «Димаш Құдайберген, Геннадий Головкин» сынды жауаптар айтады. Көріп отырғанымыздай, бұл тұлғалар – мәдениет пен спорт саласының өкілдері, ал саяси саладағы тұлғаларды атай алмайды.

Тарих сабақтарында пассионарлық тұлға негіздерін қалыптастырудың әдісі: Қазақстан тарихы 9-сынып «Неліктен Ахмет Байтұрсынұлын Ұлт ұстазы деп танимыз?» тақырыбын өткенде осы «Ар-намыс кестесі» әдісін қолдануға болады. Тақырыптың оқу мақсаты: Ахмет Байтұрсынұвты қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам қайраткері ретінде бағалау. Оқушылар бейнебаян көріп, тарихи тұлғаның шешімдеріне қатысты берілген кестені толтырады. Кестені толтыру барысында оқушылар тұлғаның шешімдеріне қатысты қоғамдық өзгерістердің байланысын талдап, пассионарлықтың әсерін бағалайды.

Оқушыларға режиссер Мұрат Есжанның «Ахмет. Ұлт ұстазы» телехикаясының 1-сериясындағы 28-29 минут аралығынан 1 минут үзінді көрсетеміз. <https://www.youtube.com/watch?v=Q4Ot8tu15tI> Бейне үзіндінің қысқаша мазмұнын баяндайтын болсақ, Ахмет Байтұрсынұлы Ресей генерал-губернаторынан қазақ халқы үшін газет шығаруға рұқсат сұрап келеді. Қазақ халқына газет ашуға рұқсат берсе, Ресей патшалығының отарлық саясатына қарсы ұлт зиялыларының саяси күші қалыптасатынын түсінген генерал-губернатор Ахмет Байтұрсынұлына: «Сізге газеттің не керегі бар? Одан да біз сізге мол жалақысы бар жоғарғы қызмет берейік», деп, қазақ зиялысын өз

жағына тартқысы келеді. Ал Ахмет Байтұрсынұлы өз жеке бас мүддесінен ұлт мүддесін жоғары қояды. Осы сәтті талқылау оқушыларға ерекше әсер береді. Оқушылардың өздерін Ахмет Байтұрсынұлының орнына таңдау жасату арқылы пәннің тәрбиелік мәнін толық қолдануға болады. Үзіндіні талқылап болғаннан кейін сыныпта жұптық тапсырма ретінде «Ар-намыс кестесін» орындауға беріледі.

Сабақ барысында оқушылардың жиі кездесетін жауаптарының үлгісі:

Ар-намыс кестесі	
Пассионар тұлға	Пенде
«Қазақ» газетін шығаруға өз қаражатын жұмысап, халықтан қолдау күтеді. Отаршылдық саясатқа қарсы күрестің бел ортасында жүрді. Кеңестік дәуірде де ұлт мүддесін жеке бас пайдасынан жоғары қойды.	Патшалық Ресей уақытында қазақ зиялыларының артынан тыңшылық орнатып, ұлтжанды азаматтардың түрмеге қамалуына себеп болды. Кеңестік дәуірде қазақ зиялыларының артынан домалақ арыз жазып 1933-1937 ж.ж. ату жазасына кесілуіне себеп болды.
«Қазақ» газетінде отаршылдықты айыптайтын, ұлттық мүддені қорғайтын мақалар жазып, Ресей Патшалығы тарапынан қудалау көріп түрмеге отырады. Кеңестік дәуірде де ұлт мүддесін қорғауын жалғастырып саяси-қуғын құрбаны болады. Қанша қиындық көрсе де адамгершілік қағидаларынан таймады.	Ұлттық мүддеден жеке бас пайдасын жоғары қойды. Кеңестік дәуірде қызмет пен мансап жолында қазақ тілі мәртебесінің төмендетіп, орыстану жолына түсті. Қазақстанның саяси-экономикалық дамуын Мәскеге тәуелді болуына қызмет етті. Ұрпақтары қазақ тілін ұмытты. Негізгі құндылықтары қызметтік мансап пен байлық болды.
«Қазақ» газеті ұлттық саяси ойдың орталығына айналды. Ұлттық тәуелсіздік идеологиясының ғылыми негізі қалыптасты. Қазақ тілінің зерттелуін ұйымдастырып, тіл ғылымын дамытты. Ұлт ұстазы атанды. Ұрпаққа үлгі болар ғылыми еңбектері мен адал бейнесі қалды.	Қазіргі Қазақстанның жемқорлық батпағына батуына себеп болған мемлекеттік қызметкерлердің 80-90 пайызы осы топтың ұрпақтары. Жеріміз қазба байлықтың қазынасына толы болса да ел экономикасын тиімді даму жолына шығара алмай отырмыз.

Осы тәсілді қолданғанда отандық режиссерлердің «Қазақ хандығы», «Көшпенділер», «Ән аға», «Міржақып, оян, қазақ», «Құнанбай», т.б. кино фильмдері мен ғаламтордағы YOUTUBE каналдарынан тарихи деректі фильмдерді пайдалануға болады.

Жалпы осы тақырып шеңберінде әр мұғалім өз таңдауы бойынша басқа да әдіс-тәсілдерді қолдана алады.

### Әдебиеттер тізімі:

1. «Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту мен нысандары мен әдістері» С.Мирсеитова, 2011 жыл.
2. «Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары», Н.Кошкарбаев, 2010 жыл.
3. «Этногенез и биосфера земли» Гумилев Л.Н. -Ленинград, 1989 г.

**Иманова А.Н., Хохоон Риза**

## **ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАСТАУЫШ СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ 17 МЕН 18 ҰҚСАСТЫҚ БАР**

п.ғ.м., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А.

Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті

7М01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру

бағдарламасының магистранты

2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың нақты шараларын көздейді. Олар мүмкіндіктері шектеулі бар балаларға сапалы білім берудің тең құқығын қамтамасыз ете алады, сонымен бірге оқуға және қоғамға кірігуге жағдай жасайды. Инклюзивтік білім - бұл барлық балаларға арналған білімге қолжетімділікті және барлық балалардың қажеттіліктеріне бейімделу бойынша жалпы білім беруді дамытуды болжайтын интеграциялық процесс.

Инклюзивтік білім берудегі мектептің мақсаты: барлық оқушыларға қоғамда толыққанды өмір сүру, топқа, жергілікті қауымдастыққа белсенді қатысу, сол арқылы қауымдастықтың мүшелері ретінде бір-біріне өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету болып келеді. Инклюзивтілік қағидалары бойынша мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдер ерекше жауапкершілік алады: оларға берілген барлық оқушыларды оқыту; икемді оқыту шешімдерін қабылдау және оларды бақылау; типтік оқу жоспарына сәйкес оқытуды қамтамасыз ету, балалардың қол жеткізген прогресі күтілгенден ерекшеленетін жағдайда егжей-тегжейлі мәліметтерді бейімдеу; әртүрлі аудиторияға үйрету; өздерінің әріптестеріне қарағанда көбірек қарқынды әрекеттерді қажет ететін оқушыларға қолдау көрсету, пайдалану және үйлестіру. Зерттеушілер инклюзивті мұғалімдерге айналған тәрбиешілердің «трансформациялық тәжірибесі» туралы әңгімелейді. Бұл - барлық мұғалімдер мен ата-аналар қатысатын, оқушылармен өзара қарым-қатынас жасауды үйрететін өзгерістер; барлық оқушыларды оқытуға қажетті құзыреттілікті меңгеру; өздерінің әріптестерінен ерекшеленетін оқушыларға деген көзқарасын өзгерту болып келеді.

Психолог түзету-дамыту жұмыстарын кезең-кезеңмен, негізінен "ерекше" балалар орналасқан сыныптарда ұжымдық ойын түрінде жүргізеді. Бұл мүмкіндіктері шектеулі балаларды сыныптастарынан жеке бөліп алмау үшін

ұйымдастырылады. Бірақ сабақ немесе жаттығу жүргізу барысында оларға көп көңіл бөлінеді және бұл жағдай өзгелер үшін байқалмайды.

"Ерекше" баламен психологиялық жұмыстың мәні жүйке-психикалық шиеленісті азайту; өзін - өзі бағалауды түзету; психикалық функцияларды- есте сақтауды, ойлауды, қиял, зейінін дамыту; дербестікті, жауапкершілікті және белсенді өмірлік позицияны, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру.

Педагог-психолог өз жұмысында психологиялық оңалтудың келесі әдістерін қолданады: әңгімелесу, жеке және топтық психологиялық кеңестер, рөлдік ойындар, тренингтік жаттығулар, өзара психологиялық көмек және өзара қолдау.

Мүмкіндігі шектеулі баланың психикалық және физикалық денсаулығы оның көңіл-күйіне және жағдайына байланысты. Мұндай балаларды әлеуметтік бейімдеу мақсатында мектепте толеранттық қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған жаппай іс-шараларға белсенді түрде жүзеге асырылады: сынып сағаттары, әңгімелесулер, кеңестер, суреттер конкурстары, ғылыми-практикалық конференциялар, олимпиадалар, спорттық іс-шаралар және т. б.

Бірінші қыркүйектен бастап мүмкіндігі шектеулі оқушылар оқитын сыныптармен педагог-психолог және әлеуметтік педагог жұмыс жасайды. Инклюзивті сыныптарда қарапайым балалар мен ерекше қажеттіліктері бар балалар арасында өте берік және ұзақ достық қарым-қатынас қалыптыру бағытталады. Инклюзивті сынып- бұл барлық балалар мейірімділік, әділдік және шыдамдылық атмосферасында болатын орын болып саналады.

Мектептің барлық мұғалімдері ерекше балалармен сабырлы және адекват Мүмкіндіктері шектеулі балалардың ата-аналарымен жұмыс сенім және олардың оқу-тәрбие процесіне толық қосылуы қағидаттарынан құрылады. Психологтың кеңесі жүйелі түрде жүргізіледі.

Инклюзивті білім берудегі психологтардың міндеттерінің бірі - бұл айналасындағыларды (отбасы мүшелерін, басқа балалардың ата-аналарын, мектеп қызметкерлерін, барлық әлеуметтік ортаны) "ерекше" балаларды қабылдауға, құрметтеуге, оларға тұрмыста мейірімділікпен қарауға, оларға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге және осы адамдардың қабілетін бағалауға, оларға қолдау жүйесін құруға үйрету.

Насихаттау мақсатында мүгедек адамдармен қарым-қатынаста қолданылатын К. Мейер (АҚШ-тың Ұлттық қол жетімділік орталығы) жасаған әдептіліктің ережелерін атап өткім келеді.:

1. Сіз мүмкіндігі шектеулі баламен танысқан кезде, оған өз қолыңызды беруіңізге болады, тіпті, егер оның қолмен қозғалтуы қиынға соқса немесе протезді пайдаланса, оның (оң немесе сол) ұстап амандасуға болады.

2. «Ерекше» баламен ересектермен сияқты есімін атап сөйлесіңіз.

3. Сөйлеу кемшілігі бар баламен қарым-қатынасқа түскенде, міндетті түрде, оны мұқият тыңдаңыз. Шыдамды болыңыз, сөйлемді аяқтағанға дейін күтіңіз. Түзетпеңіз және ол үшін жауап бермеңіз. Әңгімелесушіні түсінбесеңіз, қайтадан сұрап алуға ыңғайсызданбаңыз.

ы қарым-қатынас жасауға, мүмкіндігінше басқа балалардың алдында олардың ерекшеліктерін бөлмеуге, олардың мәселесін қажетсіз талқыламауға тырысқаны психологиялық тұрғыдан өте маңызды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Выготский, Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка Л.С. Выготский вопросы психологии, 1966. №6. - 42-56 с.
2. Ушинский К.Д. Избранные педагогические произведения.-М.,1968.140-141С
3. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения.- Москва.,Педагогика,1986.- 275 с.
4. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. Сухомлинский В.А. -Киев: Реденька школа, 1969. -381с.

**Навий Л., Тілеухан А.**

### **АКТ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУ**

п.ғ.м., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А.  
Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
7М01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының магистранты

Бастауыш мектептердің оқу-тәрбие ісінде рында бағдарлама бойынша материалдарды өткен кезде оқушылардың ой-өрісі, ойлау қабілетін жетілдіру, мұғаліммен қарым-қатынасын нығайту, тілін дамыту, дене жағынан даму процестері баса ескеріледі. Демек, сабақтың мақсатына қарай арнайы іріктеліп алынған ұлттық ойын элементтерін оқушылар белсене қатысып, орындай алатындай болу керек. Ойынға оқушылар белсене қатыспаса немесе дұрыс орындамаса, ойынды тоқтатпай-ақ, сол оқушыға ғана ескерту жасап, орындауын, қалай ойнайтынын өзіне ғана көрсетіп беруге болады. Тіпті олай болмаған күнде, бала ойынды дұрыс орындап, ойнап жатқан құрбысына көңіл аударуына болады.

Ойын – мектеп жасына дейін және онан кейін де баланың негізгі іс әрекеті. Ойын үстінде баланың тілі дамып, бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығушылығы анық байқалады. Баланың тілі, ой өрісін дамыту ойыннан басталады. Баланың құрбы - құрдастарымен әртүрлі ойындар ойнауының өзі тілінің жеке тұлғалық қасиеттердің қалыптасуындағы алғашқы баспалдағы болып саналады. Осыған орай М. Жұмабаев баланың ойыны туралы: « Баланың қиялы, әсіресе ойында жарыққа шығады. Ойын балаға кәдімгідей бір жұмыс. Ойнағанда да бала өз әсерлерін пайдаланады. Айналасында, тұрмыста, нені көрсе, соны істейді. Мысалы, қазақ баласы біреуі ат болып қашады, біреуі құрық салады. Шырпыларды тізіп көш жасайды. Балшықтан мал, қуыршақтан қыз жасайды – деп ұлттық тұрмысымызға тән ойын үстіндегі бала болмысын, психологиясын суреттейді. Ойын мазмұны мен түріне қарай: мазмұнды - бейнелі, қимыл қозғалыс, дидактикалық, құрылыс, кейіптендіру ойындары болып бөлінеді. Балалардың топтасып, бірлесіп ойнаған ойындары арқылы бала бойында жақсы әдеттер мен адамгершілік қасиеттер қалыптасады, бірнәрсені білуге құмарлығы артып, танымдық қабілеттері дамиды, қимылдары жетіледі. Ойын процесінде жолдастарына тілектестік қарым - қатынасы қалыптасып,

олармен санаса білуді, қиын жағдайларда көмекке келуді, ойын материалдарын қолдануда келісім жасауды, дауларды әділ шеше білуге үйренеді. Бала ойынмен өседі. Ол күнделікті сабақтан келген соң өз ойыншықтарымен немесе аулаға шығып достарымен ойнауды құмартып тұрады. Ойын баланың бойында ақыл ойының, адамгершілік қасиеттерінің жетілуіне бірден бір ықпал ететін құрал іспетті [3].

Күнделікті бала мектепте кем дегенде 5 сағат уақытын өткізеді. Сабақ процесінде мұғалімнің әсіресе бастауыш сынып оқушыларына ойын арқылы сабақты ұйымдастыру бала білімінің жоғары деңгейінде қалыптасуына өте зор ықпал етеді. Сабақ үстінде мұғалімнің келесі «Ойын ойнаймыз» деген сөзінен бала көңілінің көтеріліп назарын мұғалімге ерекше бөлгені аңғарылады.

Қазіргі кезде заман талабына сай бала компьютерлік ойындарды, ұялы телефондардағы ойындарды бар ынта жігерімен ойнайды. Қимыл қозғалысты ойындармен ойнауды бала азайтып бара жатқан сыңайлы. Күнделікті ата - ана, мұғалім, тәрбиеші баланың дұрыс ойын ойнап, жүгіріп, секіріп, доппен ойнауына назар аударуымыз қажет. Қимыл қозғалысы аз, күнде компьютердің, теледидардың алдында отырған баланың аурушаң болатыны белгілі [4].

Ойын - оқушылардың негізгі іс - әрекеттерінің бір түрі. Сабақтағы ойын арқылы оқушылар білімін шыңдап ой - өрісін кеңейтеді. Ұлттық элементі бар дидактикалық ойынның өз мақсаты, жоспары, тәрбиелік, білімділік мәні, жүргізілу ерекшелігі болады. Мұндай ойын арқылы оқушы тез ойлауға, тапқырлыққа үйренеді. Оқушының жас ерекшелігі ескеріле отырып арнайы ұйымдастырылған ойын баланың ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез - құлқын, ерік - жігерін қалыптастырады және де сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Басқа дидактикалық ойындар сияқты ұлттық ойын оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру құралы қызметін атқарады.

Ойын – оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырудың маңызды құралы.

Ұлттық ойындар – бастауыш мектеп балаларының негізгі іс–әрекеті, оқудың маңызды құрамды бөлігі, дидактикалық ойынның бір түрі. Ұлттық ойын – оқушылардың оқу әрекетін жандандырады, еңбекте дербестік пен инициативаны, жолдастық пен өзара көмекті дамытуға жол ашады. Ұлттық ойынның ең басты ерекшеліктерінің бірі балалардың білімді игеруде ақыл ой қызметін дамыта отырып, өзара қарым - қатынас жасауға жеткен жетістіктерінің дәрежесінің көрсеткіші. Екіншіден, оның ұжымдық сипатта болатындығы. Ұлттық ойын көп жақты, қиын педагогикалық құбылыс.

Ұлттық ойынның негізгі мақсаты оқыту барысында баланы қызықтыра отырып, білімдік, тәрбиелік мақсаттарына жеткізеді.

Ұлттық ойын – тәрбие құралы, ақыл-ойды кеңейтіп, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, сезімдерін күшейтеді.

Бастауыш сынып оқушыларының білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін оқу процесінде үздіксіз дамыту, сабақ барысында алған білімдерін тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін ұлттық ойын элементтерін пайдаланудың орны ерекше. «Ана тілі» сабақтарында ойын элементтерін пайдалану мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың тиянақты меңгеруіне көмегін тигізеді. Ойын оқушыларды

сергітіп, тапсырманы тез, әрі ынтамен орындауға, өз беттерімен жұмыс істей білуге үйретеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994. 76, 77-б.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Атамұра, 2000. 83, 84-б.
3. Қалиева Г. Қазақстан мектебі. – 2002. № 4. 22, 23-б.
4. Қоянбаев Ж.Б. Отбасы балалар және жеткіншектер тәрбиесі. – Алматы: Рауан, 1990. – 234-б.

**Иманова А.Н., Муратай А.**

### **ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙ ӨРІСІН ДАМУ**

п.ғ.м., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А.  
Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
7М01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының магистранты

Халқымыздың тарихи мәдени мұраларының түрлері сан алуан солардың қай-қайсында адамға, соның игілігіне қызмет етуге бағытталған.

Осындай аса құнды мәдени игіліктердің бірі - ұлт ойындары. Бүгінде ойынды халық педагогикасының құрамды бір бөлігі деп тегін айтпаса керек, адам баласы жасаған жеті кереметтің қатарына сегізінші етіп осы ойынның аталып жүруі де жайдан – жәй емес.

Қазақ халқы материалдық мұраларға мәдени қазыналарға да аса бай халықтардың бірі болып табылады. Сондай қомақты дүниелер қатарына ұлт ойындары да жатады.

Ғылымның қай саласы болмасын өз тарихын терең зерттеп алмайынша алға баспайды. Демек, зерттеуді өз тарихынан бастау ғылыми жетістіктерін игерумен қатар, оның одан ары бастауына үлкен мүмкіндіктер туғызады.

Дәл осы жағдай қазақ ұлттық ойындарының даму тарихына да қатынасы болса керек. Қазіргі кешеніне келген Маркстік тарихи ғылымдарының дәлелдеуі бойынша күні бүгінгі бізге жеткен ұлт ойындарының қалыптасу кезеңі сонау адамзат баласының жаратылған күнінен, демек қазақстан жерінде қалыптасқан алғашқы қауымдық құрылыстан басталады.

Халқымыздың ұлы перзентінің бірі заманымыздың аса көрнекті жазушысы М.О.Әуезов «Біздің халқымыздың өмір кешкен-ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан ой өнері бар. Ойын деген менің түсінігімше көңіл

көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыруға ғана емес, ойынның өзінше бір мағыналары болған» – деп тегіннен айтпаса керек [2].

Ұлттық ойындар сол халықтың әлеуметтік экономикалық жағдайларына байланысты туып дамығанына қазақ халқының ұлттық ойындары мен таныса отырып көзіміз әбден жетеді себебі қазақ халқының ұлттық ойындары өте ертеде туып, оның көші-қоны тұрмыс жағдайларына байланысты болған.

Ұлт ойындар осылайша атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып отырған және халықтың дәстүрлі шаруашылық, мәдени өнер тіршілігінің жиынтық бейнесі, көрінісі де болған.

Алғашқы қауымдық кезеңнен біздерге жетіп, ойналып жүрген ұлт ойындарының ішіндегі әр алуан құмалақ ойындары, бестас, асық, садақ ату, қарагие тағы басқалары шамамен алғанда 5000 жылдар айналғандығы жайында ағылшын ғалымы Э.Маккей “бұл ойындарының барлығы дерлік Азия елдерінде тайпалық одақтардың арасында тарағанға ұқсайды” дейді. Сондай-ақ мұндай пікірлерді Венецияның саяхатшысы Марко Поло да қостайды. Ол өзінің Жетісу бойында болған сапарында көрген “Қызбөрі” ойыны да Қазақстан территориясындағы тайпалардың пайда болған кезімен яғни таптық қатнастан бірге туғандығы жайлы ескертеді. Мәселен, тарихи уақиға Қазақстан жерін мекендеген көшпелі тайпалардың кезіндегі негізгі кәсібі болған аңшылық келе – келе жекелеген тайпа мүшелерінің қоғамдағы орны мен рөлін анықтады. Осыдан барып тайпалардың аңға шығардағы жасаған жатығулары кезінде «Қарагие» ойынын туғызды [3].

Қазақ балаларында ойыншық болған жоқ десек те болады, тек қана балалардың өздері жасалған зырындауын, қуыршақ пен балшықтан істеген ат, түйе, қой, ит т.б. жануарлар бейнесі ғана болды. Бұл ойыншықтар сыртқы әсемдік жағынан балаларды онша қызықтыра қоймады, сонда да, антропологиялық көзбен қарайтын болса, осы ұсыныс ойыншықтар балаларды еңбекке баулып, өздері жасағандықтан құнды болды. Мәселен “Қой бағу” ойынында балалар құмалақты пайдаланады. Түйенің кепкен құмалағынан “қой” қой құмалағынан “қозы” жайып қораға қашап, “қоздатып”, “көшіп-қонып” күнделікті халық өміріндегі болып жатқан оқиғалар мен байланыстырады. Балалардың ойындары сол күндегі қоғам өміріне негізделіп, күнделікті тіршіліктің қалыптасқандығын аңғартады.

Барлық білім тәжірибеден, түсініктен аңғарудан туады. Олдай болса, бала өзін қоршаған дүние туралы алғашқы түсінікті ойын үстінде алады. Ол дүние сырларын түсініп аңғарады, тәжірибе жинақтайды.

Қазақ халқы – ұлт ойындарына бай халықтардың бірі. Бірақ ол ерте, де ауызекі туып, жалпақ жұртқа ауызекі таратып отырған. Сондықан көпшілігі бүгінгі күнге жетпей ұмыт болып кеткен [4].

Қазақтың ұлттық ойындары туралы қағаз бетіне алғашқы деректер XIII ғасырдан басталады. Қазақтың ұлт ойындары туралы алғаш пікір айтушылар мен оның жеке нұсқаларын жинаушылардың қай – қайсысы болмасын, оны жоғары бағалап, көшпелі халықтан мұндай өрелі өнерді күтегендіктерін сөз етеді.

XIII ғасырдың бірінші жартысында Италия саяхатшысы Плано Карпини Хорезм, Жетісу және Тарбағатай арқылы Монғолияға барып, одан еліне қайтқан сапарында жинаған материялынан “Монғолия тарихы” атты еңбегін жазды. Мұнда ол Монғолияның көршісі болған орта жүздің бір руы Тарбағатай наймандарының өмірі мен әдет-ғұрыптары, демалыс уақытын өткізгендегі ойын – сауықтары жайлы, жауынгерлік ерліктері туралы айтылады.

Италия саяхатшысы Марко Поло өзінің Қазақстанға жасаған саяхатында Жетісу бойындағы қазақ ауылының мерекелі тойларында болып, ойын сауықтарын көріп, көптеген ұлт шығу тарихына, қалыптасу дәуіріне де болжам айтқан.

XX ғасырдағы көрнекті Нидерланды ойшылы И. Хейзинг «Ойнаушы адам» ұғымы «Жасаушы адам» ретінде елеулі қызметті бейнелейтіндігін айтады. Шындығында іс-әрекеттің қалған түрлерінің ешқайсысында да адам ойындағыдай өзінің психофизиологиялық, интеллектуалдық мүмкіндіктерін әйгілей алмайды. Ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді, әлеуметтендіреді, көңіліңді аулайды, демалыс сыйлайды. Баланы ойыннан ажырату—оның дамуының басты көзінен, шығармашылық импульсінен және әлемді тану үдерісін жандандырудан айыру болып табылады. Ойын—баланың барлық өмірлік бағыттарының реттеушісі. Дидактикалық ойындар таным және бастауыш білім беруде оқушылардың іс-әрекетінің белсендіргіші. Ол балалардағы балаға тән қасиеттерді сақтайды және дамытады, балалардың өмір мектебі және «даму тәжірибесі» Бала ойнай отырып өмірді таниды, өзін оған дайындайды, жасампаз адам ретінде қалыптасады [5].

«Оқу құралдарының мінезі-мектеп мінезінің айнасы»-деп атақты ұлы педагог, ақын Мағжан Жұмабаев айтқандай, біздің берер білім, тәрбие жолына пайдаланылатын әдістемелер мәнді болуы керек. Ол үшін бала ұғымына, қабылдауына сәйкестендіріліп ойын ұйымдастыруы қажет. Балаға арналған білім баланың ақылына лайықталап, талабын шабыттандыратындай, ойын оятарлық, іскерлігін дамытарлықтай, бастаған істің нәтижесіне жетуге тырысарлықтай нәрлі болуы керек. Оқушылардың ой белсенділігін, саналы ойлана білуін дамыту мұғалімнің негізгі міндеті. Ойын баланың ойлау қабілеті мен сөздік қорын дамытуға, түрлі дағды мен шеберлікті меңгеруге, қиындықты жеңуге, төзімділікке баулиды. Олай болса, ойынды қай сәттерде, не мақсатпен пайдаланатынымызға аса назар аудару қажет. Мысалы, балалардың ой-өрісін дамыту үшін «Санамақ» ойынын қолдануға болады. Оның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру. Атау ұйқастарын санау арқылы бала сандардың атын атауға үйренеді, санға аты ұқсас заттарды танып біледі:

Бір дегеніміз-білеу,  
Екі дегеніміз-егеу,  
Үш дегеніміз үкі,  
Төрт денегіміз төсек, т.б.

«Ақсүйек» ойыны белгісіз санды табуға арналған ойын. Ойынға толық сынып қатысады. Кестедегі белгісіз сандардың орнына «ақсүйек» тағылып жатыр. Кім дұрыс шығарса, сол табады. Кім ақсүйекті көп тапса, сол ұтады [6].

Д.Б.Эльконин ойын іс-әрекетінің дамуындағы екі әлеуметтік баспалдақтарды анықтап көрсетті: 1) заттармен әрекеттестікті бейнелейтін ойындар; 2) рөлдік ойындар [7].

Ойын тұтас ұжымды тәрбиелеудің тамаша құралы болып табылады. Ойын талаптарын орындау арқылы балалар өздерінің мінез-құлқы мен жүріс-тұрыстарын басқаруды үйренеді, оларда ұжымгершілік пен жауапкершілік сезімі дами түседі. Бір ойынға қатысушының ереже бұзуы тұтас команда нәтижелерінен көрініс тауып отырады. Ұжым талаптарын қайта-қайта бұзушылық болған жағдайда оны ойнаушылар қатарына қабылдамай қоюға болады. Ал бұл ықпал көрсетудің салмақты, байыпты шарасы болып саналады. Өйткені балаларды ойынға тартып, қатыстырудан басқа, ұжымда бірлікте болуға ұмтылу және белгілі орынды иемденуге деген ұмтылыс та олар үшін айрықша роль атқарады. Ойын балалардың белсенді қарым-қатынасқа және де ұжымдық іс-әрекетке деген мұқтаждықтарын қанағаттандырады. Ойын ұжымдағы жалпы нормалар мен құндылықтарды қалыптастырады. Дидактикалық ойындар қоршаған өмір құбылыстары мен заттары жөніндегі балалардың білімін нақтылайды, елестете алууды, сөйлеуді дамытып оқумен, санауды және т.б. үйретеді.

Біз өз зерттеуімізде төмендегідей түсініктемені ұстандық: дидактикалық ойындар-бұл ойындық және танымдық негізден тұратын іс-әрекет түрі. Баланың мектепке келуінен кейін ойын іс-әрекеттің жетекші түрі болмай қалады, дегенмен бұрынғыша баланың дамуы мен қалыптасуында елелулі орын алады. Мұндай пікірлерді Т.Е.Конникова, Ф.И.Фрадкина және т.б. көптеген ғалымдар қолдайды. Олар мектеп жасына дейінгі балалықтың аяқталуымен бірге ойынның өлмейтіндігін, тек қана өмір сүруді жалғастырып қана қоймай өзіндік үлгіде дами беретіндігін айқындайды [8].

Оқыту, білім беру мақсатында ойындарды пайдаланудың мақсатқа сәйкестілігін мойындауды біз ежелгі дүниеден де табамыз. Ойынды оқыту, білім беру және тәрбие беру құралы ретіндегі алғашқы жазбаларды біз ежелгі грек философы. Оқудағы ойын мәселесіне Р.Оуэн, Ф.Фребель, Ж.Фурье секілді ғалымдар да айрықша назар аударған. Олар, ойын балалардың ең қиын деген түсініктерді меңгеруді жеңілдетеді деп көрсетті. Ф.Фребель арнайы әдістеме әдістеме жасады және балаларды оқыту, оларға білім беру тек қана ойындық тәсілдер көмегімен ғана жүзеге асырылатын мектептерді Германияда құруға әрекет жасады [9].

К.Д.Ушинский бүкіл оқу үрдісін ойынға айналдыруға табанды түрде қарсы шықты. Дегенмен балалардың есте сақтау қабілетін, ынта мен оқуға деген қызығушылығын жоғарылатуда ойындардың маңыздылығына педагогтардың назарын аударуға әрекеттенді. Ол сонымен қоса ойын арқылы тұлғаның қандай да бір қыры ғана емес, тұтас адам қалыптасады деп санады. Ғалым ойындарды пайдалануға қатысты көптеген құнды кеңестер берді. Мәселен ойын негізінде балаларда белсенді шығармашылық іс-әрекетке деген құштарлық пен ынтызарлықты дамытуды ұсынды [10].

### Әдебиеттер тізімі:

1. Выготский, Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка Л.С. Выготский вопросы психологии, 1966. №6. - 42-56 с.
2. Ушинский К.Д. Избранные педагогические произведения.-М.,1968.140-141С
3. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения.- Москва.,Педагогика,1986.- 275 с.
4. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. Сухомлинский В.А. -Киев: Реденька школа, 1969. -381с.

**Рақымжан Ә.Қ., Мошекенова С.Д.**

## **БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ҚИЯЛЫН ЗЕРТТЕУ**

п.ғ.м., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А.  
Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
7М01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының магистранты

Қиял дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік образдарын қайтадан жаңартып, өндеп, бейнелеуде көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық процесс: «...барлық жан қуаттарын (рухани күштерді) тек қиял ғана өзіндік сақталатын өзіндік заттарды модельдендіре алады» (әл-Фараби). Қиял процесінің адам әрекетінің қандай саласында болмасын зор маңызы бар. Адамда қиял пайда болған кезде ми қабығында бұрын жасалған уақытша байланыстар түрлі комбинацияларға түседі де, жаңа нәрселердің бейнесі туып отырады. Уақытша байланыстарды қайта жасап, өндеу процесінде екінші сигнал жүйесі шешуші рөл атқарады. [1]

Төменгі сынып оқушыларының қиялын дамыту-олардың эстетикалық сезімдерін оятады. Мәселен, көркем әдебиет кітаптарын оқу, мұражайлар мен галерияларға бару, кино көру, ұйымдасып музыка тыңдау бала қиялын жаңа мазмұнға толтыра түседі. Шәкірт қиялын дамытуға үлкендер үнемі жетекшілік етуге тиіс. Мұғалім, оқушының ата-анасы да бұл жерде тек ақылға ғана әсер етпей, эмоциясына әсер етерліктей әдістерді іздестірулері керек. Оқушылардың жас және дара ерекшеліктерін ескеріп отыру, қиялы күшті дамыған балалармен дербес жұмыс жасау, түрлі тапсырмаларды оқушыларға дербес орындатып отырғызу, оқу барысында кездескен қиыншылықтарды жеңе алуға баулу сияқты әдістер бала қиялын тәрбиелеудің түрлері болып табылады. Тәрбиенің нәтижесінде және өзінің тәжірибесінің молая бастауымен байланысты мектепке төменгі сынып оқушыларының қиялының сапалық жағы арта бастайды

Мектеп жасындағы балалардың қиялының жүйелі түрде дамуы ғылым негіздерінің меңгеруіне байланысты. Олар өз қиялының жемісін енді сын елегінен өткізіп, шындыққа жақындаған образдар жасауға тырысы бастайды. Мектеп жасына жеткен балалардың қиялын дамыту үшін мұғалімдер тарапынан

педагогикалық басшылық керек. Қиялдың дамуы айқын оброздарды жинаудан басталады. Мұғалім ол үшін түрлі картиналар қарау, кино, театрларға бару, ұйымдасқан түрде музыка тындау жұмыстарын білуі қажет. Эстетикалық тәрбие беру-балалардың қиялының толысуына, қиял елестерінің айқындауына себепші болады. Картина бойынша әңгімелеп беру, шығармалар жазу, әдеби мәтіндерге иллюстрациялар құрастыру, сызбалалар арқылы белгілі объектінің жинақтау-қиялдың дамуын ырықты түрге айналдырады. Бастауыш сынып оқушылары келешек маманы жөнінде армандай бастайды. Бірақ жас балалардың армандары тұрақты емес [2].

Мектеп бала қиялын дамытуда үлкен рөл атқарады. Мұндағы оқылатын сабақтардың мәніне түсіну қиялсыз мүмкін емес. Мәселен, табиғатты суреттейтін, немесе қандай да болсын оқиғаны баяндайтын бір материалды түсіндіргенде мұғалім арнаулы тәсілдер арқылы оқушылардың қиялын оятады. Қиял арқылы бала ондағы жанды бейнелерді көз алдына елестеткендей, қолымен ұстағандай, құлағымен еститіндей күйге түседі. Көркем әдебиет шығармаларын талдағанда, тарих сабақтарындағы әңгімелерде, оқушылардың түрлі ойындарында қиял процесі әр қырынан көрініп отырады. Бастауыш сынып оқушыларында алғашқы кезде қиялдың дамуы айтарлықтай болмайды. Мәселен, бірінші сыныптағылар суретке не оқығанға қарап, өз бетімен жаңадан бейне жасай алмайды. Өйткені осы жастағыларда синтездеу қабілеті жөнді дамымаған. Олар оқығанын кездейсоқ, біріне-бірі байланыспаған ассоциациялар арқылы жаңғыртып отырады. Баланың қайта жасау қиялын дамыту үшін алдымен олардың тәжірибесін қорландыра түскен дұрыс. Осы салада мұғалім істейтін іс ұшан-теңіз. Мәселен, мұғалім балаларды орманға экскурсияға апарған екен дейік. Онда оқушылар әрбір ағашты, өсімдік түрлерін көздерімен көріп, қолдарымен ұстайды, білмегендерін бірінен-бірі сұрап не мұғалімнен біліп алады. Ертеңіне мұғалім оқу сабағында балалардан көрмеген ормандарды (тайга, тундра, тропика т.б.) туралы айтып беріндер десе, бұл олардың қиялын тәрбиелеуге көп пайдасын тигізеді. Өмір тәжірибесінің артуы, білім қорының молая түсуі балалардың қиялын да дамыта түседі. Мәселен, үшінші сыныптағылар сурет сабағында алдында тұрған заттардың бейнесін айнытпай сала алады, оны осындай басқа затпен салыстырып көреді. Бұл балада қайта жасау қиялының қалыптасып келе жатқандығын байқатады. Бала қиялы әрекет үстінде дамитындықтан не нәрсеге болмасын өзін қатыстырып, оның икемділігі мен дағдысын дамытып отыру қажет. Мәселен, сурет салудың, ән айтудың тәсілдері мен техникасын үйренбейінше, баланың осыған орай көрінетін қиялы да шарықтай алмайды. Бастауыш сынып оқушыларының қиялын дамыту олардың эстетикалық сезімдерін оятады. Мәселен, көркем әдебиет кітаптарын оқу, музейлер мен галереяларға бару, кино көру, ұйымдасып музыка тындау, бала қиялын жаңа мазмұнға толтыра түседі [3].

Оқушы қиялын дамытуға үлкендер үнемі жетекшілік етуге тиіс. Мұғалім де, оқушының ата-анасы да бұл жерде тек ақылға ғана әсер етпей, эмоциясына әсер етерліктей әдістерді іздестіріп отырулары керек. Оқушылардың жас, дара ерекшеліктерін ескеріп отыру, қиялы күшті дамыған балалармен дербес жұмыс жүргізу, табиғатқа, өндіріс орындарына экскурсиялар жасау, түрлі



тапсырмаларды оқушыларға дербес орындатып отырғызу, оқу барысында кездескен қиыншылықтарды жеңе алуға баулу т.б. осындай әдістер бала қиялын тәрбиелеудің түрлері болып табылады

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жарықбаев Қ. Жүсіпбек Аймауытұлының психологиялық көзқарастары. - Алматы, 2015.
2. Люблинская А.А. Мұғалімге бастауыш мектеп оқушысының психологиясы жөнінде. А.,1981 ж.
3. Психология детей младшего школьного возраста: учебник и практикум для бакалавров / [Айгумова З.И., Васильева Н.Н., Вачков И.В. и др.]; под общ. ред. А.С.Обухова / - 2014

**Иманова А.Н., Маней А.**

## **ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН - БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ.**

п.ғ.м., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А.  
Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
7М01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының магистранты

Республикада оқыту мазмұны жаңартылып, жаңа буын оқулықтарының негізінде жасалған бағдарламалар бастауыш мектептің жаңа жүйеге көшуін , әрбір мұғалімнен жаңаша жұмыс істеуін, батыл шығармашалақ ізденісін, оқушылардың белсенділігін мен қызулығын арттыруды талап етеді.

Константин Дмитриевич Ушинский оқушыларды сабаққа тарта білу, олардың оқуға қызығушылығын арттырып, білімге құмарту керектігіне баса көңіл бөлді.оның пайымдауынша, қызығушылық – сапалы оқудың негізгі жолы, ешбір қызығусыз тек қана зорлық күшімен жүргізілген оқу оқушы бойындағы білім алуға деген құштарлықты жояды.

Неміс педагогы Иоганнмм Фридрих Герbart өзінің оқыту теориясының негізіне әр саладағы қызығушылықты алған. Адамдағы қызығушылықтар қоршаған дүниені танып білуге немесе қоғамдық өмірге араласуға байланысты болады. Сондықтан мұғалім өз білімін жан-жақты жетілдіре отырып, оқушыны қызықтырып оқыту керек екенің айтқан.

Жас бала не нәрсені болса білу құмар, қызыққыш, қолымен ұстап, көзбен көргенді жақсы көреді. Оқушылардық қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты.сондықтан әр-бір сабақта бұрыннан белгілі мәліметтерді қайталай бермей, оқытудың жаңа әдіс – тәсілдерін іздестіру қажет.

Бастауыш мектеп балаға білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, және сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.

Білім беру мекемелерінің қазіргі жаңа құрылымы мен оқытудың жаңа мазмұны мұғалімдер қауымына жаңаша іскерлік пен жаңа технологияны өндіру міндеттерін шешуді талап етуде. Мұның өзі бастауыш мектепте оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады, белсенділік танып, бағдарламалық материалды қажетті деңгейде меңгеруіне ықпал етеді. Дидактикалық ойындардың тиімділігі олардың сабақтың әр кезіндегі орны мен міндетін, мақсатын дәл ашуға, оны қолданудың теориясы мен практикасын бастауыш сынып мұғалімінің жетік меңгеруіне, шеберлік танытуына, ойынға қажетті материалды алдын ала дайындап алуға, ойын үрдісіне оқушыларды белсенді қатыстыруға байланысты.

Василий Александрович Сухомлинский ойынды қолдану жайында былай деп жазады: «...Ойын – бұл үлкен жарық әйнек, ол арқылы баланың өміріне қоршаған орта туралы түсінігі, көзқарасы қалыптасады (2, 36 б.). ойын – бұл білгіштік пен тырысу отын жағатын шоқ». В.А.Сухомлинскийдің пікірін жалғастыра отырып, Даниил Борисович Эльконин «Психологиялық ойындар» еңбегінде «Ойын мағынасы балада жаңа өзіндік мазмұны бар түрткі әрекеті мен оған байланысты міндеттермен шектелмейді (3, 17 б.). ойында түрткілердің жаңа психологиялық формалары пайда болады» - деп ойын психикалық процестердің дамуына әсер ететінін айтқан.

Ұлы Абайдың «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деген пікірінен бала өмірінде ойынның маңыздылығын көруге болады.

Әдістемелік әдебиеттерде берілген және бастауыш сынып мұғалімдерінің тәжірибесінде пайдаланып жүрген дидактикалық ойындар өте көп. Алайда олардың барлығы бірдей бүгінгі күннің талаптарынан туындап отырған білім мазмұнының өзгерістеріне, сондай-ақ оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сай келе бермейді деп ойлаймыз.

Дидактикалық ойындар оқушылардың қабілетін, танымын, шығармашылық дербестігін дамытады. Оқыту үрдісінде ойындар арқылы оқушылардың белсенділігі, іс-әрекеті артады. Оқушыларға сапалы білім беру мақсатында олардың оқуға деген қызығушылығы мен түрткілерін арттыруда дидактикалық ойындарды дұрыс іріктеп қоладану мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Оқыту барысында дидактикалық ойындар оқушылардың мақсатқа жету жолындағы мотивтерін қанағаттандырып, оның басқа психикалық қабілеттерін дамуына ықпал етеді. Дидактикалық ойындарды сабақта дұрыс қолдану арқылы оқушылардың оқуға, ізденуге деген тәрбиеленеді. Бұл оқушылардың өз бетінше білім алуына, өзін-өзі тәрбиеленуіне, ішкі ынтасы мен талпынысын реттеуге мүмкіндік береді.

Ойындар психикалық қабілеттердің ішінде қиялды ерекше дамытады. Қиял адамдарды шығармашылықпен жұмыс істетіп, өмірде болмаған нәрселерді болдырады, жаңа нәрсені болжатады, адамның ойлау шекарасын

кеңейтеді, іздендіреді. Дидактикалық ойындардың әдіс-тәсілдерден артықшылығы-ол оқушыларға еркіндік береді, өз ойларын жасқанбай айтуға үйретеді.

Мұғалім оқушыға сапалы білім беру дәрежесі сабақты ұйымдастыру жолдарын, оқушылардың ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамыту әдіс-тәсілдерін білуімен тікелей байланысты.

Мұғалім сабақта дидактикалық ойындарды оқушылардың сабаққа деген құлшынысын, оқу мотивтерін туғызуда кеңінен пайдалануы керек. Ұстаз әрбір сабақта дидактикалық ойындарды жаттығуларға, тақырыпқа байланыстырып кіріктіруі, оларды өзара біріктіруі тиіс. Бұл – дидактикалық ойындар арқылы оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие берудің негізгі бағыты.

Жаңа білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттары талаптарының бірі – оқытудың сапасын арттыру. Бұл – сабақ формалары мен әдістері, мазмұнын жетілдіру, оны методикалық, танымдық, білімдік, тәрбиелік және сапалы деңгейлі көтеру деген сөз.

Осы бағыттағы бірден – бір ұтымды жол – оқу процесінде дидактикалық ойындарды тиімді пайдалану. Ол сабақтың әсерлілігін, қызығушылығын, танымдылығын арттырып, оқушының танымдық белсенділігін, ынтасын күшейтеді. Мектеп реформасы талаптарына сай балаларды алты жастан бастап оқуда дидактикалық ойындардың мазмұндылығы бұрыннан да арта түсті. Бұл жастағы балалар үшін ойын- оқу, еңбек әрі тәрбие құралы. Сөйтіп, ойын сабақта жаңа мазмұндық сипатқа ие болуда. Ойын балаларды сабақта зерігіп, шаршаған кездерде мақсатына ғана емес, оларға берілген негізгі ұғым, түсініктерді меңгерту мақсатында да жүргізіледі. Ойын арқылы оқушы өздігінен қорытынды жасай білуге машықтанады.

Ойынның негізгі мақсаты – баланы қызықтыра отырып, өткен материалды берік меңгерту. Сондықтан да ойынның пәндік мазмұны басты назарда болуы тиіс. Сонда ғана ол оқушының ойлау қабілетін дамытып, білімдік, тәрбиелік мақсаттарға жеткізеді.

Дидактикалық ойын ережесі балалардың түсінуіне оңай, қарапайым әрі қысқа болуы шарт. Мұғалімдер сабақта ойын түрлерін ретсіз және төпелеп қолданбауы керек. Ойынға қажетті дидактикалық материалдар мен көрнектіліктерге де жете көңіл бөлуіміз тиіс. Мұның да ойын процесінде көп мәні бар. Алдымен сабаққа лайықты түрі мен оны қолданудың мөлшерін анықтау керектігі ұмытылып қалмауы керек.

Оқушылардың сабақтағы белсенділігі олардың сабаққа деген қызығушыларының артуымен тығыз байланысты. Әсіресе дидактикалық ойындар оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін жетілдіріп, өз пікірін дәлелдеуге, сыныптастарымен еркін пікірлесуге ықпалын тигізеді. Дидактикалық ойындар оқушыларды тілдік материалдарға қызықтыруымен қатар тіл білімінен алған білімдерін бекіту, тереңдету үшін де тиімді. Өйткені дидактикалық ойындар оқушылардың танымын кеңейтіп, оның ойлау қабілетін, ізденпаздылығын, еңбекқорлығын жетілдіруде, олардың жеке тұлғалық қабілеттерін тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. дидактикалық ойындар барысында оқушылар өздерін еркін сезінеді, басқа жолдастарымен тілдік

қарым-қатынасқа оңай түседі. бұл шәкірттердің жеке тұлғалық қабілеттерін жетілдіруіне, сабақтың тартымды өтуіне, жаңа материалды терең игеруіне ықпал етеді.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ушинский К.Д. избранные педагогические сочинения. В 2-х томах. Т.2. Вопросы обучения –М.:Учпедгиз, 1954.
2. Сухомлинский В.А. балаға жүрек жылуы. – Алматы: Мектеп, 1976.
3. Эльконин Д.Б. Психология игры М.: Педагогика, 1978.

### **Исмаганбетова А.Т.**

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

7М01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының магистранты

Бала тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын, ойшылдары мен зиялыларын толассыз толғанысқа, үздіксіз ізденіске толы ұлтқа елге бөлінбейтін ортақ мәселесі. Өмірге іңгәлап нәресте келгеннен кейін ата-ананың алдында үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол – бала тәрбиесі. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз – ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Бала үшін ұйқысын төрт бөлген ананың еңбегі ол ер жеткен сайын қиындай түседі. Бала негізгі өнегені алдымен отбасында ата-анасынан алады. Бала тәрбиесі үздіксіз процесс. Баланың жасы өскен сайын, оның араласатын ортасы мен қызығушылықтары да өзгеріп отырады. Өз жасына жеткен кезде бала-бақшаға барады ал, үлкен жауапкершілік тәрбиешінің мойнына түседі. Баланың өміріндегі алғашқы қабылдаған қуанышты сәттер оның болашақтағы өміріне жағымды бағыт бере отырып, өмір бойы есінде қалады. Баланы балабақшаға жіберіп, бақша тәрбие береді, білім береді деп бар ауыртпалықты тәрбиешіге салып қою жеткіліксіз. Баланы балабақшаға берген соң ата-ана тәрбиешімен тығыз қарым-қатынаста болып, оның дұрыс тәрбие мен білім алуына бірлесе әрекет етуі тиіс. Бала-пәк, жүрегі таза. Біз берген тәрбие арқылы ол, қоғамның мүшесі, жеке тұлға болып қалыптасады.

Ұлттық тәрбие – түйінді мәселелері көп, мұғалімнің кәсіптік шеберлігін, көп ізденуді талап ететін үрдіс. Ұлттық тәрбие беру бағытындағы жүргізілетін жұмыстың түрлерін шығармашылықпен түрлендіріп, жаңаша оқыту бағытында пайдалану өз нәтижесін береді. Қазіргі кезде білім беру ісінде, жеке тұлғаны жан-жақты жетілдіріп, танымдық іс-әрекеті мен ой-санасын дамытып, қалыптастыру барысында білім берудің ұлттық, педагогикалық, психологиялық негізін айқындау керек. Елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени өзгерістерге байланысты оқу-тәрбие процесін ұлттық сипатта ұйымдастыру - өмір талабы. Әр халықтың ұлттық-тарихи дәстүрі, оның

азаматтық білім берудегі мәдениеті мен дидактикалық білімі осы оқу-тәрбие процесіне тікелей байланысты.

Оқушының рухани күш-қуаты мен ерік-жігерінің, шығармашылық қабілетінің, жалпы мүмкіндіктерінің ашылар кезі болып табылатын бастауыш мектептің негізгі міндеті – жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, білімге деген сенімін нығайту, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру болып табылады.

Ата-бабамыздың дәстүрлі халықтық тәрбиесінің тәжірбиесіне көз салсақ, бастауыш сынып оқушыларына тәрбие беру ісі, жан-жақты тіл үйрету, ақыл-ойын өсіру, денесін жетілдіру, еңбекке баулу, ең бастысы адамгершілік, ізгілік қасиеттерді сіңіру бағытында жүргізілгенін көреміз. Мұның барлығы, әрине, бесік тәрбиесінен басталады. Халқымыз бұл жөнінде айтқан: «Бесіктегі бала бес түлейді» немесе «жеті атасын білмеген, жетімдіктің салдары», - деген мақалының түпкі ойы тереңде жатқаны айқын. Халық педагогикасымен суарылып, күні бүгінге дейін берер тәрбиесі мол мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ұлттық ойындарды және тағы басқа ауыз әдебиеті үлгілерінің қайсысына кең көлемде тоқталып, халқымыздың ғасырлар бойы сақтап келген бай мұрасын оқушыларға жеткізе білу үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Оқыту процесінде мақал-мәтелдерді пайдалана отырып, біз біріншіден, бастауыш сынып оқушыларына тәрбие беруді жүзеге асырамыз, тіл дамыту, астарлы мағынасын түсіну, грамматикалық, лексикалық білім беруді көздейміз, екіншіден, мақал-мәтел-логикалық образдық ойдың қос қанаттанған ғажап табысы болғандықтан, оқушылардың танымдық процестерін дамытуға қол жеткіземіз.

Бастауыш мектептегі оқу-тәрбие үрдісінде мақал-мәтелдерді пайдаланудың математика сабағында алатын орнының ерекше екенін атап көрсетуге болады. Мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер математика сабақтарында білім беру мен тәрбие көзі. Математикалық ұғымдарға қатысты мақал-мәтелдер "Ондық" концентрі бойынша: «Көп түкірсе – көл болады», «Көп алғысы - көгертер», «Көп сөз - күміс, аз сөз – алтын», «Көсеу ұзын болса, қол күймес», «Қорқақтың қолы қысқа», «Кең болсаң, кем болмайсың», «Өмір – үлкен мектеп», «Артық сөйле, кем сөйле, таразылап тең сөйле», «Көз бір уыс топыраққа тояды», «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді», «Жақсының күнде бір үйі кеңейеді, жаманның күнде бір үйі кемиді», «Екі баланың ортасындағы бір бала дана бала», «Жеті атасын білмеген жетесіз», «Алтаумын деме, жетеуге жолығасың, жетеумін деме, сегізге жолығасың», т.б. Жүз көлеміндегі сандарды нөмірлеуде мынадай мақал-мәтелдердің алатын мәні ерекше: «Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды», «Бір күн қарны ашқаннан, қырық күн ақыл сұрама», «Жақсы әке жаман балаға қырық жылдық азық», «Отызыңда орда бұзбасаң, қырқыңда қырып келдім дегенге ешкім сенбейді», «Елдің көзі – елу», «Алпыс қарсақ ат болмас», «Алты жасар бала атқа мінсе, алпыстағы шал алдынан шығады», т.с.с.

Әрбір жас ұрпақ қай жағынан болсын келісті, тамаша азамат болып қалыптасуы керек. Жемісті тәрбиенің сыры шәкіртті дұрыс тәрбиелеуде. В.А.Сухомлинский «Біздің балалар-біздің қарттығымыз. Жаман тәрбие-болашақтағы қайғымыз, бұл-біздің көз жасымыз, бұл-басқалар алдындағы, бүкіл еліміз алдындағы біздің кінәмыз.» Тоғыз сөздің тобықтай түйініне тоқталатын болсақ, тәрбие – адам өміріндегі негізгі, ең маңызды заттың бірі. Тәрбие беруде бағыттан жаңылысу баланың, одан бөлек қоғамды жарамсыз адаммен қамтамасыз ету болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе оқушыларға дұрыс тұлғалық қатынас жасау, әрбір тәрбие жұмыстарын ізгілендіру қағидаларына негізінде құру, жүйелілікті басшылыққа алу принциптері мұғалімнің бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру тиімділігін қамтамасыз етеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. – 232 б. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Атамұра, 2000. 83, 84-б.
2. Қожахметова К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. - Алматы: РБК, 1997. - 141 б.
3. Табылдиев Ә.Т.12 Ұлттық тәрбие: Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010. – 252 б.

**Навий Л. Жусупова О. К..**

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

п.ғ.м., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А.  
Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
7М01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының магистранты

Еліміз егеменді мемлекет болғалы бері барлық салаларда ауқымды өзгерістер жүріп жатыр. Мұндай өзгерістерден білім беру саласы да тыс қалған жоқ. Қазіргі білім беру жүйесі әлемдік өркениеттің барлық талабына сай келетін, парасатты, білім мен біліктілігі жетілген мамандар дайындауды қажет етеді. Сондықтан да Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің міндеті ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау екендігі айтылған.

Осы орайда егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде. Демек, мектептегі оқу үрдісі оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық әрекетін дамытуына жол ашуы қажет.

Біздің мемлекетіміздің, мектебіміздің, тәрбиешілеріміздің және ата-аналарымыздың алдында әрбір оқушыны тек саналы қоғам мүшесі, тек дені сау және мықты адам етіп өсіру ғана емес, сондай-ақ міндетті түрде бастаған ісіне шығармашылықпен қарайтын, терең ойлайтын азамат етіп өсіру мәселесі тұр. Егер адам шығармашылықпен ойласа, егер айналадан өз-өзін жетілдіру мүмкіндіктерін көре білсе ғана белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасады.

Оқу үрдісінде оқушылар бар білімді дайын күйінде алмастан, мұғалімнің бағыт-бағдар беруі арқылы оның басым бөлігін өз бетімен іздену тапсырмалары, танымдық қызметті белсенді ететін түрлі әдіс-тәсілдер, проблемалық ситуациялар арқылы алуы шарт.

Сондықтан қоғам дамуының қазіргі кезеңінде мектепте оқу процесіне жаңа технологиялар енгізілуде.

Технология (грек тілінен аударғанда *techne* - өнер, шеберлік, логия – ғылым) – бұл шикізаттар мен материалдарды алу, өңдеу әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы.

Педагогикалық технология – қойылған мақсаттарға сәйкес білімді, дағдыны және қарым-қатынасты қалыптастыру мен бақылау, құрастыру амалдарының жиыны.

Педагогикалық технологиялар жайында айта отырып, мына жағдайларды анықтап алу қажет:

Оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттары, олардың психологиялық құрылымы;

Психологиялық материалдар, құрылымдар;

Осы мақсаттарға жетуге бағытталған амалдар жиыны;

Осы мақсаттарды таңдап алынған амалдар арқылы жүзеге асыратын оқушылардың психологиялық мінездемелері;

Оқу-тәрбие мәселелерін жүзеге асыру барысында оқушылардың басқа оқушылармен қарым-қатынас жасау процесіндегі психологиялық мінездемелер;

Анықталған амалдарды орындау барысында қолданылатын құралдар;

Оқыту мен тәрбиелеудің принциптері.

В.Ф.Шаталовтың сөзі бойынша, бүгінгі күні мұғалімнің қызметі білім көзі болу ғана емес, сондай-ақ таным үрдісін ұйымдастыру болып табылады. Мұғалім сыныпта оқып-білуге мүмкін болатын барлық жағдайды жасауы тиіс. Соңғы жылдардағы мектеп практикасы мен теориялық зерттеулер оқыту формасы ретіндегі ойын қызметі оқу процесін белсендендіруге ұмтылушы методиканың, дидактиканың, психология мен педагогиканың басты мәселелеріне толықтай жауап беретіндігін көрсетті. Ойын сәтінде пайда болатын шығармашыл ахуал, еркіндік, адам психикасының шығармашыл

қорларын шығаруға әсерін тигізеді, алаңдаушылық сезімін жойып, тыныш көңіл күйді орнатып, тұлғалардың өзара қарым-қатынасын жеңілдетеді.

Ойындар интеллектуалды-пассивті балалардың оқу қызметіне оң әсерін тигізеді. Психолог Л.Н.Славинскаяның зерттеулері ойын үрдісінде интеллектуалды-пассивті бала қарапайым оқу жағдайында меңгере алмайтын көлемді оқу әрекетін орындауға қабілетті екендігін көрсетті. Психологтардың зерттеулері көрсеткендей егер, қандай да бір пәнге оқушылардың терең де тұрақты қызығушылығы қалыптасқан болса, онда оларға ешқандай рольдің де, жағдайдың да қажеті жоқ. Егер ондай қызығушылық болмаса және мұғалім оны оятқысы келсе, онда ойын мұғалімнің ең жақсы көмекшісі болуы мүмкін. Ойын процесінде пайда болатын қызығушылық – ол оқу процесіне емес, ойынға деген қызығушылық деп қорқудың қажеті жоқ. Қызығушылықтың дамуы қандай да бір заңдылыққа ие: құбылыстың сыртқы жағына деген қызығушылық олардың ішкі құрамына деген қызығушылыққа ұласады.

Танымдық белсенділік – оқушының оқуға, білуге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Танымдық белсенділік проблемалық сұрақтың жауабын іздестіруде, өзінде жұмыс орындауда жүзге асады.

Оқушының өздігінен білім алуы өз еркімен жүйелі жұмыс істеуді талап етеді. өздігінен білім алуды оқушылардың күнделікті рухани қажетіне айналдыру мәселесіне мән берілмей келеді. Өздігінен білім алу әрекетінің мақсат-міндеттерін, мазмұнын, ұйымдастыру жолдарын оқушылардың өздері анықтап, іске асыруына байланысты. Ал, оларға кеңес, нұсқау, жалпы бағы беріп, басқарып отыру – мұғалімнің міндеті.

Ахмет Байтұрсынов оқушының өзіндік жұмысының маңызын бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керектігін атап айтқан болатын. Жалпы білімге деген құштарлық – кез келген сыныптағы балаға тән қасиет. Күн сайын жаңа бір нәрсені білуге ұмтылу – бала үшін зор қуаныш, үлкен мерей.

Әдебиеттер тізімі:

1. Выготский, Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка Л.С. Выготский вопросы психологии, 1966. №6. - 42-56 с.
2. Ушинский К.Д. Избранные педагогические произведения.-М.,1968.140-141С
3. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения.- Москва.,Педагогика,1986.- 275 с.
4. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. Сухомлинский В.А. -Киев: Реденька школа, 1969. -381с.



**Жумабаева А.О.**

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ**

п.ғ.м., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А.  
Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
7М01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының магистранты

«Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе-білім» деп ұлы жазушы М.Әуезов айтқандай, тәуелсіздік туын тіккен елімізді өркениетке апарар жолдың бастауы - мектеп. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, әлемдік қауымдастықта өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына тікелей байланысты. Қазақстан Республикасының 2030 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халқымыздың болашағын тереңнен толғай отырып «Мемлекетіміздің ең басты дүниесі тек қана табиғи байлық емес, сонымен қатар жасөспірім ұрпағы, өйткені олар - біздің ұлтымыздың болашақ айнасы» дегені мәлім. Олай болса, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін ұстаз - баға жетпес биік тұлға. Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі – білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасайтын жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру. Қоғамның әлеуметтік – экономикалық даму деңгейі сол қоғамдағы жеке адамның шығармашылық мүмкіншілігіне байланысты.

«Надан жұрттың күні – қараң, келешегі – тұман», - деп М.Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Сусыз, құрғақ, таса көлеңке жерге дән ексең өнбейтіні сияқты, жас ұрпақтарымызды тәрбиелемесек, өспейді, өнбейді. Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет – оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру.

Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның басқаға ұқсамайтын қабілетін ашу ерекше қиын іс. «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей, әр баланың жеке қабілетін анықтап, шығармашылығын арттыру - ұстаз парызы.

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңының негізгі міндеттерінің бірі баланың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуды міндеттесе, Қазақстан Республикасының дарынды балаларды анықтап, оларға қолдау көрсетіп дамыту концепциясы шығармашылық қабілетті дамытуға бағытталған білім беру кеңістігін туғызуды талап етеді. Соған сәйкес Қазақстан Республикасының білім саласындағы нормативтік – құқықтық құжаттары адамның шығармашылығын дамытудың басым бағыттарының бірі ретінде қарастырады. Сондықтан жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндігін, шығармашылық қабілетін, шығармашылық ойлауын әрбір адамның жаңа білімді игеруіне, интеллектісі мен ойлау

қызметінің артуына қажетті ықпал ретінде дамыту өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында білім беру мазмұны жанаруда. Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы ретінде қарастырылады. Қазіргі бағдарламада оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына, достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған жұмыс түрлері іске асырылады. Қазіргі таңдағы ұстаздың міндеті – оқушыны зерттеу, икемділігін анықтау, бағыт – бағдар беру, үйрету, қызықтыру және нәтижеге қол жеткізу, ынталандыру. Қажет кезінде ата – анамен тығыз байланыс орнатып, оқушының жұмыстарын көрсетіп, бағыт – бағдар беріп, ақылдасуға болады.

Қабілет дегеніміз не? Ол – адамның бір іс-әрекетті орындауда әрқилы деңгейде көрінетін жеке қасиеті. Оны данышпандар асыл мұраға да теңейді. Өйткені, кез келген адамда ерекше бір көзге түсетін қасиет болады. Егерде сол адам оны қастерлеп, өмірмен біте қайнасып жүруіне үнемі жағдай жасап отырса, иесінің қолынан келмейтін нәрсе жоқ. Мұндай жан бәрібір өзінің алдына қойған мақсатына жетіп, еңбегінің жемісін татады. Олардың өз отбасына да, туған-туысына, қоғамына да тигізетін пайдасы зор. Яғни, адам неғұрлым қабілетті болса, ол соғұрлым қай істі де табысты орындап, сый-құрметке бөленеді. Иә, адамдар үшін өз қабілетін жақсы істерге, ел игілігіне жұмсағаннан артық бақыт жоқ. Тек есте болатын бір жағдай, кейбір адамдарда ерекше бір көзге түсетін бірнеше де қабілет кездеседі. Бұл – Жаратқан Иеміздің сол адамға берген несібесі. Бірақ та біз оны күндемей, өз бойымыздағы қабілетті танып-біліп, оны бағалай, баптай білуге тиістіміз.

Қабілет нышандарын дамыту барысында төмендегі міндеттер іске асқан кезде ғана нәтиже беріледі:

1. Оқушының жеке тұлғасының қалыптасуына жол беру.
2. Жеңілден ауырға қарай жеткізу, жоғарғы жетістіктерге апару.
3. Бала бойындағы қабілет нышандарының қай түрі байқалғанына қарай қабілетін тану, ортаға енгізу, жеке еңбектері мен жұмыстарын көтермелеу.
4. Балаға берілетін тапсырма толығымен, жаңадан өтетін тақырыппен байланысты берілуі керек. Бұл әдіс балаларда бағдарлау реакциясын, ориентация туғызады.

арқылы, олардың бойындағы қабілеттерінің дамуына кең жол аша алады.

В.Д.Эльконин шығармашылыққа мынадай анықтама береді: «Шығармашылық – бұл ерекше тұрғыдағы жасампаздық, жаңадан жасалған нәрсе, бұрынғы нәрселердің механикалық қайталануы емес, өзінің сонылығымен, біртумалығымен ерекшеленетін болса, өзін-өзі куәландыратын, дәлелдейтін болса, онда бұл нәрсені туғызған шығармашылық акт туралы сөз қозғауға болады».

«Шығармашылық» сөзінің төркіні «шығу», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Көрнекі психолог Л.С. Выготский шығармашылық деп жаңалық ашатын әрекетті атаған.

Шығармашылық – ойлау қабілетінің ең жоғарғы қасиеті. Шығармашылық арқылы оқушының жолдасына, өмірге, білімге деген сенімі, көзқарасы өзгереді.

Шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шындығында өзін - өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйрену керек. Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері негізінде қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез келген баланы шығармашылыққа бейімдеуге болатыны көп айтылуда. Адамның шығармашылыққа ынтасы оның өз даралығын, өз қабілеттерін іске асыруға жол ашады. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес, жаратушы да. Адам бойындағы дарындылықты табиғи талантпен шектеліп қалмай, табандылықпен еңбектенуге баулу.

Шығармашыл тұлғаның ерекшелігін И. Андреев «белсенді, шығармашыл тұлға өзімен және қоршаған ортамен қайшылыққа келуге қорықпайды, негізгі ерекшелігі - батылдығы, мәселені қоя және аша білетіндігі, мақсатқа жету жолындағы табандылығы, өзіндік пікірі мен жолы, бай қиялы» деп сипаттайды. Шығармашылығы дамыған тұлғаның ерекшелігі- жалпы зерделілігі, өзіндік ой түйюі, мақсат қоя білетіндігі.

Бастауыш сынып оқушылары жалпы алғыр, шапшаң, сезімтал, ештеңені жасырмай, нені болсада ашық, еркін айтады. Олар мұғалімнің жетегіне тез ілескіш, үлкендердің ой – пікіріне қатты сүйенеді. Сондықтан баланың шығармашылығын дамытуда ұстаз көп еңбек сіңіруі керек. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.

### Әдебиеттер тізімі:

5. Выготский, Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка Л.С. Выготский вопросы психологии, 1966. №6. - 42-56 с.
6. Ушинский К.Д. Избранные педагогические произведения.- М.,1968.140-141С
7. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения.- Москва.,Педагогика,1986.- 275 с.
8. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. Сухомлинский В.А. - Киев: Реденька школа, 1969. -381с.

**Иманова А.Н., Жеңісқызы Д.**

## **СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТА БАСТАУЫШ СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА КӨРКЕМДІК ТӘРБИЕ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ**

п.ғ.м., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А.  
Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
7M01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының магистранты

Сыныптан тыс жұмыс оқушыларға тәрбие беру құралы, сабақтан тыс уақытта ұйымдастырылатын мақсатқа бағытталған іс болып табылады. Сыныптан тыс тәрбие жұмысына барлық оқушылар қамтылуы керек және оған ата-аналар, еңбек ұжымдарының өкілдері, өндіріс орындары, студенттік педагогикалық бөлімдер қатынасады. Негізгі мақсаты оқушылардың бастамалары мен өзіндік іс-әрекеттердің дамуы. Негізгі міндеті - сабақтан соңғы бос уақытты ұйымдастыру процесінде білімнің түрлі салаларына оқушылардың танымдық қызығуын қалыптастыру, әлеуметтік белсенділігін тәрбиелеу, іс-әрекет түрлеріне қажеттіктерін, дарыны мен қабілеттерін дамыту, мамандыққа бағдар беру, қоғамдық мәні жан-жақты дамыған оқушының сапаларын үздіксіз, бірізді тәрбиелеу. Бастауыш сыныптарға сыныптан тыс жұмыс, көп жағдайда, қамқоршы ата-аналар көмегімен сыныптың оқушылар іс-әрекеті төңірегінде жүргізіледі. Сыныптан тыс жұмыс сабақ сияқты уақытпен шектелмегендіктен, оның мазмұнын ұйымдастыру формалары мен әдістерін өзгертіп отыруға мүмкіндік береді. Сыныптан тыс жұмыс оқушыларды көптеген іс-әрекет түрлеріне қатынастыруға, ол іс-әрекет түрлерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдалануға қолайлы жағдай туғызады. Бастауыш мектеп жасындағы балаларды өздері қызығатын, ықыласпен орындайтын істер ғана қызықтырады. Бастауыш мектеп жасында жүріс-тұрыс тәжірибесі қарқынды жинақталады. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімі сыныптан тыс жұмыстарда ынтымақтасу, өзара көмек, достық пен жолдастық қатынасын қажет ететіндей іс-әрекет түрлерін тандап алуы керек. Бастауыш мектеп жасындағы оқушылармен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың түрлеріне тоқталайық. Танымдық іс-әрекет. Сыныптан тыс танымдық іс-әрекет шеңбері оқушылар сабақта алған білімдерін кеңейтетін, қоршаған өмірге қызығуын дамытатын мәселелерді қозғайды. Танымдық іс-әрекетте ұжымдық және жеке жұмыс формаларын бөліп қарауға болады. Ұжымдық сыныптан тыс танымдық іс-әрекетте балалар ұжымы мүшелерінің алдына жалпы танымдық міндеттер қойылады. Сабақтан тыс уақытта оқушылар жаңа білімдерді бірлесе алады, тәжірибе жұмыстарының, қарапайым модельдер дайындаудың нәтижесіне жетеді, түрлі мамандықтар жөнінде мағлұматтар алады. Өз еркімен түрлі ұжымдық-танымдық іс-әрекеттерге қатынасып, оқушылар іс барысындағы тәуелділікке, жауапкершілікке, өзара көмек қатынасына тартылады.

Оқушылардың сыныптан тыс танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруда мұғалім балалардың түрлі жас кезеңдеріне байланысты топтарының танымдық қызығу ерекшеліктерін білуі керек. Бастауыш мектеп жасындағы балаларды қызықтырмайтын нәрсе жоқ. Бұл жастағы балалардың қызығуы шашыраңқы болады. Мысалы, 6-7 жасар балалардың қоятын сұрағы заттар және құбылыстармен алғашқы танысуға байланысты болса, 8-10 жастағылардың сұрақтарынан деректерге, құбылыстарға, олардың мәнін тануға қызығуды көріуге болады. Бұған қосымша бұл жастағы балалар сұрағынан олардың санасына шешімі табылуға тиісті мәселе туындағанын көруге болады. Олар бұл мәселені өздігінен шеше алмауы мүмкін, сондықтан олар үлкендерге иек артады. Олардың танымдық қызығуын талдау нәтижесінде В.А. Сухомлинский әр баланың ойы өзіндік жолмен дамиды, олардың әрқайсысы өзінше ақылды да дарынды деген болатын.

Сыныптан тыс жұмыс барысында балалардың танымдық қызығуы қанағаттандырылып қана қоймайды. Оқушылардың сыныптан тыс танымдық іс-әрекеті формалары мен әдістері олардан себеп-салдарлық байланыстарды талап ететіндей, қарапайым сұрақтардан күрделірек сұрақтарға көшетіндей етіп құрылады.

Оқу барысына қарағанда, оқушылардың сыныптан тыс іс-әрекет формалары көбірек. Балалар байқауларға, викториналарға, әңгімелерге қатынасады, ғылым мен техника жаңалықтары жөнінде баяндамалар тыңдайды, танымдық сипаттағы ойындарға қатынасады, оқылған кітаптар мен көрілген кинофильмдерді талқылайды. Бастауыш мектеп жасындағы оқушылармен жүргізілетін танымдық іс-әрекет формасы қызығу саласына сай клубтық жұмыстар болып табылады. Еңбектік іс-әрекет .Мектептің бастауыш сыныптарының өзінде оқушылардың олардың түсінуіне мүмкін мамандықтармен таныстыру басталады. Олар түрлі материалдармен жұмыстың қарапайым тәсілдерін меңгереді, оқу-көрнекі құралдарын жөндейді, мектепке, балабақшаға, үйге қажетті түрлі бұйымдарды дайындайды. Бастауыш мектеп ұстаздарының тәжірибесі бастауыш мектеп жасындағы оқушылар түрлі еңбектік іс-әрекетке қатынаса алатындығын көрсетеді. Оқушының істі орындауға даярлық дәрежесін ескеріп, мұғалім еңбектің түрін таңдап алады. Сыныптан-сыныпқа көшкен сайын сабақтан тыс жұмыстар түрленіп отырады. Оқушылар оқу құралдарын, таблицаларды ретке келтіреді, түрлі коллекцияларды, гербарийлерді құрастырады, еңбек сабағы үшін табиғи материал жинастырады, т.б. Қамқорға алынған балабақша бөбектеріне, қарттар мен мүгедектерге көмекке келеді, қора-жайларды көгалдандыруға қатынасады. Еңбектік іс-әрекет нәтижесі балалардың қанағаттандыру сезімі, көңіл-күйдің көтеріңкілігін туғызады, оларды жаңа еңбек істеріне жетелейді. Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың еңбектік іс-әрекеті ересектердің еңбегімен кең танысу арқылы жүргізіледі. Бастауыш сынып мұғалімдері балаларды ата-аналарының еңбегімен таныстырады, еңбек озаттары жөнінде баяндайды. Өндіріске фермерлік шаруашылық даласына, мал шаруашылығы комплекстеріне экскурсия жасаудың үлкен тәрбиелік мәні бар. Мұндай экскурсиялар ересектердің еңбектік іс-әрекетіне балалардың қатынасуымен

жүреді. Бастауыш сынып оқушылары еңбектік іс-әрекеттердің қатынасулары болып қана қоймайды, олар мұғалімнің ол істерді ұйымдастырудағы белсенді көмекшілері де бола алады. Ойын. Ойын бастауыш мектеп жасындағы оқушылар үшін әрі өз бетіндік іс-әрекеттің түрі, әрі барлық іс-әрекет түрлерінің міндетті элементі. Ойынның алып күшін кезінде Ян Амос Коменский атап көрсеткеніндей, ойында балалар өз өмірінің ең маңызды жақтарын бейнелейді. Балалар ойынына Н.К.Крупская аса зейін қойып қарады. Бастауыш мектепте балалар ойынына аса зейін қою керек. Себебі, тек ұжымдық ойындарда ғана мақсатқа тиянақты ұмтыла алатын басқаларды соңынан ерте алатын ұйымдастырушы, басшылық ететін балалар тәрбиеленеді. Сыныптан тыс жұмыстарда балалар жасампаздық немесе рөлдік ойындарға ерекше орын береді. Бұл жастағы балалардың ойын іс-әрекеті әрдайым жасампаз болады. Ойында балалар өздерін еліктіретін белгілі бір өнегеге ұқсап бағады. Сондықтан мұғалім балалар ойынына мұқият қарап, олардың орынды өнегеге еліктеуіне жәрдем етуі керек. Оқушылардың ойын іс-әрекетінің құндылығы оның барысында түрлі қиындықтарды жеңуінде, өз тәртібін басқаратынында, батыл, жігерлі және орнықты бола алатындай ойын ұйымдастырылса, ойын өмір мектебі, өз құрдастарының ұжымына еңбек және қарым-қатынас мектебі бола алады. Ойын ұйымшылдық сезімді бекітіп, баланың бастамасы мен өз бетіндігін бекітеді. Спорттық іс-әрекет. Бұл іс-әрекет баланың денсаулығын бекітуге және күш қуатын шынықтыруға бағытталады. Қазіргі мектептің негізгі міндеттерінің бірі – денсаулығы зор жас ұрпақты тәрбиелеу. Бастауыш мектепте оқушылардың спорттық іс-әрекет үйірмелер жұмыстарын, қимыл ойындарын, оқушылар қатарларының байқауын, т.б. өткізуге лайықты гигиеналық жағдай жасаумен байланысты. Спорттық іс-әрекетке қатынасу барысында балалардың бой түзеп өсуі қалыптасады, гигиеналық дағдылар бойына сіңіріледі, еркі мен төзімділігін тәрбиелейді. Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың спорттық іс-әрекеті спорттық мекемелерді, әскери – спорттық ойындарды, көпшілік жарыстарын қамтиды. Спорттық жұмыстардың басым көпшілігіне ойынның қатынасы бар. Мысалы, бастауыш сынып оқушылары оқушылар қатарларының және әндерінің байқауына зор ынтамен дайындалады және қатынасады. Мектепте таза ауада спорттық ойындар өткізіледі. Оқушылар бастауыш сынып мұғаліміне спорттық іс-әрекеттерді ұйымдастыруға көмектеседі. Сонымен, мектеп сыныптан тыс жұмыстарды түрлі іс-әрекеттердің тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдаланып, баланың қоғамдық мәнін мақсатты, жан-жақты және үйлесімді дамытады. Мұғалімдер, оқушылар ұжымы жетекшілері, қоғамдық ұйымдар өкілдері, ата-аналар балаларға өзін көрсете алатын іс-әрекет түрлерін таңдап алу қажет екендігіне кеңес бере алады. Сыныптан тыс жұмыста балалардың жас және жеке ерекшеліктерін есепке алу принциптерінің мәні зор. Осыған сай сыныптан тыс жұмыстың мазмұны, түрі және әдістері өзгеріп отырады. Бұл өзгерістер мұғалімнің тәрбие жұмысы жоспарында орын алу керек. I-II сыныптарда кітап оқу, кино және диафильмдер көру, кітап және кинофильм үзінділерін сахнаға дайындау, III-IV сыныптарда табиғатқа, өндіріске экскурсиялар, модельдеу, мектеп компьютерлерімен, құрылыс материалдарымен, металмен жұмыс,

викториналарға, конкурстарға қатынасу. Осылардың барысында оқушының қылығы мен пікіріндегі жаңа құрылымды есепке ала отырып, мұғалім балалардың ерекшеліктерін тұрақты зерттейді. Сыныптан тыс жұмыс балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере құрылса, олардың әлеуметтік ортадағы кез келген қарым – қатынасын реттеуге болады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

9. Выготский, Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка Л.С. Выготский вопросы психологии, 1966. №6. - 42-56 с.

10. Ушинский К.Д. Избранные педагогические произведения.- М.,1968.140-141С

11. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения.- Москва.,Педагогика,1986.- 275 с.

12. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. Сухомлинский В.А. - Киев: Реденька школа, 1969. -381с.

**Жантемирова М.Б., Жанузакова Б.Т.**

## **ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ**

п.ғ.м., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А.

Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті

7М01101 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты

Тәуелсіз ел тірегі- білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған келесі мәселе - ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі білім, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы мектеп, ал мектептің жаны- мұғалім екендігі баршаға мәлім.

А.Байтұрсыновтың «Мектепке керектері» еңбегінде былай делінген : «Мұғалім қандай болса, мектеп хәм осындай болмақшы. Яғни , мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң , ең әуелі мектепке керегі- білімді, педагогика әдістемеден хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім».

Ұстаз қолында адам тағдыры, болашақ ел тағдыры тұрады, мұғалім өсіп, дамып келе жатқан ұрпақпен жұмыс істейді. Сол жас бүгінгі күннің жаңалығынан сырт қалмай ізденісте болу үшін заман талабына лайық жаңа білім, жаңа тәрбие керек. Мұғалім сөзімен, ісімен, мәдениетімен, білікті білімімен , ұйымдастырушылық қабілетімен, балалармен тіл табысудағы қасиеті мен асқақ , өз кәсібін қадірлеген ұстаз ғана педагогтік мәртебесін биік ұстай алады.

«Маған жақсы мұғалім бәріненде қымбат, өйткені мұғалім мектептің жүрегі»- деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай: қазіргі мектеп

алдындағы міндеттерді шешуде мұғалімнің кәсіптік мәдениеті басты шарт екені аян.

Қазіргі заман өзгерді, қоғам өзгерді, қоғамдық қасиеттер өзгерді ата –ана мен бала психологиясы өзгерді. Олардың сұранысы өте биік. Бүгінгі күні мектеп мұғалімі жан-жақты, әлемдегі жаңалықтардан мағлұматы бар, жаңа оқыту технологиясын меңгерген жаңа формациядағы ұстаз болуы тиіс.

Бүгінгі таңда мұғалімнің ұстаздық тұлғасын қалыптастыру күшеймесе, кеміген жоқ. Білім берудің ұлттық модуліне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, жаттандылықтан аулақ, практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог-педагогтік диагностика қоя білетін іскер, құзіретті мұғалім керек.

Құзырлық дегеніміз- белгілі сападағы жақсы мәліметке ие болуының терең білімі, іскерлік, жеткілікті деңгейдегі білімділік.

Ал хабардарлық, жете білушілік, жетіктік, терең білу құзырлықты білдіреді.

Білім беру жүйесінің жаңа парадигмалары оның дамуының дәл осы кезеңінде педагогикалық қауымдастық қабылдаған, басымды, үлгі ретіндегі теориялық және әдіснамалық ережелердің жиынтығын анықтайды.

#### Кәсіби құзырлылық

Арнайы Өзінің мамандығына сәйкес білімі, біліктілігі, дағдысы, жаңа білім мен білікті өз бетімен меңгеру, өз еңбегінің нәтижесін бағалау, біліктілігінің болуы.

Әлеуметтік Тіл туралы білімінің, коммуникативті мәдениетінің , топтың іс – әрекетке, басқамен ынтымақтастыққа қабілеттілігінің, өзінің іс-әрекетінің нәтижесіне, қоршаған ортасы мен құндылыққа дайындығының болуы

Тұлғалық Өзін-өзі тану бойынша біліктілік, дағдысының, кәсібін үнемі жетілдіруге , өзін-өзі белсендіруге, рефлексияға, кәсіби іс-әрекет тұлғаның дамуына дайындағының болуы.

Кәсіби құзіреттілік- жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекеті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі. Ал мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігіне мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда өз мамандығына байланысты барлық теория мен практиканы меңгеруі, жеке тұлғаны қалыптастыруда яғни оқушылармен жұмыс істеуге бағытталған қабілеттерінің бірлігі. Осыдан кәсіби құзіреттілік ұғымына мұғалімге тән болуы тиіс барлық қасиеттер мен қабілеттер кіретіндігін аңғару қиын емес. Яғни мұғалімнің білім-білік дағдылары, өз мамандығына қатысты білімдер жүйесі , жұмыс істеу шеберлігі, мәдениеті, психологиялық қасиеттері, қарым-қатынас стилі , педагогикалық такт, әдеп т.б. жатқызамыз.

Оқушыларға белгілі бір көлемдегі білім, білік, дағдыларды меңгерту, табиғат, қоғам туралы танымын қалыптастыру, оның жеке бас қасиеттерін жан-жақты дамыту, жоғарыдағы адамгершілік принциптерге тәрбиелеу- бүгінгі күннің басты талабы екенін естен шығармау орынды.



Себебі қазіргі кездегі қоғамдағы болып жатқан өзгерістерді демократияландыру, ізгілендіру процестері баланың еркін дамуын, белсенді, шығармашылық жұмыс жасай алуын талап етеді. Осыған байланысты қоғамның басты тірегі адам- жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі тың тұрғыдан таңылуда оның қалыптасуына әсер ететін факторларда шетте қалмауы тиіс. Атап айтатын болсақ, педагогикада жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына әсер ететін шешуші факторлар: орта, тәрбие, тұқымқуалаушылық.

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін төмендегідей ашып айтар едік.

-іргелі және кіріктірілген білімдердің жоғары деңгейінің болуы-яғни педагогика, тәрбие теориясы мен әдістемесі, дидактика, өз пәнінің жүргізу әдістемесі, сол пән арқылы оқушыларға берілетін терең игеру;

-түйінделген іскерлікті, дағдыны қабілетті меңгеруі- дидактикалық, танымдық, коммуникативтік, зерттеушілік, шығармашылық, өз білімін дамытуға деген қабілет, теория мен практиканы байланыстыра алу қабілеті диагностикалық іс-әрекет. Ғылыми – зерттеу іс-әрекетімен айналысу,

-кәсіптік педагогикалық қасиетке жаңаша көзқараспен қарауы- бұрыннан қалыптасқан « мұғалімнің айтқаны әрқашан дұрыс» деген қағидадан аулақ болып, мұғалім тек ақпарат таратушы ғана болмай, оқушының жеке тұлға болып қалыптасуының басты көмекшісі болу керек, оқушының даму деңгейіне қарамастан, оның тұлғасын құрметтеу, авторитарлық биліктің орнын өзара бірлескен қызмет, көмек, оқушының аз да болса да жетістігіне қуана білушілік басым болуы керек. Оқушылардың әр қайсысын тануға тырысу, өз мамандығын сүю;

-инновациялық технологияларды меңгеру- мектеп мұғалімі өзінің шығармашылық іс-әрекетінің тұтас педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыру үшін қазіргі кездегі бар инновациялық технологияларды меңгеруі. Жаңа-инновациялық технологияларды ғылыми ізденіспен тәжірибе енгізуге өз үлесін қосуы.

Мұғалім қызметінде өз кәсіби құзіреттілігін жетілдіре отырып жетістікке жетудің алғы шарттары: сырт кескін- келбеті;

пәндерді сабақтан тыс ақпараттармен қамтамасыз ету;

мінез-құлқы, пайымдау мүмкіндіктері, оқу процесінде қарым-қатынас мәдениетін сақтай білуі;

өзіл-қалжыңға мән бере білуі;

оқушылардың жеткен жетістіктерін мақұлдай қолдай білуі;

шығармашылық және төзімділік;

басқалардың пікірін сыйлай білуі;

еркіндік, икемділік;

кез-келген жағдайда оңтайлы бағытта шешуге арналған әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана алу;

балалардың қызығушылығына қарай әрекет ете білу дағдысы.

Егер мектеп мұғалімі жоғарыда аталған шарттармен өзін-өзі жетілдіруге арналған мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланса, онда мұғалім өз жұмысының нағыз шебері болатыны даусыз. Қазіргі қоғамға сәйкес жеке

тұлғаны қалыптастыру үшін мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі де сай болар еді.

### **Әдебиеттер тізімі:**

13. Выготский, Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка Л.С. Выготский вопросы психологии, 1966. №6. - 42-56 с.
14. Ушинский К.Д. Избранные педагогические произведения.- М.,1968.140-141С
15. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения.- Москва.,Педагогика,1986.- 275 с.
16. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. Сухомлинский В.А. - Киев: Реденька школа, 1969. -381с.

**Навий Л., Жалмуканова Ш.К.**

### **БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ ОҚУ ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ М. ЖУМАБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИҚАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫН ЕНГІЗУ ЖОЛДАРЫ**

п.ғ.м., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
7М01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының магистранты

Барша ғылым салаларының пайда болуындағы алғы шарт - өмір қажеттігі. Кейін тәрбие идеялары адамдар өмірінде аса маңызды рөл атқара бастады. Себебі әр түрлі қоғамда өсіп келе жатқан ұрпаққа берген тәрбиесіне орай өмір қажеттігі де жылдам немесе шабан дамидыны белгілі. Осыдан тәрбие тәжірибесін топтастыру және қорытындылау, арнайы оқу-тәрбие мекемелерін ұйымдастырып жастарды өмірге дайындаудың қажеттігі туындады.

Ежелгі заманғы Қытай, Үндістан, Египет, Греция тәрізді дамыған елдерде тәрбие жүйесі бір арнаға келтірілді. Алғашқы педагогикалық тұжырымдар сол ғылыми аумақта дүниеге келді.

Барлық заманда адам баласының рухани дамуына және тән-дене дамуында шешуші рөлді халық педагогикасы атқарып келген.

Алғашқы адам тәрбиесіне және тұлға қалыптастыруға байланысты идеялар мен тұжырымдар ежелгі грек ойшылдары Сократ, Платон, Аристотель, Тертуллиана еңбектерінде жарияланған.

Орыс педагогикасын әлемдік деңгейге көтерген ұлы педагог Константин Дмитриевич Ушинскийдің балалар мен мұғалімдерге арналған кітаптары орыс педагогикасының алтын қорына айналды.

Қазақ халқында да осындай оқу- ағарту ісінде еңбек еткен ұлы тұлғаларда болды. Соның бірі де алаштың маңдайына біткен азаматы, өз

заманың қайталанбас бір турар тұлғасы, халқының патриоты, этнопедагогиканың негізін салушы ақын- Мағжан Жұмабаев еді.

М. Жұмабаев өзінің қамшының сабындай қысқа өмірінде нағыз поэзия биігіне самғаған, оның асқар асуларынан өлшеусіз нәр алған біртуар зиялы қайраткер бола білген. Мағжан алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған жоқ. Мағжан жүректің қобызын шерте білген ақын.

Мағжан не жазса да сырлы көркем сәнді жазды. Мағжан - елдің патриоты, қазақ баласы.

Мағжан тұңғыш педагогикалық оқулықтар жазып қалдырған. Ол жазған «Бастауыш мектепте ана тілі» 1925, «Сауатты бол» 1926, «Педагогика» 1922 атты оқулықтары педагогика және әдістеме ғылымдарына қосқан үлесі болып табылады. «Бастауыш мектепте ана тілі» еңбегінде ол төрт жылдық бастауыш мектептің әр жылына сәйкес ана тілі бойынша бала тілін дамыту үшін жүргізілетін жаттығулар, қалыптастырулар дағдылар жүйесін жасап ұсынды. Мағжан Жұмабаев ана тілінің мектептің дәл төрінен орын ала алмай жатқанын, мектебімізде ана тілі әлі дұрыс негізге құрылмағанын айта келіп, «Осы күнгі мектеп баласы ана тіліне өзінің тілі емес, мұғалімнің тілі»-деп қарайды. Мектептің міндеті – бір жақтан хат таныту болса, екінші жақтан баланы дұрыс сөйлетуге үйрету. Балаға дұрыс тәрбие беру үшін оны әдебиетпен таныстыру және баланы түсініп, ұғып оқуға үйрету керектігін айтқан.

Мағжанның жоғарыда аталған «Педагогика» атты ғылыми еңбегі он бес бөлімнен тұрады. Мағжан өзінің осы педагогикасын он төрт ірі бөлімнен құрып, әр бөлімінде педагогика ғылымын жан - жақты саралап, болашақ ұрпақ тәрбиесін беруде таптырмас көмекші құрал ретінде қалдырған.

Мағжан Жұмабаевтың педагогикасының мақсаты: 1. Ақыл тәрбиесі, 2. Құлық тәрбиесі. 3. Сұлулық тәрбиесі. 4. Дене тәрбиесі.

Ағартушы еңбегі төрт бағытта жүргізілді. Оқу, жазуға үйрету, емлеге дағдыландыру, жазбаша сөзді өркендету, баланың ұғымына лайық ауызша және жазбаша әдебиет түрлерімен таныстыру, ұғып дағдыландыру. Автор осы тәрбиенің төрт түрін тәпшітеп түсіндіре келіп, былай дейді: Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгіл болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы ... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...»-деу арқылы М. Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап берген.

Мағжан Жұмабаев өзінің мәдениет, сұлулық, ізгілік туралы ойларын «Құлық сезімдері» деген бөлімде одан әрі дамыта түседі. Ол қазақ халқына басқа халықтың жақсысын үйрен, сөйтіп көтеріл дейді. «Басқа халықты, жалпы адамзатты сүйе біл деген өсиет айтады. «Адам шын ізгі адам боламын десе, халық ісі, халыққа пайдасы жолында құрбан бола білсін»,- дейді. Ол қазақ халқын өнер - білімге тек өзінің педагогикалық еңбектерімен шақырған жоқ. Ең

алдымен өзінің өлеңдерінде халықты сауаттылыққа, оқу оқып, білім алуға үндеді.

Педагогика пәнін ол 5-ке бөліп қарастырды: 1. Жалпы педагогика. Адамның дене һәм жан күштерін тәрбие қылу жолдарын көрсетеді. 2. Дидактика. Оқытудың негізгі жолдарын көрсетеді. 3. Методика . Оқытудың негізгі жолдарына негіздеп, белгілі бір пәнді қалай оқыту керек екендігін үйрететін пән қазақ тілінің методикасы деп аталады. 4. Мектепті басқару. Бұл пән мектеп қалай салынуға, қалай басқарылуға тиісті, сынақтарға шәкірттерді қалай бөлу керек, оқу уақытын қалай белгілеу керек. Осындай мектеп құрлысы жолдарын көрсетеді. 5. Педагогика тарихы . Түрлі заманды түрлі тәрбиеге адамзат қалай қараған, қандай жолдармен жүрген, тәрбие дүниесінде қандай білімпаздар өткен, олар қандай жаңа жолдар тапқан. Педагогика тарихы осыларды баяндайды.

Мағжанның Педагогика оқулығын оқи отырып мынандай ой түйіндейміз: ғылым ұлттық болмысымыз бен сана - сезімге жақын этнопедагогика, психология принциптерін негізге ала отырып жазған. Аталған еңбекті сараптай келе өткен ғасырдың 20 – шы жылдарда педагогикалық – психологиялық тракттата айтылған ойлар бүгінгі тәуелсіз мемлекетімізді дамытуда , әсіресе ұлттық байлығымызды пайдаланып, оны қажетімізге жаратауға таптырылмас мұра болып отыр. Ұлы М. Жұмабаевтың еңбектеріндегі ұстаздық –тәлімгерілік идеялары біз үшін өте құнды дүние. Өз өлеңдерінде қазақ арасындағы әр түрлі келеңсіз мінез-құлықты, әрекетсіздік пен жалқаулықты, сауатсыздықты сынайды. Елін білім алуға, өнер үйренуге шақырады. Мағжанның ағартушылық сарындағы өлеңдерінің арасында ел мен жер тағдырына алаңдаушылық жатады. Ақын туған елін сүйді, туған жерінің әрбір пұшпағын жүрегіне жақын тұтты. Ол :

Басқа жұрт аспан –көкке асып жатыр,

Кілтін өнер-білім ашып жатыр , -дей келіп, қазақ арасында мұндай ұмтылыстың әлі де жоқ екеніне өзегі өртенді. Мағжанның азаматтық парасатынан туындаған арман-мақсаттары бұдан әлдеқайда биік. Туған халқы туралы айтқанд, оның кешегі өткен жолын еске алады, оны бүгінгі жағдайымен салыстырады. Оныменде шектелмей, ақын жалпы түріктік идея көтереді. Түрік тектес халықтардың бәрінің болашағынан үміт күтеді, жалпы Шығысты пір тұтады.

Автордың туған халқының тәлім – тәрбиелік бай мұрасын игеру жөніндегі бағыт-бағдары да құптарлық. «Ұлт тәрбиесі-деп жазды ол, -баяғыдан бері сыналып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесі мен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті» деген.

Мағжан орыс педагогикасының атасы К.Д.Ушинскийше, педагогиканың жан сырын терең зерттейтін психология ғылымы мен байланыстыра қарастырып, қазақтың халық педагогикасын ғылыми тұрғыда зерделеп, болашақ ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне қажетті құнды дүниелер қалдырып кеткен.

Қазақстан бүгінгі демократиясы дамыған , өркениетті елдер қатарынан бағыт ұстап отыр.Еліміздің Президенті ұсынған « Қазақстан -2030» жолдауында еліміздің болашағы жастар, бүгінгі мектеп оқушылары . Бүгіннен бастап олардың бойына ұлттық рухты сіңіре отырып, Отанымызға шынайы патриоттарын, мәдениетті, білімді, парасатты, бауырмал, ізгі ниетті адал азаматтарын тәрбиелеп шығу қоғамның басты парызы. Мағжан педагогикасы қазіргі заман білім беруінің кілті, негізі. Жаңа ғасыр мектебін қалыптастыру үлкен ойлылықпен,іскерлікпен шешілетін мәселе. Тәуелсіз ел мектебін құруда Мағжанның тәрбиелік идеяларын қолдағанымыз жөн.

### **Әдебиеттер тізімі:**

17. Выготский, Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка Л.С. Выготский вопросы психологии, 1966. №6. - 42-56 с.
18. Ушинский К.Д. Избранные педагогические произведения.- М.,1968.140-141С
19. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения.- Москва.,Педагогика,1986.- 275 с.
20. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. Сухомлинский В.А. - Киев: Реденька школа, 1969. -381с.

**Стукаленко Н.М., Даниленко А.В.**

## **ФУНДАМЕНТАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ САМООЦЕНКИ ЛИЧНОСТИ**

Кокшетауский университет им.Абая Мырзахметова  
Магистрант образовательной программы7М01101 Педагогика и психология

Известно, что психологическим фундаментом развития личности, способной найти свое место в мире, является адекватная самооценка. Самооценка является важнейшим личностным образованием, которое обусловлено особенностями жизнедеятельности личности и начинается она формироваться в раннем возрасте. Особое значение для процесса формирования самооценки имеет период младшего школьного возраста. Именно на этом возрастном этапе появляются психические новообразования, расширяются виды деятельности и социальные контакты, которые создают условия для того, чтобы в дальнейшем самооценка стала дифференцированной, адекватной, обобщенной и устойчивой. Фундаментальные проблемы формирования самооценки личности исследовались в работах таких отечественных психологов и педагогов, как Л. И. Божович, Л. С. Выготский, А. В. Захарова, И. С. Кон и др. В работах В. С. Мухиной, И. И. Чесноковой и др. самооценка рассматривается как составляющая самосознания личности. Исследования А. И. Липкиной, М. И. Лисиной, Д. Б. Эльконина и др. позволили

выявить некоторые особенности самооценки детей школьного возраста и педагогические основы ее формирования. Младший школьный возраст определяется этими авторами как важный этап личностного развития и формирования самооценки как устойчивого, внеситуативного и вместе с тем дифференцированного отношения ребенка к себе. В последнее десятилетие появились диссертационные исследования, посвященные проблеме формирования самооценки младших школьников, их способности к рефлексии, саморазвитию и оценочной деятельности. Это работы М. Н. Андреевой, А. Б. Лариной, Е. А. Ральковой, Е. В. Сергеевой, И. А. Симоненко, И. Е. Сюсюкиной, А. Т. Фаттулаевой и др. Таким образом, существует проблема, заключающаяся в необходимости разрешения противоречия между объективной потребностью формировать самооценку младших школьников (декларируемую во ФГОС НОО) как фактора достижения личностных результатов образования и отсутствием научно обоснованных путей и средств реализации данного процесса, адаптированных к использованию в современных организациях общего образования. Цель— разработка, теоретическое обоснование, педагогических условий формирования самооценки младших школьников как фактора достижения личностных результатов образования. Уточнение содержания ключевого понятия исследования «самооценка младшего школьника как фактор достижения личностных результатов образования» потребовало рассмотрения цепочки понятий: «оценка», «самооценка», «самопознание», «самосознание», а также выявления психолого-педагогических особенностей младшего школьника, которые способствовали бы успешному формированию у них самооценки. Историческая справка, представленная в первом параграфе первой главы, и анализ литературы, позволяют сделать вывод, что самооценка личности является психологической и педагогической категорией, а проблема ее формирования у младших школьников — актуальной и слабо разработанной. Исследования известных психологов (Б. Г. Ананьева, Л. С. Выготского, Л. И. Божович, А. Н. Леонтьева, М. И. Лисиной и др.), свидетельствуют о том, что самооценка (т.е. оценка личностью самой себя, своих качеств и др.) — это стержневое образование личности, представляющее собой обобщенные (то есть устойчивые, внеситуативные) и дифференцированные результаты познания личностью себя, своих действий и их результатов, мыслей, чувств, морального облика и интересов, идеалов и мотивов поведения и эмоционально-ценностных отношений к себе. Самооценка личности является регулятором поведения и в целом всей жизни человека. Основными психологическими механизмами формирования самооценки являются идентификация, рефлексия, дифференциация. Как педагогическая категория самооценка личности формируется в общении и деятельности, она складывается преимущественно на основе сравнения себя с другими людьми и на основе оценок других. Познание своих особенностей осуществляется через познание особенностей другого человека, сличение, дифференциацию, самоанализ (Е. З. Басина, С. А. Курносова, А. Б. Ларина, В. В. Столин и др.). Самооценка является ведущим компонентом произвольной саморегуляции, определяет направление и уровень

активности человека, его отношение к миру, к людям, к самому себе. Являясь механизмом саморегуляции, она задействована во всех сферах жизнедеятельности человека: в поведении, в познании, в общении; обеспечивает различные стратегии в осуществлении тех или иных деятельностей и в решении разного рода задач; влияет на построение взаимоотношений с другими людьми, способствует осуществлению самоопределения, самовыражения и самореализации; определяет построение жизненных стратегий, при необходимости выполняя функцию психологической защиты и функцию сохранения внутренней стабильности и согласованности «Я». Согласно этой теории ребёнок приходит в мир, обладая естественными, данными от природы психофизиологическими функциями. Л. С. Выготский доказывает, что развитие человека как сознательной личности является результатом взаимодействия и общения ребёнка с другими людьми. Анализ его работ показывает, что «высшие психические функции основываются на овладении собственным поведением. Мы только тогда можем говорить о формировании личности, когда имеется налицо овладение собственным поведением». По мнению А. Р. Лурия, поведение индивида идентично социальному поведению. «Высший, фундаментальный закон психологии поведения заключается в том, что мы ведём себя по отношению к самим себе так, как мы ведём себя по отношению к другим. Существует социальное поведение по отношению к самому себе, и, если мы усвоили функцию командования по отношению к другим, применение этой функции к самому себе представляет, в сущности, тот же самый процесс». Как показывают многочисленные исследования Ж. Пиаже, Э. Риньяно и др., осознание собственных психических операций проявляется у ребёнка относительно поздно. Если в раннем детстве самовосприятие ребёнка неосознанное, эмоциональное, то позднее он начинает ориентироваться на конкретные оценки взрослых. Оценки, которые дают детям их родители, формируют образ «Я». Постепенно складывается представление о себе как отвечающего определённым требованиям взрослых или не соответствующего им. Эти требования выражаются различными способами. Родители могут внушать ребёнку его образ «Я» через категорические однозначные суждения или косвенно через поведение, стиль отношений. Образ «Я» может складываться и через подражание другим.

### **Список литературы:**

1. Андреева, Н.Г. Логопедические занятия по развитию связной речи младших школьников. В 3 частях. Часть 2 / Н.Г. Андреева. - М.: Книга по Требованию, 2014. - 248 с.
2. Боровская, И.К. Развиваем пространственные представления у детей с особенностями психофизического развития. Часть 1 / И.К. Боровская. - М.: Книга по Требованию, 2014. - 701 с.
3. Брежнева, Е.А. Хочу все знать. Рабочая тетрадь по развитию речи детей старшего дошкольного возраста с методическими рекомендациями. Часть 1 / Е.А. Брежнева. - М.: Книга по Требованию, 2015. - 164 с.

**Корягина О.В, Бисембаев К.Б.**

## **ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ СТУДЕНТА**

Бисембаев Курманбек Бекболатович

Кокшетауский университет им.Абая Мырзахметова

Магистрант образовательной программы 7М01101 Педагогика и психология

«Школа выполняет просветительские функции, а среда только мешает педагогическому кол-лективу». Подобное мнение ограничивает диапазон педагогических воздействий доступных школе и приводит к концентрации на собственных частных интересах.

□ Школа воспринимает окружающую среду как источник возможностей для педагогической деятельности («Школа жизни»). С этой точки зрения детский сад и школа должны стать более приближенными к реальностям социума, акцентируя внимание на индивидуальном опыте ребенка, приобретаемого им в процессе жизни и обучения [2, с. 170].

Данная позиция актуализируют роль компетентности будущих учителей (студентов) и педагогов в пространстве непрерывного образования, требуя от них не только передавать знания в рамках формального образования но и прививать ученикам навыки и умения исследования и экспериментирования, анализа и переработки индивидуального опыта.

Данная позиция оказала большое влияние на педагогику в целом и объективно указывала на слабые места школы «формального обучения» [2, с. 181].

Мнение С.Т. Шацкого можно воспринимать как повышенное требование к компетентности педагогов к их способности вовлечь школьников в формирование собственной жизни в трех направлениях: эмоциональном, исследовательском, производственно-строительном. Он писал: «Мы имеем новую организацию народного образования, которая выходит из состояния ведомственного к массовым формам. ...» [2, с. 87].

Следствием влияния идей гуманистической педагогики на школьное образование можно считать изменение оценки личности ученика как главной ценности образования, повышением внимания к формированию его личности объединение школьного образования с окружающей средой для объективизации личного опыта учеников. «Школа работает в окружающей среде, ... школа признала, что процессы воспитания независимо от нее протекают в окружающей среде и создают возможности очень устойчивых влияний» [2, с. 183].

20-е - 30-е годы двадцатого столетия стали важным этапом в истории развития педагогической науки и имеют особое значение для становления педагогики воспитания [3, с. 18].



Именно к концу 30-х годов происходит сдвиг в ценностных оценках личности ученика. Ребенок становится не только объектом воспитательной деятельности, личные жизненные потребности выходят за границы окольного образования, именно поэтому школа в отрыве от окружающей среды не способна исправить недостатки в воспитании детей, более того, усугубляет их [3, с. 19].

Изолированность советского государства от остального мира в течение нескольких десятилетий разрушила научные связи советских ученых с коллегами из многих стран, и был накоплен значительный научный потенциал знаний.

Необходимость не только освоить зарубежный опыт, но и переосмыслить его применительно к сегодняшней действительности стала актуальной задачей.

Потребности практики вызвала необходимость систематизации общих принципов, основных категорий научного знания.

Идея тех лет, что школа должна обладать «человеческим лицом», забота о нуждах школьника отводит в воспитании школьника ей новую роль и усиливает важность формирования компетентности будущих учителей (студентов) и педагогов.

Опираясь, на историю педагогики в настоящее время мы считаем, что компетентность будущих учителей (студентов) и педагогов в пространстве непрерывного образования должна начинаться с социально-педагогического и социально-психологического исследования «поля» класса.

Современная школа через сформированную компетентность будущих учителей (студентов) и педагогов в пространстве непрерывного образования создаст основу для заинтересованной работы с родителями по воспитанию у школьников индивидуальности и оказании помощи им в самоутверждении как личности.

Именно к концу 30-х годов происходит сдвиг в ценностных оценках личности ученика. Ребенок становится не только объектом воспитательной деятельности, личные жизненные потребности выходят за границы окольного образования, именно поэтому школа в отрыве от окружающей среды не способна исправить недостатки в воспитании детей, более того, усугубляет их [3, с. 19].

Изолированность советского государства от остального мира в течение нескольких десятилетий разрушила научные связи советских ученых с коллегами из многих стран, и был накоплен значительный научный потенциал знаний.

Необходимость не только освоить зарубежный опыт, но и переосмыслить его применительно к сегодняшней действительности стала актуальной задачей.

Потребности практики вызвала необходимость систематизации общих принципов, основных категорий научного знания.

Идея тех лет, что школа должна обладать «человеческим лицом», забота о нуждах школьника отводит в воспитании школьника ей новую роль и усиливает важность формирования компетентности будущих учителей (студентов) и педагогов.

Опираясь, на историю педагогики в настоящее время мы считаем, что компетентность будущих учителей (студентов) и педагогов в пространстве непрерывного образования должна начинаться с социально-педагогического и социально-психологического исследования «поля» класса.

Современная школа через сформированную компетентность будущих учителей (студентов) и педагогов в пространстве непрерывного образования создаст основу для заинтересованной работы с родителями по воспитанию у школьников индивидуальности и оказании помощи им в самоутверждении как личности.

### **Список литературы:**

1. Андреева, Н.Г. Логопедические занятия по развитию связной речи младших школьников. В 3 частях. Часть 2 / Н.Г. Андреева. - М.: Книга по Требованию, 2014. - 248 с.

2. Боровская, И.К. Развиваем пространственные представления у детей с особенностями психофизического развития. Часть 1 / И.К. Боровская. - М.: Книга по Требованию, 2014. - 701 с.

3. Брежнева, Е.А. Хочу все знать. Рабочая тетрадь по развитию речи детей старшего дошкольного возраста с методическими рекомендациями. Часть 1 / Е.А. Брежнева. - М.: Книга по Требованию, 2015. - 164 с.

**Рақымжан Ә.Қ., Аймагамбетова Ж.Р.**

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН КӨТЕРУГЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ**

п.ғ.м., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А.  
Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
7М01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының магистранты

Қоғамдық жаңарту кезеңінде Қазақстандағы әлеуметтік саяси, экономикалық қатынастардың сипатының өзгеруі өз кезегінде қоғамдық білім, тәрбие институттарының да жұмыс бағыты мен мазмұнына жаңа талаптар қойып отыр. Бұл дегеніміз қоғамдағы мектеп, отбасы орны, оның басты міндеті – бала тәрбиесінде болған көзқарасты өзгертіп жаңа тұрғыдан тану мәселесін туындатты. Қазіргі кезде жеткіншек тәрбиесін қадағалау педагогикалық – психологиялық мәселе болып отыр. Отбасында өз баласын қандай етіп тәрбиелеуді өздері алдын-ала белгілейді. Отбасында өз баласын қандай етіп тәрбиелеуді өздері алдын-ала белгілейді. Отбасы тәрбиесінде қолданатын әдістер де өзгеше екені белгілі [1].

Психологиялық мәселелердің бірі, онсыз оқыту мен тәрбиелеудің міндеттерін дұрыс шешу мүмкін емес болып келетін, бұл адам қажеттіліктері

мен мотивтердің құрылу мәселесі. Көбінесе, кіші жастағы оқушыларда ғана оқуға қызығушылық болмайды. Сонымен де орта және жоғары сыныптарда болмады. Оқу-танымдық мотивтердің амоффорттілігі, қалыптаспауы-оқушылардың оқу материалын меңгеруде қиындық келтіреді және оқу іс-әрекетін толық иеленуге кедергі болады. Оқу мотивациясының мәселесі өте өзекті болып келеді, өйткені мектепке аяқ басатын әр бала интеллектуалды, психикалық, физикалық және ішкі отбасы өмірінде өзінің спецификасы бар. Олар мектепте қандай мотивация түрімен келетіні осыған байланысты. Кіші мектеп жасы – оқуда жағымды мотивацияның құруының маңызды аралығы болып табылады. Дәл осы кіші мектеп жасында негізгі оқу іс-әрекетінің компоненттері қалыптасып, оқушылардың мотивациялы қажеттіліктері ортасы қайта құрылуы-көптеген психологиялық жағдайлармен және себептермен анықталады. Бұл жағдайлар мен себептер қатарында әлеуметтік психологиялық факторлар мен балалардың өзара қатынасының ерекшеліктері және оның референтті тобы ерекше орын алады. Референттілік-психологиялық-педагогикалық зерттеудің маңызды объектісі болып келеді, өйткені кез-келген топқа жүргізуші әсер етеді, бірі әсерлерге аса сезгіш сезімталдықты тудырса, ал басқаларына төзе алушылықты тудыртады [2].

Оқу мотивациясы өте күрделі, кең түсінік және әртүрлі авторларда оның әртүрлі трактовкалары бар. В.Г. Асеев [3] мотивация түсінігіне “барлық қоздырғыштарды: мотивтерді, қабілеттерді, қызығушылықтарды, мақсаттарды, мотивациялық міндеттерді немесе диспозицияларды, идеалдарды және т.б.” жатқызады. П.М. Якобсон мотивтер болып тек болашақ туралы түсініктерінің идеалдар, қызығушылықтарды ниеттері пайда болатын психикалық көріністер ғана болады деген. А.И. Божович [4] оқу іс-әрекетінің мотивін-бұл іс-әрекеттің мақсатқа бағытталуынан қарағанда іс-әрекеттің не үшін жүзеге асатыны түрінде анықтайды.

Оқу мотивациясы – балаларды жемісті танымдық әрекетке, білім мазмұнын белсенді меңгеруге итермелейтін әдістер, құралдар, үрдістерінің жалпы атауы. Жеке тұлғаның жағдайларын және қатынастарын өзгерту үрдісі ретінде мотивация тұлғаны іс-әрекетке итермелейтін себептер, нақты күштер түрінде түсінілетін мотивтерге негізделеді. Мотивтерді баланың іс-әрекет пәніне қатынасы, осы іс-әрекетке бағытталуы ретінде де түсінуге болады. Мотивтер қажеттіліктер мен қызығушылықтар, ұмтылыстар мен эмоциялар, ұстанымдар мен идеалдардың өзара байланысы ретінде көрінеді. Сондықтан мотивтер – шешімдер қабылдау мен таңдау, альтернативаларды талдау мен бағалау жүзеге асырылатын динамикалық жүйе түріндегі өте күрделі құрылым. Мотивтер әрқашанда кешен түрінде көрінеді және педагогикалық үрдісте біз тек бір ғана мотив түрімен жұмыс істемейміз. Мотивтерді мұғалімдер мен балалар әрқашанда саналы сезе бермейді.

И.П. Подласый мотивтерді жалпы екі танымдық және әлеуметтік тобына бөліп қарастыруды жөн көреді. Егер бала оқу үрдісінде оқылатын пәннің мазмұнына бағытталған болса, онда танымдық мотив туралы айтуға болады. Себебі ол бала сол оқу пәнін меңгергісі келеді. Егер балада оқу барысында басқа

адамға бағытталғандығы басым болса, онда әлеуметтік мотивтер туралы айтылады. Оның айтуы бойынша танымдық мотивке мыналар қатысты:

1. Мазмұнымен қызықтыру
2. Үрдіспен қызықтыру
3. Қызығушылық

Әлеуметтік мотивке:

1. Кең көлемді әлеуметтік түрткі себептер
2. Мәртебелік қызығушылық.
3. Тар әлеуметтік түрткі мотивтер (мұғалімдер мен ата-аналар түрткісі).

Танымдық мотивтер де, әлеуметтік мотивтер де әр түрлі деңгейде болуы мүмкін [5].

Сыртқы мазмұны оқу мотивтерімен ешқандай байланысы жоқ гетерогенді мотивтер престижді және «мәжбүрлеуші» (жазалау арқылы үрейлендіру) болып бөлінеді. Соңғылардың егер ықпалы күшті болса стресстік жағдайларды туындатады, балалардың ойлауына кері әсерін тигізеді. С.А.Мусатовтың мәліметтері бойынша оқу тапсырмаларын орындауға итермелейтін «санкциядан қашу» мотивтерінің мәні 3-сынып соңына қарай күшейеді. Сонымен бірге бұл кезде оқу пәндерінің мазмұнына деген қызығушылық төмендейді.

Сонымен бірге зерттеулер кіші балалардың өздерінің оқу мотивтерін саналы түсінбейтіндігін көрсетеді. Мысалы, кіші мектеп жасындағы балалардың «білінетін» мотивтері оларды оқу іс-әрекетіне итермелейтін шыни мотивтерге сай келмейтіндігін көрсетеді. 2-3 сынып балаларының «білінетін» мотивтерінің диапазоны өте кең, оған танымдықпен қатар әлеуметтік мотивтер де кіреді. Алғашқы үштікке мыналар кірді: «көп білгім келеді», «жаңаны білу қызықты», «жақса баға алғым келеді». Оның мәліметтеріне орай соңғы орындарда «барлығы оқиды», «жазалағанды қаламаймын» тұр.

Кіші мектеп балаларының оқуға мотивациясын зерттеуде Т.А.Матис мынадай қызықты эксперимент жүргізеді. Дәстүрлі оқыту жүйесі «мұғалім-бала» және «бала-бала» жүйесі бойынша кіші балалардың белсенділігі мен оқу танымдық мотивациясы салыстырылады. Мұнда өзара көмек пен өзара әрекет оқу жұмысының барлық кезеңдерінде жүргізіледі: оқу тапсырмасын орындау тәсілін таңдау мен орындауда, жұмыс нәтижелерін қадағалау мен бағалауда. Екінші жағдайда балалардың оқу-танымдық мотивациясының артқандығы байқалды. Бұл мәліметтер балалардың бір-біріне көмектесуінде мұғалімге қатаң позициядан бас тартқандығы дұрыс болар деген ой туындатады. Мүмкін құпия көмекті ашық ұжымдық жұмысқа айналдырса қалай болар екен?...

Қорыта келгенде балалардың оқуға теріс қатынасы олардың мотивтерінің тарлығы және кедейлігі, жетістікке жетуге қызығушылықтың төмендігі, бағаға бағытталу, мақсат қоя алмау, қиындықты жеңуге, оқуға ұмтылысының болмауы, мұғалімдерге, мектепке теріс қатынасынан көрінеді.

<sup>2</sup>7M01101 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистрі  
Семей қаласы, «Alikhan Bokeikhan University» ББМ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Білім – Ғылым – Инновация» сынды талапшыл ұштаған билік құратын жаңа постиндустрия кеңістігіне қадам басып келе жатқандығымызға, бүгінгі жастарға өте терең білімнің құзыреттілікпен байланысы қажеттілігін ерекше маңыз бере отырып, атап көрсетті. Қоғамда өмір сүруге қабілетті болуға дайындауда басшылыққа алынатын «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты құжатта жастарға білім беру сапасын арттыруға әлеуетті серпін береді.

Мұндай серпін және білім сапасы өздігінен келмейді, ол оқушылардың, студенттердің күн сайынғы табанды еңбегінің, білімді өз бетінше белсенді ізденіп алуының ықыласы мен ынтасының, ата-ана мен ұстаздардың қамқорлықтарына құрмет сезімімен қараудың жемісі.

Бұл тармақшада осы маңызды мәселелерді қарастырған ғалымдар еңбектері мен мемлекеттік деңгейдегі нормативті –құқықтық құжаттарға талдау жасау, сонымен бірге Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жолдауларын басшылыққа алу нәтижесінде студенттердің толеранттылығын қалыптастырудағы («интеграция», «толеранттылық», «интолеранттылық») ұғымдарының мәні, олардың өзара байланысы ашып көрсетілді.

Қазіргі кезде интеграция және жаһандану мәселелері жаңа әлеуметтік қарым-қатынас толеранттылыққа көшуді міндеттеп отыр. Осыған сәйкес, интеграция негізінде студенттердің толеранттылығын қалыптастырудағы «интеграция», «толеранттылық», «интолеранттылық» ұғымдарының мәндік сипаттамасын ашуға тырыстық.

Интеграция ұғымы соңғы кездері қоғамда болып жатқан әлеуметтік - экономикалық өзгерістерге байланысты өте жиі қолданғандығын байқауға болады. Бірақ, оның түсінігі әртүрлі сипатта болғандықтан, бұл терминді этимологиялық жағынан қарастыруды жөн көрдік.

Жалпы мағынада, «интеграция» деген ұғымның шығу төркіні латын сөзі «integer» - бүтін және бөлінбейтін, байланысқан, біріккен деген ұғымды, ал, қазақша мағынасы қайта құру, толықтыру дегенді білдірсе, «integret» сөзі «бүтін» деген мағынаны білдіреді. Соңғысы екі мағынада қолданылады бөліктерді бүтінге біріктіру, бір типтес қоғамдық мемлекеттердің ұлттық шаруашылықтарын біріктіру, бір-біріне ыңғайластыру үдерісі. Бұдан интеграция ұғымы барлық салаға қатысты екендігін білеміз.

Ғалым М.Г.Чепиков интеграция ұғымына біршама толық мынадай анықтама береді: «Интеграция – бұл бір ғылыми теорияны екінші біреуінде

қайталау емес, олардың (ғылымдардың салыстырмалы дербестігін сақтай отырып) күшейе түскен өзара әсерлесуі мен өзара енісуі». Ол басқа да авторлар сияқты «синтез» бен «интеграция» ұғымдарын айырып бермейді және бұл ұғымдар арасындағы маңызды айырмашылықты қарастырмайды. Мысалы, ол: «Интеграция және синтез ғылымдардың әртүрлі элементтерінің өзара енісуі, бірігуі, білімдердің біртұтас бірігуі».

«Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясында» интеграция (лат. «*inegratio*» - қалпына келтіру, толықтыру) экономикалық субъектілерді біріктіру, олардың арасындағы байланыстарды дамытып, өзара ынтымақтастықты іс-қимылын тереңдету деп анықтама берілген.

Шетелдік сөздер сөздігінде «интеграция кез-келген бөліктердің тұтасқа бірігуі» деп түсіндіріледі [2]. Сонымен қатар, интеграция ғылымның белгілі бір саласына байланысты болады деп айтылады.

Енді, ғылыми философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде «интеграция» ұғымына берілген анықтамаларға назар аударайық.

Қазіргі кезде бұл түсінікке көптеген анықтамалар берілуде. «Үлкен кеңес энциклопедиясында» интеграция түсінігі теориялық жүйе шеңберінде қарастырылады. Нақтырақ айтқанда, «теориялық жүйе түсінігі, жекелеме дифференциалды бөлшектердің бірігуімен байланысты жағдайды білдіретін, сондай-ақ, сол жағдайға әкелетін үдеріс...».

«Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясында» интеграция (лат. «*inegratio*» - қалпына келтіру, толықтыру) экономикалық субъектілерді біріктіру, олардың арасындағы байланыстарды дамытып, өзара ынтымақтастықты іс-қимылын тереңдету деп анықтама берілген [4].

Шетелдік сөздер сөздігінде «интеграция кез-келген бөліктердің тұтасқа бірігуі» деп түсіндіріледі [2]. Сонымен қатар, интеграция ғылымның белгілі бір саласына байланысты болады деп айтылады.

Ғалым-педагог А.А.Бейсенбаева мен оның шәкірттері Г.Мендіғалиева, Г.К.Шолпанқұлова өз еңбектерінде интеграцияны «ғылым мен практиканың кірігуі» ретінде қарастырады [4]. Олардың пайымдауынша, ғылым мен практиканың интеграциясын генетикалық қағида деңгейінде пайдалану сапалы жаңа жоғары жүйе ретіндегі интегралды білімдік кеңістікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ғылымдар интеграциясының ерекшеліктерін талдау оқыту үдерісінде айқын көрініс табатын жалпы тенденцияларды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Олар ғылымдардың дамуын барлық аспекті де сипаттайды: білім жүйесінде, жаңа, шекаралық ғылымдардың пайда болуы, зерттеудің кешенді бағыт алуы; іс-әрекеттер жүйесінде, ғылымаралық синтез тәсілдерін қалыптастыра отырып, әдістерді ғылымның бір түрінен екіншісіне көшіруді күшейту; ғылымның қоғамдық сананың басқа формаларымен қатынас жүйесінде, ғылымның аралас саласының техникалық маңызын арттыру; ғылымды ұйымдастыру жүйесінде, әр түрлі ғылым өкілдерінің ынтымақтастығын, ұжымдық шығармашылығын, кешенді зерттеушілігін дамыту.



Ал бұл педагогикалық теория мен практика арасында сапалы байланыс құру үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл тұста, интеграция – интеграцияланатын құбылыстар мен үдерістердің әрекет етуін өзгертетін және сапалы жаңа аспектілердің қалыптасуын туғызатын әр текті және тәуелсіз құбылыстар мен үдерістердің арасындағы байланыстар мен өзара байланыстардың пайда болуымен сипатталатын тұтастықтың қалыптасу үдерісі ретінде түсіндіріледі.

Философиялық тұрғыдан интеграция – «даму үдерісінің әр текті бөліктері мен элементтерді тұтасқа біріктірумен байланысты жағы» болып табылады.

Олай болса, оқыту үдерісінде интеграция негізінде студенттердің толеранттылығын қалыптастыру мүмкіндігі де туындайтыны ықтимал.

Демек, осындай анықталу жағдайында интеграция негізінде студенттердің толеранттылығын қалыптастыруға нақты мүмкіндік туындайды.

Толеранттылық рухани, адами, идеялық, діни көзқарастар менің ұстанымдарыма жат болса да, қабылдаймын деген және адамдар арасында өзара сыйластықты, мейірбандықты білдіреді. Сондықтан, толеранттылық екі жақты ұғым: мемлекеттер, діндер, этностар, жеке адамдардың бір-біріне шапағат жасай білуі.

Білім беру жүйесінде «менталитет» және «толеранттылық» категориялары бір-бірімен байланысты. Өйткені, ол адам мен социумның менталдық қасиеттерін белсенді әрі мақсатты қалыптастырады.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде соңғы кезге дейін «толеранттылық» термині көп кездескен жоқ. Сондықтан да, біз ең алдымен бұл сөздің этимологиясына назар аудардық. Толеранттылық түсінігі латынның шыдау, төзу, көндігу түсініктерін беретін «tolero» етістігінен шығады.

Қазіргі шетел сөздерінің сөздігінде толеранттылық «tolerantia» деген латын терминінен алынған ұғым, біріншіден, ағзаның кез-келген бір улы заттың қолайсыз жағдайына төзімділігі, екіншіден, біреуге, бір нәрсеге деген шыдамдылық, жұмсақтық деп көрсетілген [3].

Сондай ақ «толеранттылық» (лат. «tolerantia» - шыдам, төзім) терминіне шет тілдері сөздігінде екі мағынада түсініктеме беріледі: бір нәрсеге, біреуге төзімділік, төзу, шыдау; биологиялық, медициналық тұрғыда – иммундық реакцияның жартылай немесе толықтай болмауы, яғни организмнің ауруға қарсы тұратын антиденелер шығару қабілетінің болмауы.

Ал педагогикалық сөздіктерде бұл ұғымға «қайсыбір жағымсыз факторға жауап әрекеттің болмауы не бәсеңсуі; оның әсеріне сезгіштіктің төмендеуінің нәтижесі» деген анықтама беріледі.

Толерант ұғымына байланысты нақты бір өзгермейтін анықтама беру қиындық тудырады. Дегенмен, бұл жайында Бетти Реардан толеранттылықтың маңыздылығын айта келе, басқа тілдердегі анықтамаларын ұсынады:

- қытай тілінде «Kuang» - рұқсат беру, қабыл ету, басқаларына қарсы жомарттық таныту.

- Француз тілінде «Tolerance» - басқалардың өзінен басқаша түсініктерін және іс - әрекеттерін қабыл ету [3].

Қазіргі уақытта Қазақстан елінің құрамына 130-ден астам ұлттар мен ұлыстар кіреді, олар бірнеше діни-конфессионалдык бірлестіктерге біріккен. Осындай әртектілік жағдайында әлемді алаңдатып отырған ұлтаралық, дінаралық қақтығыстарға ұшырамай, халықтардың бейбіт қатар өмір сүруіне мүмкіндік беретін күш қандай? Ғылымда «толеранттылық» атауымен белгілі ұғым, міне, осы жерде маңыздылыққа ие болады.

Жалпы алғанда, толеранттылықтың негізі – өзінің «басқаға, бөтенге» қатынасын бақылау болып табылады. Бұл күнделікті кездесетін, тұрмыстық деңгейден бастап, кәсіби қарым-қатынас жасауға дейінгі аралықты қамтитын мәселе болып саналады.

«Толеранттылық» терминін саралау барысында ғалымдар арасында елеулі қайшылықтар туындайды. Біраз жағдайда оны тікелей «төзімділік» сөзімен байланыстырады, қазақ тілінде «төзім» сөзі «шыдам», «сабыр», «тағат» мағынасында да қолданылады. Яғни, «төзімді болу» - басқаға, оның ісіне, құбылыстарға шексіз төзу, шыдауды білдіреді.

Сонымен, толеранттылық бұл жекелік, қоғамдық сипаттама, ол арқылы дүниежүзі мен әлеуметтік орта көп жақты екендігі ұғынылады, осыдан келіп, бұл дүниеге көзқарастар да әртүрлі болады және өз пікіріне, көзқарастарына, қылығына сай келмейтіндерге төзімділік, шыдамдылық таныту. Бұл ұғым жоғарыда айтылғандай, ғұлама қазақ ойшылдарының еңбектерінде тікелей мағынада көрсетілмегенімен, гуманизм, мәдени сабақтастық идеялары арқылы көрінеді.

Интолеранттылықтың екі түрін бөліп көрсетуге болады: жағдайлық және тұлғалық. Жағдайлық интолеранттылық - әр шиеленісті жағдайларға байланысты тұлға бойындағы шыдамсыздық, агрессивтілік болса, тұлғалық интолеранттылық - тұлғаның басқа адамның пікірін тыңдағысы, қабылдағысы келмеуі, кез-келген жағдайға агрессивтілік таныту мазасыздығы. Адамдар негізінен кіретін көптеген ұлттар мен ұлыстардың өкілдері болып табылады. Мұның сыртында олардың діни, саяси және әлеуметтік ерекшеліктерімен дараланады.

Бүгінгі күнде педагогикалық қоғамдастықтың ең өзекті мәселесінің бірі - ол болашақ мамандармен оқу үдерісінде осындай тірек ұғымдардың байланыстарын жан-жақты білім ретінде ғана емес, іс жүзінде интеграция негізінде оқыту үдерісінде жүзеге асыру қажет.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан Халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2012.
- 2 Дробижева Л.М. Толерантность и рост этнического самосознания: пределы совместимости. Толерантность и согласие. - М.: ИЭА РАН, 1997.
- 3 Солдатова Г.У., Шайгерова Л.А., Шарова О.Д. Жить в мире с собой и другими (тренинг толерантности для подростков). - М.: Генезис, 2000.
- 4 Бейсенбаева А.А., Мұханбетжанова Ә. Білімнің интеграциясы мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері: оқу құралы. - Алматы, 2000.

**Мамырханова А.М.**

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КОНСТИТУЦИОНАЛИЗМНІҢ РӨЛІ**

2 курс магистрант, «Alikhan Bokeikhan University» ББМ.  
Қазақстан, қ.Семей.

Тәуелсіз, егеменді мемлекеттің берік қалануына, экономикалық-әлеуметтік, саяси, мәдени тұрғыдан өркениетті дамуына Ата заңымыздың алар үлесі орасан зор. Ата заңымыз арқылы демократиялық, әлеуметтік және құқықтық мемлекет тұрғысынан тұрақты, мығым, әрі қуатты мемлекет ретінде қалыптасу жолында мәртебесін белгілейді.

«Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады» деп Ата заңымызда нақты бекітілген болатын [1]. Бұл арқылы Ата заңымыз Қазақстан Республикасының аумағында негізгі заң ретінде көруімізге болады. Конституциямыз бүгінгі таңда заңдылық күші әрмен қарай даму жолында келе жатыр. Конституциямыз даму жолында құнын жоғалтпай, ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде қалдыру әрбір Қазақстан азаматтарының борышы. Қазақстан Республикасының Конституциясының мәртебесі арқылы адам құқықтары мен бостандықтарына қайшы келмейтін міндеттер бекітілген, яғни бұл дегеніміз мемлекет пен халықтың құқықтық қатынастардың бір жүйеге орныққанын заңнан көруге болады. Конституция ауқымы жағынан мемлекет пен халық арасындағы қайшылықтарға жол бермей, бүкіл жағдайды қарастырып, бір тәртіпке және бір жүйеге негіздеді.

«Біз – Конституцияда айтылғандай, біртұтас халықпыз. Біздің нағыз күшіміз – осында. Біз пікір алуандығын қолдай отырып, радикализмнің кез-келген көрінісінің жолын кесеміз, мемлекеттік егемендігімізге, аумақтық тұтастығымызға қол сұғуға жол бермейміз. Қоғамдағы бірлік пен келісімді көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Этносаралық және конфессияаралық қатынастың қаншалықты маңызды екенін барлық азаматымыз түсінуі қажет. Біз қашанда алауыздыққа қарсы тұра білген елміз. Адамды тіліне, ұлтына, нәсіліне қарап кемсітуге, біреудің намысына тиюге жол бермейміз, заң бойынша жауапқа тартамыз. Конституцияға қайшы мұндай жауапсыз қадамдар еліміздің негізгі мүдделеріне зиян келтіреді» - деп мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауынан Конституциямызға ерекше назар аударғанын көруімізге болады. [2]. Егеменді, тәуелсіз мемлекеттік жолында мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекеттің тыныштығын, мызғымастығын берік қалауда үлкен өзекті мәселелердің шешілуіне заң негіз болатынын анық атап өтті. Яғни, мемлекетіміздің дамуына заң жүзімен құқықтық тәртіп орнайтынын көруімізге болады.

Мемлекетіміздің даму жолында Конституционализмнің алатын орыны ерекше. Конституционализм арқылы мемлекеттің дамуына үлкен рөл атқарады.

Конституционализм арқылы конституциялық құқық Конституцияға бағыт-бағдар беріліп мемлекеттің қанатын қатайтуға септігін тигізеді.

Қазіргі кезеңде конституционализмді күрделі қоғамдық-саяси және мемлекеттік құқықтық категория ретінде бірнеше аспектіде түсінуге болады:

Біріншіден, конституциямен шектелетін мемлекеттік басқаруды;

Екіншіден, конституция туралы ілімді;

Үшіншіден, конституциялық басқару әдістеріне негізделген саяси жүйені;

Төртіншіден, тарихи күрделі дамудың нәтижесі ретіндегі динамикалық құбылысты [3]. Жоғарыда аталған аспектілерден конституционализм ғылымда заңнамалық тұрғыдан құқықтық негіз және құқықтық бағыт-бағдар екенін көруімізге болады.

Конституционализм – конституцияның құқықтық жүйедегі, қоғамдағы және мемлекеттегі орны мен рөлін көрсететін саяси-құқықтық категория, оның үстемдігінен және қоғамдық қатынастарға әсер ету сипатынан көрінеді. Мазмұны жағынан конституционализм – конституциялық құрылыс, конституцияны жүзеге асыру және оны қорғау, қамтамасыз ету болып табылады. Көлемі бойынша конституционализм конституциялық құрылысты, яғни мемлекеттік және қоғамдық жүйені, тікелей демократия формаларын, мемлекеттің құрылысына септігін тигізеді. Конституционализмнің құқықтық негізін ең алдымен конституция ең маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін және өзіндік құрылымы, қабылдау мен өзгертудің ерекше тәртібі бар мемлекеттің Негізгі Заңы ең жоғары заңдық күші бар нормативтік акт ретінде анықтайды. Ғылыми негіздерін құра отырып, конституционализм теориясы мыналарды қамтиды: шетелдік ғылыми ойлардың жетістіктері, өткен дәуірдегі отандық ойшылдардың ілімдері, конституционализмнің қазіргі заманғы идеялары мен концепциялары. Конституционализмнің идеологиялық негіздері құқықтық, саяси және адамгершілік мәдениеттің қалыптасуы мен дамуына ықпал етуді көздейтін белгілі бір ғылыми және саяси білімдер мен идеяларға негізделген құқықтық идеялар, көзқарастар, тұжырымдамалар, теориялар жүйесімен анықталады.

Қазақ елінің конституциялық құрылысының даму тарихында бірнеше рет конституция жазылып, қабылданды. 1926, 1937, 1978, 1993, 1995 жылдар аралығында жазылған конституциялар қазақстандық мемлекеттіліктің ұлттық автономиядан толық мемлекеттік дербестікке, тәуелсіздікке және егемендікке дейінгі дамуының белгілі бір кезеңдерін көрсетті.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның алғашқы конституциясы 1993 жылы қабылданды. Қабылданған заңда көптеген кемшіліктер болды. Сол кемшіліктерді қалпына келтіру мақсатында 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдума Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданғаны белгілі. Бұл құжат мемлекеттің өркендеп дамуының тиімді құқықтық жүйесін құрудың негізі болды.

Тәуелсіздік алғаннан бастап еліміз өркендеуін тоқтатпады. Атап айтқанда еліміз көптеген елдермен достық қарым қатынас орнатты. Достық қарым қатынас орнату барысында еліміздің сыртқы саясаты дами түсті. Сыртқы саясатының даму барысын шетелдермен бейбіт қарым-қатынас орнатып,

бірнеше ұйымға мүше болғандығын көруімізге болады. Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға және де халықтар арасындағы достық қатынастарды сақтап әрі дамытуға, халықаралық ынтымақтастыққа қол жеткізуге және мемлекеттердің іс-әрекеттерін үйлестіру орталығы болуға бағытталған үкіметаралық ұйымдармен мемлекетіміз ынтымақтастық орнатты.

Конституцияға байланысты жалпыұлттық референдум 2022 жылдың 5 маусымында өтті. Референдум барысында Конституциямызға айтарлықтай өзгерістер алып келді. «Биыл біз жаңа кезеңге қадам бастық. Халқымыз жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды. Еліміздегі саяси жаңғыру енді экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс. Жалпыхалықтық референдумда қабылданған конституциялық өзгерістер Әділетті Қазақстанның символына айналды» - деп мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына әділетті мемлекет орнайтынын жолдауында атап айтты [4]. Конституцияда көптеген өзгерістер мен толықтырулар орын алды. Конституциядағы өзгерістер мен толықтырулар еліміздің өркендеп дамуына алып келетін заманауи тың көзқарастар қалыптастырылған. Заңның жаңаруы Жаңа Қазақстанның дамуына алып келетін негіз ретінде қарастырылды.

Қорытындылай келе, тарихы тереңде жатқан конституциямызға тәуелсіздік алғанмызға 30 жылдан асса да қуаттылығын тоқтатпады. Осы уақытқа дейін конституциямыз өзінің күш-қуатын жоғалтпай келе жатыр. Қазақстан Республикасының Конституциясында адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары, мемлекеттің конституциялық құрылыс нысандары және қоғамның саяси нысандары, мемлекеттік органдардың жүйесі және оларды құру тәртібі мен жұмыс істеу тәсілдері арқылы заңның үстемдігін көруімізге болады. Мемлекетіміздің Конституциясы саяси, мәдени, рухани және әлеуметтік экономикалық дамуымыздың қайнар көзі, әрі қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді қалыптастыру мен дамытудың жаңа құқықтық базасының негізі болып қаланды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Юрист, 2023.
2. Қ.К.Тоқаев. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі). 01.09.2021. // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555> .
3. Қазақстан Республикасы Конституциясының энциклопедиялық анықтамалығы // Жалпы редакциясын басқарған: ҚР конституциялық кеңесінің Төрағасы з.ғ.д., профессор Қ.Ә.Мәми, з.ғ.д., профессор З.Ж.Кенжалиев. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 850 бет.
4. Қ.К.Тоқаев. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам). 01.09.2022. // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>.

**Мамырханова А.М.**

## **ҚАЗАҚ ЕЛІНДЕ КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ**

2 курс магистрант, «Alikhan Bokeikhan University» ББМ.

Қазақстан, қ.Семей.

Ата заңымызда бекітілген «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы» деген кішігірім сөздің терең мағына беретінін білеміз [1]. Ата заңымызды бүгінгі таңға дейін қуатты заңдар негізіне алып келген тарихи оқиғалар деп айтсақ та қателеспейміз. Қазақстан елі тәуелсіздік алғанға дейін қаншама тарихты басынан кешірді. Бүгінгі таңда сол тарихи оқиғалардан сабақ алған Қазақстан елін көруімізге болады. Конституциямыз бүгінгі таңда қазақ елінің төл құжатына айналып отыр. Яғни, тарихымыздың біздің елге берген нәтижесі.

Қазақ елінің құқықтық мемлекет болғанын көне түркі тілдес халықтар арқылы білуімізге болады. Көне түркі тілдес елдерге Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты, Оғыз мемлекеті, Қарахан мемлекеті, Қимақ қағанаты және Қыпшақ хандығы, Найман ұлысы, Керей ұлысы сияқты мемлекеттер жатады. Түркі тілдес халықтардың құқықтық даму жолын әрбір билеушілердің билік жүйесі болғандығынан және таққа мұрагерлік жолмен беріліп отырғанын тарихтан белгілі. Сонымен қатар, түркі тілдес мемлекеттерде салық салу жүйесі болғанын және де мемлекеттің саяси жүйелерін жақсартқандығын шет мемлекеттермен сауда саттық жүргізгендігінен білуге болады. Мемлекеттің құқықтық ірге тасын қалауда әскери әкімшіліктер, сайлау жүйесі және сот ісі сияқты жүйелермен құқықтық жағынан дамыды. Ежелгі түріктердің құқығы негізінен алғанда, мемлекет қорғайтын және құқықтың жеке тарауларына жататын мемлекет заңдарын бірыңғай жүйеге келтіріп біріктіретін рәсімі мен әдет-ғұрпы болды [2]. Бұдан көретініміз түркі халықтарының салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа қатты көңіл бөлгендігін көруімізге болады. Салт-дәстүр мен әдет-ғұрып арқылы түркі халқы атадан балаға мұраға беріп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе де білді.

Қазақ халқының заңнамалық жағынан тәртіпке бағынғанын Қазақ хандығының тарихынан да білуге болады. XV-XVIII ғасырлардағы қазақтың әдет-ғұрып құқығы төмендегідей негізден тұрды. Бірінші: әдет, заң; екінші, би билігі; үшінші, билер съезінің ережесі [2]. Қазақ халқы салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа бойұсынып, талаптарды орындау барысында мемлекеттің билігі берік, әрі мығым болуына көмектесті. Берік, әрі қуатты мемлекет болу жолында Қазақ хандарының қосқан үлесі зор. Соның ішінде «Қасым ханның Қасқа жолы», «Есім ханның Ескі жолы», «Тәуке ханның Жеті Жарғысы» тарихы тереңде жатқан қазақ елінің байрғы заңдарға бағынған құқықтық мемлекет болғандығын тарихымыздан белгілі. Қазақ хандығы тұсында қазақ еліне әйгілі болған «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Тәуке ханның жеті жарғысы» арқылы мемлекеттің гүлденуіне жол ашты. Бұл заңдар қазақ

халқының болмысына қайшы келмей, бір жүйеге негізделіп жасалынды. Мемлекеттің бар болмысын сақтап қалу жолында ата-бабамызан келе жатқан салт-дәстүр мен әдет ғұрыптан аттап баспай, бір жүйеге негізделіп жасалғанын көреміз.

«Алаш партиясы бағдарламасының жобасы «Қазақ» газетінде 1917 жылдың 21 қарашасында жарияланған болатын. Жобаны әзірлегендер Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дултов, Е.Ғұмаров, Е.Тұрдымұхамедов, Ғ.Жүндібаев, Ғ.Біржановтар еді. Бағдарлама жобасы 10 бөлімнен тұрды [3]. Тарих толқынында қазақ елі Ресейдің қарамағында болған болатын. Алаш партиясының жобасында қазақ елінің өз билігі өзінде болуы керек деп нақты көрсетілген. Қазақ азаматтары атсалысқан бұл жобада көптеген мәселелерді көтерді. Соның ішінде, мемлекет және жергілікті бостандық, негізгі құқық, дін және білім мәселелері айрықша көрсетіліп өтті. Алаш партиясы бағдарламасының жобасы арқылы қазақ елінің тәуелсіздікке және жасампаздыққа ұмтылғандығын байқауымызға болады.

Қырғыз Советтік социалистік Республикасының 1926 жылғы 18 ақпандағы Конституциясының жобасы бұл Қазақстанның конституциялық дамуында алғаш дайындалған конституциялардың қатарына жатса да, жоба күйінде бекітілмей қалды. 1926 жылғы Конституцияның жобасын КАКСР Орталық Атқару комитеті өзінің қаулысымен бекіткенімен, РКФСР Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінде бекітілмей қалды. Осы жағдайға сәйкес, бұл Конституция республика аумағында қолданылмады. Конституция жобасы 7 бөлімнен, 18 тараудан тұрды [3].

Қазақстанның 1936 жылы 5 желтоқсанда КСРО-нің құрамындағы Одақтас республика ретінде қайта құрылуына байланысты, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Конституциясының жобасын дайындау үшін Конституциялық Комиссия құрылды. Конституция жобасы наурыз айында бекітіліп, өзінің заңдық күшіне енеді. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Конституциясы 11 тараудан және 125 баптан тұрды [3].

Кеңес одағының құрамындағы қазақ елінің соңғы Конституциясы 1978 жылы бекітілген заң болды. Тоғызыншы сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс жетінші сессиясында 1978 жылғы 20 сәуірде Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының жаңа Конституциясы өмірге келді. Конституция 10 бөлімді, 19 тарауды, 173 бапты құрады [3]. 1978 жылғы Конституцияда қоғамдық құрылыс пен саясаттың негіздері, мемлекет пен адам құқықтары және әкімшілік аумақтың құрылымы, сайлау тәртібі, мемлекеттік органдардың мәртебесі мен жүйелері сияқты мәселелердің шешілу жолы қамтылды. Сонымен қатар, экономикалық және әлеуметтік даму жоспары, мемлекеттік бюджет, сот, прокурорлық қадағалау және мемлекеттің елтаңба, ту, әнұран және мемлекеттің Астанасының мәртебесі, Конституцияның қолдану аясы мен өзгертулер мен толықтырулар туралы Конституциялық заңға енгізді. Бұдан байқайтынымыз, мемлекет заң жолымен құқықтық мемлекет орнату жолында болғанын көруімізге болады.

Қазақ елі тәуелсіздік алғанға дейін 1978 жылы бекітілген Конституция жолымен жүрді. Еліміз 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін көп ұзамай

мемлектіміздің алғашқы конституциясы жарық көрді. Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда ресми түрде бекітілді. Тұңғыш Конституция 4 бөлім, 21 тарау, 131 бап пен өтпелі кезеңнің ережелерінен тұрды [4].

1993 жылғы конституциядан кейінгі 1995 жылы пісіп-жетілген жаңа конституция өмірге келді. Жаңа конституция 9 бөлім 98 баптан тұрды. Жаңа конституцияда адам және азаматтардың құқықтары мен міндеттері, президент, парламент және үкімет, конституциялық кеңес, сот және сот төрелігі, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару сияқты құрылымдарды негізге алды. 1995 жылғы Конституция өзінің құрылымын жоғалтпай бүгінгі күнге дейін келе жатыр. Мемлекеттің ірге тасын қалауда жаңа Конституцияның қосқан үлесі зор болды. Қазіргі таңда Конституция 9 бөлім 99 баптан тұрады. Конституциядағы жаңа өзгертулер мемлекеттің құқықтық жүйесін қалыптастыруда жаңа база ретінде өз орынын алды.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының қазіргі Конституциясының дамуына, өркендеп қарыштауына алып келген тарихымызда болған заңдардан сабақ алған мемлекетті көреміз. Тарих толқынында мемлекеттің құқықтық жағынан әділеттілікті көздегенін байқауымызға болады. Қазақ елі тарихта ойып тұрып орын алған заңдарға өз кезеңінде бағынғанын, бойұсынғанын тарихымыздан білеміз. Мемлекеттің даму жолында көптеген қайшылықтар мен қиындықтар болғаны анық. Мемлекеттің сол қиыншылықтарға төзіп, кедергілерден сабақ алып, қателіктермен жұмыс жасағандығын көреміз. Бүгінгі таңда мемлекетіміз гүлденіп, даму, өсу жолында. Еліміздің өркендеп дамуына Конституцияның алар үлесі үлкен зор. Конституция құқықтық мемлекет орнату жолының үлкен бастамасы. Конституцияға бағынған қоғам мемлекеттің өркендеп дамуына оң өзеріс алып келері сөзсіз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Юрист, 2023.
2. Исабеков А.Қ. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы: Оқу құралы. –Алматы: Қазақ университеті, 2006. 223б.
3. Қазақстан Республикасы Конституциясының энциклопедиялық анықтамалығы/ Жалпы редакциясын басқарған: ҚР конституциялық кеңесінің Төрағасы з.ғ.д., профессор Қ.Ә.Мәми, з.ғ.д., профессор З.Ж.Кенжалиев. –Нұр-Сұлтан, 2020. – 850 бет.

Қазақстан Конституциясы тарихына шолу. 30.08.2021.  
[//https://adebiportal.kz/kz/news/view/qazaqstan-konstituciiasy-tarixyna-solu\\_23483](https://adebiportal.kz/kz/news/view/qazaqstan-konstituciiasy-tarixyna-solu_23483)



Нысанғалиева Д.А.

## КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІҢ МӘНІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*7 M01101 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы  
2 курс магистранты, Alikhan Bokeikhan University  
Семей қ., Қазақстан*

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты — балада» деген екен. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдіретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты –тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса, адам өмірінің мәні – өз ұрпағы.

Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында нәзік те қиын, қыр-сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол – бала тәрбиесі. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз – ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер – жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дарымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы. Бала кішкентай кезінен-ақ әр нәрсеге әуестеніп, үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әке-шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрсып жіберуі мүмкін. Бұл қате түсінік. Керісінше, өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындалуына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн. Өстіп баланың бірте-бірте еңбекке деген болашағына жол ашады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт бересіз. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді. Орынсыз ұрсу, зеку, сұрақтарына дөрекі, келте жауап беру немесе әділ талап қоя алмау ата-ананың беделін түсіреді.

Адамзаттың миллиондаған жылдар ғұмырындағы саналы тірлігінде қол жеткізген мәңгілік бір мәдени жетістігі- отбасылық ғұмыр болса керек.

Отбасы-адам ғұмырының тірегі ғана емес, қоғамның да басты негізі. Сондықтанда ол адамзатпен бірге жетіліп әр халықтың ерекшелігіне орай түрлі кезеңдік сипат иеленіп, сан-саналы жолмен дамып келеді. Отбасылық ғұмыр жөніндегі дәстүрлі қазақы ұғымда тарихи көне, ішкі иірімдері мол, күрделі, кешенді құрылым. Оның сонау көне заманнан бергі даму тарихын тұтастай алғанда жалпы адамзат қоғамының даму сатыларымен іштей қабысып жатқанмен, қазақ деген халықтың қалыптасып, дамуындағы түрлі тарихи жағдайларға сәйкес өзінше ерекше болмыс танытады. Бұл ерекшелік

жиһанкездер мен ғалымдарды халық өмірін зеттеуге тереңірек тануға ұмтылған зиялы жандарды ежелден қызықтырып, толғандырып келеді.

Отбасылық ғұрып - отбасылық өмірмен тікелей байланысты болып келуінде яғни адамның дүниеге келуінен бастап, ер жетіп үй болуы, ақыр соңында өмірмен қоштасар сәттегі соңғы сапарына дейінгі аралықты өлеңмен өрнектеп, әрлеп отыруында. Өмір мен өнерді аттастырып, тірлік сәніне айналдырған халық даналығының бұл сырын көрегенділікпен танып, көкейіне тотыған ұлы Абай аса шеюерлікпен төрт-ақ өлеңге сыйғызған.

Бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасап, ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарағандардың бірі – қазақ халқы. Халықтың ғасырлар бойы жасыған зор еңбектері – ұлттық тәрбие ісіндегі сәбилік кезден бастап ес біліп, ер жеткенге дейінгі салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар үлгілері мен өнегелері баланың өсу жолымен беріліп отырған.

Зерттеуіміздің барысында қазақтың өсіп-өніп, даму тарихындағы ерекшеліктердің бірі – көпбалалы отбасында ұлттық қасиеттерді қалыптастыру. Философия, педагогика-психологиялық әдебиеттерде «отбасы», «тәрбие», «бала», «қасиет» ұғымдарына берілген анықтамалар жүйеге келтіріліп, мазмұнды сипаттама берілді.

Көпбалалы отбасында қазақ этнопедагогикасы негізінде ұлттық қасиеттерді қалыптастыру белгілі бір идеяға бағытталып, жалғасын тауып отырса оң нәтиже береді. Біздің алға қойған мақсатымызда осы. Қазақ халқында, отбасы тәрбиесінде ұлттық қасиеттерді қалыптастырудың іс-әрекеті ұл мен қыз тәрбиесінде көптеп кездесетіні жайлы ұлы ғаламлар мен ақын-жыраулардың ой-пікірлерінен айрықша байқауға болады. Қыз бен ұл бойындағы асыл қасиет ата-ананы, аға, әпке, қарындас және туған туыспен сыйласа білуі. Жас баланың есі кіріп ел мен, ағайын туыспен қарым-қатынас жасай бастауы ол тұлғаның қалыптаса бастау деп айтуға болады.

Отбасында тәлім-тәрбиенің негізгі мақсаты – баланы еңбек, өнер, білім машықтарын меңгеруге нағыз қазақ ұлтына тән елін, жерін сүйіп қорғауға және т.б. ізгі адамгершілік қасиеттерге баулу.

Ұлттық сана-сезім адамның рухани өмірінің басты белгілерінің бірі. Бір қазақтың тегіне тән ұлттық қасиеттер: ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, бауырмалдық, мейірімділік пен ізгілік ынтымақтастық пен татулық, қонақжайлылық, меймандостық, кісілік, көпшілдік, тектікті сақтау, төзімділік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылық, мәдениеттілік, адамгершілік т.б. қасиеттер халықтық тәрбиеден ерекше орын алған.

Көпбалалы отбасында ұлттық қасиеттерді қалыптастыруға байланысты тұстарын түгелдей шолып өту мүмкін емес, сондықтан біз олардың педагогикадағы ұлттық тәрбиеге қатысты жақтарын ғана сөз еттік, ол туралы зерттеу жұмысымызда айтылған.

Ал осы қасиеттерді ұрпақтың жадына салу тәрбиеге қатысы бар әрбір саналы адамның абыройлы борышы.

Зерттеу бойынша ғылыми теориялық білімдер жүйесін саралай келіп тақырыбымыздың мазмұнын ашуда мына анықтаманы ұстанамыз:

«Көпбалалы отбасында қазақ этнопедагогикасы негізінде ұлттық қасиеттерді қалыптастыру дегеніміз – қазақ отбасында тәрибиенің ұлттық рухани құнды қасиеттердің мәні толық, кеңінен пайдаланыла отырып, нағыз қазақ ұлтына тән елін, жерін, отанын сүйе білетін, ұрпақ қамын ойлайтын, салауатты да сауатты, патриот көпбалалы отбасын дайындау».

Отбасы – адам ғұмырының тірегі ғана емес, қоғамның да басты негізі. Яғни, отбасы – қоғамның маңызды буыны және өзінше бір кішігірім ұжым. Көп ұлтты мемлекетіміздің негізі осы шағын ұжымдардан қаланады. Осы жағынан кез келген отбасы өзін қоғамның бір бөлігі деп түсінеді.

Қазақ баласының тәрбиесі ата-аналардың күнделікті іс-әрекеттері мен көшпелі тұрмыс қалпына байланысты болды. «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп аға ұрпақ келер ұрпақты ізгілікке тәрбиеледі.

Отбасындағы тәрбие мына бағыттарда (Ш.Ахметов) жүрді:

- Тәрбие басы- әдептілікке үйрету;
- Мейірімді бала тәрбиелеу;
- Тіл алғыш, елгезек бала тәрбиелеу;
- Адалдық пен шыншылдыққа баулу;
- Білгір болу, ұстаз бен ғалымның, көпті көрген данышпан қарияның сөзін тыңдату, «Ақпа құлақ болма, құйма құлақ бол» дегенді бойларына сіңіре беру;
- Үлкенді, ата-ананы сыйлауға үйрету-басты міндет;
- «Кісі айыбын бетіне баспа» дейді. Бұл кемшілікті айтпа деген сөз емес, ғаріп кісілердің табиғи табиғи кемдігін көрсетпе деген сөз.

Отбасы – бүкіл ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің негізгі құралы болып келеді. Сондықтан ол – адам үшін ең үлкен орта.

Отбасы – белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралардың сақтаушысы. Онда бала алғашқы рет өмір жолымен танысады, моральдық нормаларды игереді. Сондықтан отбасылық өмір жеке адамның азамат болып өсуінің кепілі.

Отбасы – оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің одақтасы. Ол бала тәрбиесі жөнінде мектеппен тығыз байланысты болуды өте жақсы түсінеді. Өйткені бала тәрбиесінің отбасында, мектепте нәтижелі болуы осындай ынтымақтастыққа негізделеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Н.Ә.Назарбаев Ұлттық Кеңестің мәжілісінде жасаған баяндамасы. //Мәдени мұра 2003 26 бет.
- 2 Арғынбаев Х. Қазақ отбасы: /Қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу еңбек/ Алматы: Қайнар, 1996 – 286 б.
- 3 Ақбаев Н. Ата салтыңды аяла: салт-дәстүрлері туралы таным. Алматы: Ана тілі, 1998 – 159 б.
- 4 Асанов Ж. Жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі //Қазақстан жоғары мектебі, 2002 №2, 72-75 б.

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА – БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА МАЗМҰНЫ**

*7 M01101 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы  
2 курс магистранты, Alikhan Bokeikhan University  
Семей қ., Қазақстан*

Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны.

Жаңа бағдарлама құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, еңбек және шығармашылық, өмір бойы білім алу тәрізді құндылықтарға негізделген. Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен ізденуі оқу үдерісіне қойылатын басты талаптардың бірі болып табылады.

**1. Жаңартылған білім беру мазмұнының ерекшелігі қандай?**

**Бұл бағдарламаның дәстүрлі бағдарламадан ерекшелігі:**

1. Пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі. Яғни пән мазмұны қарапайымнан күрделенуі.
2. Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;
3. Бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі;
4. Оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;
5. Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру;
6. Білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;
7. Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;
8. Оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу)

**Жаңартылған білім беру мазмұнының басты ерекшелігі:**

1. Оқу дағдылары (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым);
2. Ойлау дағдылары (білу, түсіну, қолдану, талдау, салыстыру, бағалау);
3. Шығармашылық ойлау дағдысы
4. Логикалық ойлау дағдысы
5. Сыни ойлау дағдысы
6. Алгоритмдік ойлау дағдысы
7. Критикалық ойлау дағдысы
8. Проблемалық ойлау дағдысы
9. Технологиялық ойлау дағдысы
10. Тілдік құзіреттілік дағдысы
11. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;

**Бағдарлама аясында мұғалім үшін мыналар маңызды болмақ:**

## Мұғалім шебер сұрақ қоюшы болуы қажет, себебі?

### 1. Ықтимал себептері

- Оқудағы олқылықтарды анықтау үшін;
- Оқушылардың ойларын бағыттау үшін;
- Бағалау үшін;
- Келесі сұрақтарға түрткі болу үшін;
- Тақырыпты қайта қарау үшін;
- Қызығушылықты немесе білуге құмарлықты ояту үшін;
- Күрделендіру үшін;
- Сұрақ-жауап пен сын тұрғысынан ойлауды модельдеу үшін;
- Түсінуге көмектесу үшін;
- Бағамдау үшін.

<b>Білім</b>	<b>берудің</b>	<b>жаңарту</b>	<b>жолдары</b>
Біліктілікті арттыру	бағдарламасының	негізгі мазмұнындағы	модульдер:
1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.			
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.			
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.			
4. Білім беруде ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану.			
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.			
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.			
7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық.			
Осы мақсат негізінде қойған міндеттер:			
- жас ұрпақтың қабілеті мен талантын ашу;			
- шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;			
- өз алдына мақсат қою арқылы оны жүзеге асыра білу;			
- өз әрекетінің нәтижелерін бағалай білу.			

Мұғалімнің көшбасшылық қабілеті ең бірінші сабаққа даярлықтан басталады, яғни, өтілетін сабақтың жоспарын құру, оны өткізу әдістемесі, оқушылардың қабілеттерін, жас ерекшеліктерін ескере отырып, иллюстрация, техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды пайдалану. Мұғалімнің осы шығармашылық әрекеті арқылы оқушының шығармашылық қабілеті қалыптасады. Ал, көшбасшылық қабілеттер шығармашылық елес, шығармашылық ойлау арқылы жүзеге асады. Оқушыны шығармашылық ойлауға, жылдамдыққа, икемділікке, тапқырлыққа үйрету ол мұғалімнің әр сабағында қалыптасып отыратыны анық.

Қай кезеңде, қай қоғамда болмасын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласында түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан – жақты ізденетін алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу – ұстаз қолында. Заманауи қоғамның зиялы азаматын білім беру сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан жаңаша ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адам тәрбиелеу.

«Оқу инемен құдық қазғандай» демекші, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болады.

Қазіргі уақыттағы жаңа педагогика ғылымындағы проблема ол - оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру болып табылады. Жаңа технологияның әдіс - тәсілдері оқушылардың білімін толықтыруға көмектеседі. Осыған орай озық тәжірибе, жаңа технологияның тиімді әдістерін таңдап алып, оларды үйлесімді, тиімді және шығармашылықпен пайдалану - ұстаз шеберлігінің белгісі. Ұстаз ретінде оқытып жүрген оқушыларымның ерекшеліктерін зерттеп, біліп алған соң ғана, оларды даму деңгейіне орай әдіс - тәсілдерді іріктеп, талдап қолдануға, жетілдіруге ерекше назар аударып келемін. Оқушыларды жұппен, топпен жұмыстандыру арқылы ұйымдастырылған сабақтар, оқушылардың дарындылығын дамытып, шындау жолдарының бірі болып табылады, олардың арасында ынтымақтастық пен серіктестікті тудыру, басқа адамның ойымен де есептесу қажет екенін де түсіндіреді, уақыт үнемделеді. Жұппен және шағын топпен жұмыс тез, жаңа идеяларды ұсынумен қатар белгілі бір жағдайды нәтижелі шешуге де мүмкіндік береді.

Сабақ барысында оқушылардың ізденуін қадағалап, білім дағдысын толықтыруға бағытталған сабақ өткізу әдістерінің бірі - «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан оқу» жобасының стратегиялары. Бұл жобаның стратегияларын сабақ барысында қолдану жаңа оқу материалдарындағы оқиға мен құбылыстарды оқушылардың өздері байқап, талдауына жағдай жасайды. Демек, білім оқушыларға даяр күйінде берілмейді, өзінің ой еңбегін қажет ететін тапсырмаларды орындауы арқылы қол жеткізеді. Әр оқушы өз ойына шек келтірмей жауап беруге дағдыланады. Оқушы бойындағы танымдық қабілетінің шығармашылық ойлау жүйесінің дамуына жол ашады. Практика кезінде өз сабақтарымда қолданып жүрген әдіс - тәсілдер: алты қақпақ, түртіп алу, күнделік жазу, әлем шарлау, рөлдік ойындар, диалогтік әңгіме жүргізу, топтастыру, семантикалық карта, венн диаграммасын толықтыру, Джиксо, сұрақ - жауап. Оқытуды диалогтік тәсілмен дамытудағы сұрақ қою арқылы байқағаным: оқушылар тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталанды, пәнге қызығушылықты көрсетті, зерттеуге ынталанды, оқушылар сыни тұрғыдан ойлауға көмектесті, оқушылар бір - бірінен үйренді, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпалын тигізді, оқытудағы қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтады.

#### Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012ж
- 2 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://adilet.zan.kz/rus>
- 3 Оценивание учебных достижений учащихся. Методическое руководство/ Сост. Р. Х. Шакиров, А.А. Буркитова, О.И. Дудкина. – Б.: «Билим», 2012. – 80 с. ЭЫДҰ (2014). Ұлттық білім беру саясатына шолу. Қазақстандағы орта білім беру.

**Серікбай Назым**

## **SMART ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ МЕН МҮМКІНШІЛІКТЕРІ**

*"Есептеу техникасы және бағдарламамен қамтамасыздандыру"  
мамандығының студенті ЗПОВТ-220 тобы*

*Ғылыми жетекшілері: Кусайынов Санабек Ахметбекович,  
Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Жоғары көлік және коммуникация  
колледжі» МКК*

Ақылды жүйелер мен заттар интернеті әлемде барған сайын танымал бола түсуде, бірақ біздің көпшілігіміз үшін бұл ұғымдар тек кейбір зияткерлік әшекейлермен байланысты: ақылды жарықтандыруды басқару, құлыптарды қашықтан ашу және т. б. мұндай заттар 10 жыл бұрын біреуді таңдандыруы мүмкін, бірақ бүгінде олар мүлдем скучно көрінеді, тіпті біршама көңілсіз. Бірақ бұл тек бір қарағанда. Заттардың нақты интернеті - бұл әлдеқайда кең ұғым. Қазіргі заманғы smart жүйелері тек адаммен ғана емес, сонымен бірге бір - бірімен өзара әрекеттесетін жүздеген элементтер мен құрылғыларды қамтуы мүмкін. Ақылды басқару жүйелерін, ақылды өндірістерді, кеңселер мен үйлерді құруға мүмкіндік береді.

SMART технологиясы - жүзеге асатын мақсаттарды қалыптастыру үшін заманауи тәсіл. Smart ағылшын тілінен аударғанда «ақылды» деген мағынаны білдіреді. Яғни, ақылды технология, ақылды техника, пайдалануға ыңғайлы, мейлінше ықшам, көп функциялы құрылғыларды айтуға болады. SMART - мақсат бойынша басқарудың белгілі әдісі.



1.1 - сурет SMART аббревиатурасы

SMART-тың артықшылықтары:

- Тиімділік. Нақты тұжырымдау арқылы іс - шаралар жоспарын құру оңай.
- Жан-жақтылығы. Бұл әдіс бизнесті жоспарлауға, жеке мәселелерді шешуге, өзін-өзі жетілдіруге жарамды.
- Қол жетімділік. SMART техникасын пайдалану үшін арнайы білім қажет емес, сондықтан ол барлығына жарамды.
- Жылдам нәтиже. Жоспарлаудың жеңілдігі мен ресурстарды алдын-ала іздеудің арқасында осы әдіспен тұжырымдалған мақсат тезірек орындалады.

- Мотивация. Осы әдіс бойынша тек нақты мақсаттар қойылғандықтан, адамға оларға қол жеткізу қажеттілігіне күмән жоқ.

- Кешіктірудің және жосықсыз жұмыстың алдын алу. Сандық көрсеткіштер мен мерзімдердің арқасында мұндай мақсат «сізбен сөйлесуге» және жеткіліксіз жұмыс істеуге мүмкіндік бермейді.

- Қол жеткізу процесін бақылау. Сандық көрсеткіштер мен ыдырау қолды импульсте ұстауға мүмкіндік береді.

- Сәтсіз нұсқаларды жою. Қол жетімділік пен өзектілікті тексеру адамға қажет емес мақсаттар қоюға және кейіннен оларға уақыт жоғалтуға мүмкіндік бермейді.

Смарт-жүйелер-бұл кешенде әртүрлі өндірістік салалар мен процестерді автоматтандыруға мүмкіндік беретін ақылды заттар жүйесі. Заманауи технологиялар кәсіпорынның немесе кеңсенің өнімділігі мен тиімділігін арттыруға, тұрғын үйді Өмір үшін барынша жайлы және қауіпсіз етуге мүмкіндік береді.

Мысалы, ақылды кеңсе жүйесі - бұл кеңсе үй-жайларында немесе өндірістік объектілерде әртүрлі жабдықтармен бірге жұмыс істей алатын автоматтандыру мен басқарудың барлық мүмкін құралдарының жиынтығы. Өнеркәсіпте автоматтандыру робототехникамен және аддитивті жүйелермен бір уақытта, сондай - ақ арнайы бағдарламалық жасақтаманы, лазерлерді және жиі жасанды интеллект басқаратын мультифункционалды машиналардың барлық түрлерін қолдана отырып қолданылады. Мұндай технологияларды өндіріске енгізу кәсіпорынның техникалық тиімділігін, оның ішінде барлық процестерді мұқият жоспарлау және үнемі бақылау арқылы арттыруға мүмкіндік береді. Смарт - жүйелер өнеркәсіптік кәсіпорынның жұмысын автоматтандыруға, нақты уақыт режимінде әртүрлі машиналар арасында деректер алмасудың бірыңғай жүйесін құруға мүмкіндік береді. Бұл ретте жасанды интеллект өндірістік процеске автоматты түрде түзетулер енгізуге, кез келген оқиғалар мен өзгерістерге жедел ден қоюға, пайдаланушылардың өзгерген жағдайлары мен талаптарына бейімделуге мүмкіндік береді.

Smart жүйелерінің жұмысында бағдарламалық жасақтама маңызды рөл атқарады:

- Барлық технологиялық процестерді жедел және ыңғайлы басқару;
- Ақпаратты тез және ыңғайлы түрде алыңыз;
- Объектілер мен жабдықтардың диагностикасын орындау;
- Құрылғыларды қашықтан басқару;
- Әр түрлі құрылғылардан деректерге қол жеткізу;
- Энергия шығындарының деңгейін бақылау;
- Қолжетімділікті шектеуге ақпарат;
- Жұмыстағы кез келген өзгерістер туралы, авариялық жағдайлар туралы хабарлау.

Жалпы алғанда, ақылды жабдықтар мен сапалы бағдарламалық қамтамасыздандыру кешені кез-келген коммерциялық объектінің жұмысынан максималды экономикалық пайда алуға, әр түрлі қондырғыларға қызмет көрсету мен диагностика шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.



Сонымен қатар, заманауи смарт - жүйелер өте алуан түрлі, олар кәсіпорынның, кеңсенің немесе тұрғын үйдің барлық салаларын қамти алады.

Ақылды бейнебақылау жүйелері - бұл ақпаратты жинау, талдау және сақтау үшін пайдаланылатын жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз ету кешені. Негізгі деректер көзі-әртүрлі мақсаттағы объектілерде қауіпсіздіктің максималды деңгейін қамтамасыз ететін бейнекамералар

Бейнебақылау - кәсіпорындар үшін кез келген ақылды күзет жүйесінің міндетті элементі. Ол үшін қолданылады:

- Нақты уақыт режимінде нақты аймақтағы жағдайдың мониторингі;
- Деректерді жинау және талдау;
- Төтенше жағдайларда дабылды қосу және хабарлау туралы қолмен немесе автоматты түрде шешім қабылдау;

Негізгі функциялардан басқа, заманауи смарт - Бейнебақылау жүйелерін басқа міндеттерді шешу үшін де пайдалануға болады. Оларды нысандарға кіруді басқару үшін бетті тану технологиясымен біріктіруге, нақты уақыт режимінде нұсқауларды дыбыстауға арналған динамиктермен толықтыруға және т. б.

Ақылды бейнебақылау жүйелері кәсіпорындарда жиі қолданылады. Мысалы, бүгінгі күнге дейін Microsoft заттар интернетін пайдаланатын қауіпсіздік пен бейнебақылаудың кешенді жүйесін енгізді. Оның алгоритмдері камералардан, компьютерлерден, станоктардан және басқа жабдықтардан алынған ақпарат негізінде объектідегі 27 миллионнан астам түрлі оқиғаларды талдауға мүмкіндік береді. Мұндай желі көптеген объектілерді тани алады, ол қарапайым камералар мен оператордың еңбегін пайдалану кезінде қол жетпейтін деңгейге дейін қауіпсіздікті арттырады.

Ақылды көлік жүйелері

Ақылды жүйелер мен заттар интернеті бүгінде жеке жеке үйлерден, кеңселерден және өндірістік кәсіпорындардан асып түсетін даму деңгейіне жетті. Технологияның жаһандық дамуының жарқын мысалдарының бірі- Ақылды көлік жүйесі.

Технология мыналарды қамтуы мүмкін:

- Ақылды бағдарламалар;
- Кептелістер мен айналма жолдар туралы ақпараты бар көше таблолары;
- Қозғалысқа қатысушылар арасында хабар алмасуға арналған радиоарналар;
- Динамикалық жол көрсеткіштері;
- Ақылы жолдарды пайдаланғаны үшін төлемдерді автоматтандырылған түрде жинау;
- Қоғамдық көлікке арналған жетілдірілген ақпараттық жүйелер;
- Артықшылығына әзірлеу жатқызуға болады;
- Автоматты диспетчерлеу;
- Жүргізушілерді жедел бақылау;
- Кез келген штаттан тыс жағдайларды тергеу үшін деректердің қолжетімділігі;

- Көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету шығындарын едәуір үнемдеу;
- Жылдам жөндеу үшін автомобильдермен проблемаларды уақытылы анықтау;

Интернеттің тұрақты дамуы мен келешегіне күмән келтіруге болмайды - сала белсенді түрде өсіп, өндіріс пен адам еңбегінің тиімділігін арттыруға, сондай - ақ өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған жаңа әзірлемелер пайда бола бастайды.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Құлқараев А. «E-learning» электронды оқыту жүйесі және оның мүмкіндіктері./ /Электрондық мектеп. №2 - 2013.
2. Донадзе М. В., "Использование SMART технологий для реализации инновационных образовательных и научных проектов". Cross-cultural studies: education and science, С. 272-278. 2019.
3. Мироненко Е. С., "Об использовании смарт-технологий в образовательном процессе". Развитие образования и подготовка кадров в регионе, Том 42, №2. С. 1-9. 2018.
4. Евсюков И. С., "Smart-технологии как средство формирования компетенций студентов вуза (на примере направлений подготовки «реклама и связи с общественностью» и «лингвистика»). Интернет журнал «Мир науки» World of Science. Pedagogy and psychology, Том 6, №3. С.1-7.
5. Использование интерактивных досок по предметам [Электронный ресурс]. URL:<http://www.smartboard.ru/view.pl?mid=1131617522>
6. АҚ «Білім беруді ақпараттандырудың ұлттық орталығы» ([www.nci.kz](http://www.nci.kz))
7. [http://partavl.ru/interwrite\\_board](http://partavl.ru/interwrite_board)

**Садыкова Е.Д.**

## **АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ "БАҒЫСТАН" ТК "ТЕЛЬМАН" ГАЗ СТАНЦИЯСЫ АРҚЫЛЫ ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ҮНЕМДЕУДІҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

*Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Жоғарғы көлік және коммуникация  
колледжі» МКК 3ЭМ-220 тобы, 3 курс, 1913000*

*«Энергоменеджмент» мамандығы*

**Ғылыми жетекшілері: Муканова А.К., Шаяхметова Ж.Б.**

*Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Жоғарғы көлік және коммуникация  
колледжі» арнайы пәндер оқытушылары*

Энергия тиімділігі саясатын іске асыру қазіргі таңда өнеркәсіп, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және көлік секторын жаңғыртудың басты құралдарының бірі болып табылады.

Энергия үнемдеу - ол отын-энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалануға (және үнемді жұмсауға) және шаруашылық айналымға жаңартылатын энергия көздерін тартуға бағытталған құқықтық, ұйымдық,

ғылыми, өндірістік, техникалық және экономикалық шараларды іске асыру арқылы энергияны үнемдеу|1-2|.

Газ электр станцияларын салу және орнату кезінде газбен жабдықтауда проблемалар туындамайды, өйткені газдың қажетті қысымы мен сапасы көп жағдайда қазақстандық газ құбырлары үшін норма болып табылады. Автоматтандырудың жоғары дәрежесі бар қондырғыларда персоналдың ең аз санын қажет етеді |3-4|.

*Газ электр станциялары тұтынушыға не береді?*

Газ электр станцияларының көптеген артықшылықтары бар, олардың ішінде:

- Объектілерді сенімді энергиямен жабдықтау;
- Электр энергиясының монополиялық көздерінен тәуелсіздік;
- Ақшаны айтарлықтай үнемдеу;
- Құрылыс пен іске қосудың қысқа мерзімдері;
- Қолжетімді және экологиялық таза отын-табиғи газбен жұмыс істеу мүмкіндігі.

Желтоқсан айының 7 жұлдызында Астана қаласының бұрынғы әкімі Алтай Сейдірұлы өз сөзінде "Елордада жылу беру мауысымы шамамен 7 айға созылатынын ескере отырып, жылумен жабдықтау нысандарының қуатын арттыру үшін газ жылу станциялары салынуда. Газ жылу станциялары қала экологиясына жағымды әсер етеді, өйткені оларда ЖЭО сияқты атмосфераға зиянды заттар шығарындылары жоқ, сондай-ақ олардың қуаты ЖЭО қуатынан асып түседі" деп айтқан.

Ағымдағы жылы салынып жатқан нысандарды есептемегенде жылу тапшылығы 300 гигакалориядан асады. Бүгінгі таңда елордада үш газ жылу станциясы салынуда: "Тұран" жылу станциясы, "Тельман" жылу станциясы, сондай-ақ "Оңтүстік-Шығыс" станциясы.

"Тельман" жылу станциясының қуаты 600 гигакалорияны құрайтын болады, ол "Бағыстан" ТК, Ұлы Дала даңғылы, "Тельман" тұрғын алабы ауданындағы перспективалы құрылыс аудандарын қамтитын болады.

Жобаның стратегиялық мақсаты сұйытылған табиғи газ технологиясы негізінде газбен жабдықтау инфрақұрылымын құру және тұтынушыларға табиғи газдың үздіксіз берілуін қамтамасыз ету болып табылады. Жеке үй шаруашылықтары, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындар және басқа тұтынушылар жылыту, ыстық сумен жабдықтау және тамақ дайындау шығындарын оңтайландыра алады.

Бұл ретте жылдың бірнеше күнінде Астана қаласында қалың каустикалық түтінмен жабылғанын атап өткіміз келеді. Қалада экологиялық мәселені шешудің радикалды және тиімді тәсілі-өнеркәсіптік нысандар мен жеке секторды газдандыру. 2023 жылы уақтылы қаржыландыру шартымен "Тельман" газ жылу станциясын пайдалануға беру жоспарлануда.

Осыған орай "Тельман" жылу станциясын іске қосу барысында «Бағыстан» тұрғын-үй кешеніне энергияны тұтыну және үнемдеу бойынша талдау есептерін жүргіздік.

«Бағыстан» тұрғын-үй кешенінде жалпы саны 10 үй, соның ішінде 6 үй салыну барысында болса, 4 үй тұрғындармен қоныстанған. Барлық 4 үйде жалпы саны 32 кіреберіс 648 пәтер.

Мысал ретінде «Бағыстан» тұрғын-үй кешенінде 60 м<sup>2</sup> бір пәтерді алайық. Егер аталмыш пәтердің төбесі 3м дейін болса, онда шамамен әр бір метр квадратты жылту үшін 100 Вт энергия көлемі қажет. 60 м<sup>2</sup> \* 100 Вт = 6000Вт немесе 6кВт.

Пәтерді жылту үшін қажет газ көлемін келесі формула арқылы табамыз:

$$V = Q / (q * ПӘК / 100)$$

мұндағы:

V - табиғи газдың меншікті шығыны м<sup>3</sup>;

Q - жылыту жүйесінің жылу шығыны мен қуатының шамасы кВт;

q - орташа табиғи газдың ең төменгі калория мөлшері 9.2 кВт/м<sup>3</sup> құрайды;

ПӘК – конфектор мен газ қазандығының пайдалы әсер коэффициенті.

$$V = 6 / (9,2 * 96 / 100) = 6 / 9,768 = 0,61 \text{ м}^3/\text{сағ}$$

Сонда бір тәулікте қажет жанармай көлемі келесідей

$$0,61 * 24 = 14,64 \text{ м}^3$$

«КазТрансГаз Аймак» ЖШС 2022 жылдың 1 шілдесінің табиғи газының тарифі (тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау тарифін ескере отырып) 38,69 теңгеге тең[4].

Пәтерді жылыту үшін орташа тәуліктік газ тұтыну көлемі

$$14,64 \text{ м}^3 / 2 = 7,32 \text{ м}^3$$

2021 жылы қаланы жылту күндерінің санына көбейтеміз

$$7,32 \text{ м}^3 * 219 \text{ күн} = 1603,08 \text{ тг.}$$

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы күшті және әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлерді талдау.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Елдің энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласын дамыту үшін нормативтік - құқықтық негіздің болуы;</li> <li>2. Экономиканың негізгі салаларында энергия үнемдеу әлеуетінің жоғары болуы;</li> <li>3. Жұмыстың салааралық бағыты;</li> <li>4. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында орнатылған халықаралық ынтымақтастық;</li> <li>5. Энергия үнемдеудің экономикалық тиімділігі және энергия тиімділігін арттыру;</li> <li>6. Экономиканы технологиялық жаңартуға жәрдемдесу;</li> <li>7. Кадр әлеуетінің болуы.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кәсіпорындарда табиғи және сапалы ескірген энергия сыйымды технологияларды пайдалану;</li> <li>2. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша халықтың хабарсыздығы;</li> <li>3. Энергия үнемдеу саласындағы мемлекеттік қолдау тетігінің болмауы;</li> <li>4. Энергия үнемдеудің насихаттау мен көпшілікке тарату деңгейінің төмендігі;</li> <li>5. Әлсіз институционалдық негіз.</li> <li>6. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелерінде мемлекеттік биліктің барлық деңгейінде іс - әрекетті үйлестірудің болмауы.</li> </ol>
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігінің арттыру;</li> <li>2. Энергетикалық ресурстарды ұтымды және орнықты тұтыну;</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мемлекет экономикасының бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуі;</li> <li>2. Энергия ресурстарының тапшылығы;</li> <li>3. Экологиялық жағдайдың нашарлауы;</li> </ol>

<p>3. Экономикада қосымша нарықтарды құру;  4. Қосымша жұмыс орындарын құру;  5. Кәсіпорындардың материалдық - техникалық базасын нығайту;  6. Өндірісті үздіксіз оңтайландыру;  7. Энергия үнемдеу саласында кадрларды даярлау және қайта даярлау;  8. Елде энергия үнемдеуді насихаттау және көпшілікке тарату;  9. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында ғылыми - әдіснамалық база құру және жетілдіру;  10. Атмосфераға ластаушы заттардың шығындыларын азайту.</p>	<p>4. Отын-энергетикалық ресурстарды ұтымсыз пайдалану;  5. Тұрғын үй қорының ескіруі.</p>
--	--

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Организация энергосбережения (эЭнергоменеджмент)»: учебное пособие/ под. ред. Кондратьев В.В. – М.: НИЦ ИНФРА, 2017. – 108 с. //
2. «Энергосберегающие технологии в промышленности»: учебное пособие/ А.М. Афонин, Ю.Н. Царегородцев и др. – 2 изд. – М.: Форум: НИЦ ИНФРА, 2015. –272 с.
3. «Энергосбережение на промышленных предприятиях»: Учебное пособие / Г.Н. Климова Томский политехн. ун-т, 2014. – 180 с.
4. «Экономика электроэнергетики»: учебник / А.В. Пилюгин- 3-изд. Старый оскол, 2018 г, 360 стр.

**Абдыкаримова Ж.З.**

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ**

7М01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының магистранты

XXI ғасыр –қарыштап дамыған білім ғасыры. Білім беруде жана технологияларды пайдалану оқыту үдерісін толық өзгертуге, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған моделін жүзеге асыруға септігін тигізеді. Бүгінде мұғалімнің басты міндеті –педагогикалық технологиялар арқылы оқушының интеллектуалдық, шығармашылық деңгейін жоғарылатып, жекелігін, тұлғалығын, танымдық қызығушылығын қалыптастыру.

Танымдық (интеллектуалдық) ойын бұл күрделі көп құрылымды құбылыс. Ол оқыту әдісі ғана емес білімді бақылау әдісі болуы мүмкін.

Таным – адамның объективтік шындықты ойында бейнелейтін және қайта жаңғыртатын, қоғамдық іс-әрекет барысы. Танымның негізгі және білімнің

ақиқаттығының шарты – танымдық іс-әрекет. Оқушылардың танымдық қызығушылығы адамдық танымның әртүрлілігі және оқу процесінің қарама-қайшылықтарымен байланыста болатын өзінің жеке қарама-қайшылықтарымен сипатталады.

Пәнге деген қызығушылық, танымдылық, қабілеттердің дұрыс қалануына, осы саладағы білім мен ойлау операцияларының жетілуі алғы шарт ретінде игі әсерін тигізеді. Ол білімнің сатылап дамуына, тақырыптың тез әрі жеңіл меңгерілуіде, жаңа ұғым-түсініктердің баланың бойындағы білім қорын байытуға, жинаған білім негіздерін практикада дұрыс әрі белсенді түрде қолдана білуге де септеседі. Түпкі нәтижесінде білімнің саналы игерілуіне тиімді ықпал жасайды. Сол арқылы танымдық қызығушылық бала бойындағы білімді тереңдетіп, кеңейтіп оқу мәнін, қажеттігін сезіндіру арқылы адамзат жинақталған тәжірибені игеру позициясына айналады. Бұл қазіргі білім беру жүйесіндегі педагогикалық психология негіздерін дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу, білімді өз бетінше меңгерту, дамыта оқыту т.б. жүзеге асуының бір жолы ретінде баланың оқуға сыртқы мотивтердің әсерінен гөрі өзінің ішкі талпыныс ниеті арқылы ден қоюын қамтамасыз етеді.

Оқу қызығушылығы болсын, әлеуметтік мотивтер болсын оқушының жеке басының дамуымен, өсуімен байланысты болуға тиіс. Егер оқыту мазмұнына сай мотивтер тәрбиеленсе, оқушы үшін оның әрекеті мәні жоғары құбылысқа айналады. Оқушының позициясы мұндай жағдайда тек мектепке келіп, мұғалімнің тапсырмасын екі етпей, тиянақты орындаумен шектелетін адамның әрекеті түрінде емес, өзінің әрекетінің түпкі мақсат, міндетін түсінетін адамның көзқарасын танытады. Осы оқу танымдық мотивтер арқылы бала білім алумен бірге, сол оқу пәні негізінде берілетін еңбек тәсілдерін де игере алады. Себебі «Оқытудың басты мақсаты оқушыларға белгілі бір білім туралы мағұламат беру емес, оны бақылауға ойлауға үйрету маңыздырақ, балаға белгілі бір білім жиынтығын меңгеруден гөрі, сол білімді үйрену, алу тәсілін меңгеруге қажетті қабілетін дамыту қажет».

К.Д.Ушинский оқушыларды сабаққа тарта білу, олардың оқуға қызығушылығын арттырып, білімге құмарту керектігіне баса көңіл бөлді. Оның пайымдауынша, қызығушылық сапалы оқудың негізгі жолы, ешбір қызығусыз тек қана зорлық күшімен жүргізілген оқу оқушы бойындағы білім алуға деген құштарлықты жояды және бір сарынды және бір бағытта ұзақ жүргізілген іс-әрекет бала өміріне шексіз зиянын тигізеді. Сондықтан, әсіресе бастауыш сыныптарда оқыту барысында әртүрлі оқыту әдістері мен формаларын алмастыра отырып қолдану керек.

Оқушылардың танымдық қызығушылығын оқыту үстінде білімді бақылауды интеллектуалды ойындар қолдану оқушылардың өзіндік тұлғалық ерекшеліктерін ашуға сабаққа дайындық деңгейін арттыра түсуге көмектесе ол мұғалімге оқушылардың білімде кеткен қателіктерді дер кезінде жөндеуге мүмкіндік береді. Ойын барысында оқушыларда белгілі бір мәселені шешу қабілеті өз бетінше ойлау қабілеті, білімге деген құштарлық пайда болады. Сабақта алған білімін практикада іске асыру дағдыларын қалыптастыру үшін

оның элементтерін пайдаланудың орны бөлек. Тиімді пайдаланылған ойын элементтері материалды түсіндіру кезінде берік меңгертуге септігін тигізеді. Қызықты ойын түрінен кейін оқушылар тез серігіп, тапсырманы әрі сапалы, әрі ықыласпен орындайды. Ойынға мынадай әдістемелік талаптар қойылады. Ойынның мақсаты нақты немесе керекті көрнекіліктер мен материалдар күні ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қойылуы керек. Ойынның жүру барысында мұғалім баланың түгел қатысуымен қатар олардың ойын үстінде шешім қабылдай білуіне жетелеу керек. Оқушылардың компьютермен жұмыс жасауы көңіл күйлерін көтеріп, қызығушылық қабілеттерін арттырады.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелілігі бірнеше оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық мәселелердің шешімін ғылыми түрде негіздеуді талап етеді. Оларды бірнеше бағыттарға бөлуге болады:

- оқу үрдісінде ақпараттың технологияларды іске асырудың жүйелі ғылыми-әдістемелік жолын анықтау; - оқушылардың тәжірибелік іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың әдістемесін жасау; - мұғалімдердің ақпараттық технологияларды меңгеру және оқу үрдісінде пайдалану бойынша кәсіби біліктерін жетілдіру- оқушыларды білім, білік, дағдыны меңгеру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануға үйрету;

Қазіргі уақытта оқушыларға сапалы білім беруде компьютердің атқаратын ролі ерекше. Мұғалімнің кәсіптік деңгейі мен оқушылардың қызығушылығын арттыруда бірден-бір құрал – компьютер. Оқу үрдісінде компьютер оқып-үйрену нысаны ретінде, сонымен бірге оқыту, тәрбиелеу, дамыту мен оқытудың мазмұнын меңгеруді диагностикалау құралы ретінде әрекет етеді. Мұның өзі ақпараттық технологияларды пайдаланудың екі бағыты бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Бірінші бағыт тұрғысынан алып қарасақ, ақпараттық технологиялар білім, білік, дағдыны игеру үшін қажетті ресурс болып табылып, оқушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасайды, ал екінші бағыт тұрғысында ақпараттық технологиялар оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады.

Сондықтан білім беруді жаңа сатыға көтеру үшін тек білім мазмұны мен оқыту әдістерін ғана емес, ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану арқылы оқытуды ұйымдастыру формаларын да жетілдіру керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы. 1991 ж
2. Педагогикалық ізденіс. Құрастырған И.Н.Баженова. – Алматы: «Рауан» 1990.
3. Қоқымбаева Т. Мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие берудегі халық педагогикасының маңызы. – Мектептегі психология. 2007 №1.

**Сенкубаев С.Т., Асанова Ж.Н.**

## **МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ПЕДАГОГИКА» ОҚУЛЫҒЫНДАҒЫ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨРІНІСТЕРДІ САБАҚ ҮРДСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОЛДАРЫ**

п.ғ.к., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының профессоры, А.  
Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
7М01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының магистранты

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Ұлттық жаңғыру ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту» деп ашық жазған. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» [1] – деген. Қазақ халқында да осындай оқу-ағарту ісіне мейілінше еңбек еткен ұлы тұлғалар болды. Солардың бірі де бірегейі алаш арыстарының бірі, өзі өмір сүрген дәуірдің бір туар азаматы, халқының патриоты атанған Мағжан ақын зерттеп, этнопедагогиканың негізін салды.

Мағжан Жұмабаев әрі лирик ақын, әрі аудармашы, әрі ұстаз-ғалым. Мағжан Жұмабаев ондаған поэма, жүздеген лирикалық өлеңдерін жазумен бірге, оқытушылық қызметті атқара жүріп, тұңғыш педагогикалық оқулықтар жазып қалдырды. Ол жазған «Бастауыш мектепте ана тілі» (1925), «Сауатты бол» (1926), «Педагогика» (1922) атты оқулықтары педагогика және әдістеме ғылымдарына қосқан тың үлес болып саналады. М.Жұмабаев орыс, батыс педагог-психолог ғалымдар еңбектерін оқи отырып, сонымен бірге тәрбиенің ұлттық ерекшеліктерін ескере өзінің «Педагогика» атты оқулығын жазудағы ұстанымын былайша сипаттайды: «Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым... Бізде бұрын пән тілі болмағандықтан түрлі терминдерге тап басқанда қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда курстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орыс сөздері қазақшаға айналдырылды. Ал енді жиһан тілі болып кеткен сөздері қазақшаға аударам деп азаптануды тиіс таппадым» [2]. Шынында да ол



кезде қазақша педагогикалық терминдер жоқтың қасы еді. М.Жұмабаев жүздеген педагогикалық жаңа терминдерді ойлап тауып, тілімізге енгізген.

Педагогика пәнін М.Жұмабаев 5-ке бөледі:

1. Жалпы педагогика. Адамның дене һәм жан күштерін тәрбие қылу жолдарын көрсетеді.

2. Дидактика. Оқытудың негізгі жолдарын көрсетеді.

3. Методика. Оқытудың негізгі жолдарына негіздеп, белгілі бір пәнді қалай оқыту жолдарын көрсетеді. Мысалы, мектепте қазақ тілі пәнін қалай оқыту керек екендігін үйрететін пән — қазақ тілінің методикасы деп аталады.

4. Мектепті басқару. Бұл пән мектеп қалай салынуға, қалай басқарылуға тиісті, сынақтарға шәкірттерді қалай бөлу керек, оқу уақытын қалай белгілеу керек. Міне осылар сықылды мектеп құрлысы жолдарын көрсетеді.

5. Педагогика тарихы. Түрлі заманда түрлі тәрбиеге адамзат қалай қараған, қандай жолдармен жүрген, тәрбие дүниесінде қандай білімпаздар өткен, олар қандай жаңа жолдар тапқан. Педагогика тарихы осыларды баяндайды [2].

Мағжан өз «Педагогикасында» «Баланы ешбір уақыт қорқытпау керек. Баланы қорқыту – қып-қызыл зиян. Жасында қорқытылып үйренбеген бала өскенде ер болады. Ерлікке іспен үйрету керек. Баланы ұру, соғу ісі адамшалыққа ұнамайтын іс», - дейді [3]. Ендігі жерде мектебімізде оқу-тәрбие ісінде ізгілік, демократияландыру принциптері етек жаюы керек-ақ. Ұлттық қағидаларды оқу-тәрбие ісіне терең кіргізе отырып, оны әлемдік алдыңғы қатарлы өркениетті идеялармен қабыстыру қажет. Ол үшін тілдерді тереңдете оқу, әсіресе, қазақ, шетел тілін 3-4 жастан оқытуды қолға алу. Тәрбиенің басты ұстанымдары жалпы адамзаттық құндылықтарды және тұлғаны қалыптастыру, өз халқының мәдениетін, әдебиетін, тілін, салт-дәстүрін сүю арқылы басқа халқының да тілі мен мәдениетіне құрметпен қарайтын адам қалыптастыру.

Бүгінгі ұрпақ – бақытты ұрпақ. Өйткені олар ата-бабамыз ғасырлар бойы армандап кеткен егемендікті көрді. Ғасырлар тоғысында өмір сүруде.

Жаңа ғасыр мектебін қалыптастыру үлкен ойлылықпен, іскерлікпен шешілетін мәселе. Ғасыр басында Мағжан Жұмабаев өзінің «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз» деген еңбегінде: «...біздің дағдарып тұрған мектебімізді бастап алып кететін даңғыл жол жоқ. Сондықтан оқу құралын жазып жатқан азаматтар бұл оқу құралы қандай мінезді мектепке арналады – сол туралы ой жүргіртсе игі болар еді. Кең қазақ мектебіне негіз іздегенде, таза пәк көзінен, яғни мектеп құрылысының қазақ жанына қабысу жағынан келуі дұрыс болар еді», - деп жазады. Мағжан Жұмабаевтың бұл ойы қазіргі күнде де бағасын жоғалтқан жоқ [4]. Себебі оқулық мектеп үшін де, оқушы үшін де, қоғам үшін де ең басты құрал. Өкінішке орай бүгінгі оқулықтар көп көңілінен шығып тұрған жоқ. Мектепті жөндейміз деп соқыр еліктеуден аулақ болу керектігін де Мағжан кезінде көрегендікпен ескертіп кеткен-ді: «Мектебімізге негіз саламыз дегенде ескертетін іс-соңғы кезде соқыр еліктеу ауруы біздің жанымызға сіңіп барады. Міне осыдан сақтану керек».

Мағжан Жұмабаев өзінің қысқа өмірінде нағыз поэзия биігіне самғаған, оның асқар асуларынан өлшеусіз нәр алған біртуар, әмбебап зиялы қайраткер

болды. Сонымен бірге оның тәлім-тәрбие ғылымының теориялық, жағына төңкерістен кейін тұңғыш терең үнілушілердің бірі болуы Мағжан дарынының тағы бір қырын көрсетеді. Осы тұрғыдан, Мағжан 1922 жылы «Педагогика» атты (Ташкент, Орынбор) ғылыми еңбек жазды. Сол кездегі көрнекті қазақ, зиялыларының бірі - белгілі ғалым-педагог, публицист М.Жолдыбаев осы кітаптың беташарына былай деп жазыпты: «Заманға дәл жаңа кітап шыққанша малданып, одан кейін оқып, салыстыра қарап, бұрынғы жазғандардың адасқан жерін тауып отыруға Мағжан педагогикасы іздесе таптырмайтын пайдалы тарихи материал...». Өз кітабы жөнінде автор былай дейді: «Бұл кітап 2-3 жыл бұрын қысқа уақыттың мұғалімдер курсына оқытылған дерістерден түзілген еді. Бұл күнге дейін басылып шығып, жарық көре алмады». Біз бұдан кітаптың басылуы оған оңай болмағанын, көпшілік талқысына түсіп, тәжірибелі мұғалімдердің сынынан өткен еңбек екенін байқаймыз.

Мағжан Жұмабаев тағы да былай деді: «Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым... Бізде бұрын пән тілі болмағандықтан, түрлі терминдерге таңдап тап басқанда қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда, курстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орысшадан қазақшаға айналдырылды. Ал енді жаһан тілі болып кеткен сөздерді қазақшаға аударам деп азаптануды тиіс таппадым». Автор өз еңбегін төрт аяғын тең басқан дүние демейді. Сөйтіп тұрса да, бұл еңбектің ғылыми әлемді елең еткізген керемет туынды екені хақ.

Мағжанның педагогикалық көзқарасы тек мектепте, білім беруде ғана шектелмеген. Сонымен қоса отбасы мүшелеріне де құлақ салып тыңдайтындай еткен. «Баланы қорқыту, оны жазалау дұрыс емес. Бір нәрсені бала жазадан қорыққаннан ғана істейді, бала өтірік айтуға, алдауға үйренеді», - деген Мағжан Жұмабаевтың сөзінен, ата-аналар сабақ алардай етіп жазған. Қорытындылай келгенде Мағжан Жұмабаев еңбектері ұлт тәрбиесін қалыптастыруда бірден бір көмекші құрал болары сөзсіз. Ұлы М. Жұмабаевтың еңбектеріндегі ұстаздық-тәлімгерлік идеялары біз үшін өте құнды дүниелер болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Астана, 12 сәуір, 2017 жыл.
2. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы. 2012
3. Тоғжанов Ғ., Әдебиет және сын мәселелері, К.-0., 2015;
4. С.Сеңкібаев. Мағжанның ұстаздық-тәлімгерлік идеялары және олардың дамуы // Білім. 2015. №3 -306 б.
5. Б. Базарбаева, О. Бөдесова. М.Жұмабаев атындағы педагогикалық бағдарлы мектебінің болашағы // Ұлағат. 2013. №1 Б:16-18

**Иманова А.Н., Аязбаева А.Б.**

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ – ҚҰЛҚЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІ**

п.ғ.м., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А.  
Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
7М01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының магистранты

Ұрпақ тәрбиесіне біздің халқымыз ешқашан бей – жай қараған емес. «Бала тәрбиесі – отбасынан басталады» деп дана халқымыз айтып кеткендей, отбасындағы тәрбие балаға берілетін ең алғашқы білім көзі, нәрі болып табылады. Жалпы жас ұрпақ тәрбиесіне халқымыз да, асыл дініміз ислам діні де, бала тәрбиесі, отбасындағы қарым – қатынас, ата – ананың бала тәрбиесіндегі рөлі тағы басқадай тақырыптар жайлы маңызы зор, тәлімді де парасатты насихаттар айтуға жалыққан емес. Баланы тәрбиелеу ешқашан салғырт қарауды қаламайтын, күрделі де жауапты, маңызы зор іс. Ұлды өз Отанын сүйетін, ержүрек, халқына қызмет ете алатын, нағыз азамат қылып тәрбиелейтін де, қыз баланы ибалы, салмақты, ақылына көркі сай етіп тәрбиелейтін де ата – ана. Адамды адамгершілік қасиеттерге байытып, қалыпқа келтіретін де, дұрыс жолдан тайып, аздырып, тоздаратын да тәрбие жұмысы болып табылады. Балаға кішкентай кезінде әсер ететін құбылыстар сан алуан болғанымен, оларға тәрбие беріп, дұрыс жолға салатын әрине ата – ана. Кейде ата – аналар бала тәрбиесіне салғырт қарағандықтан, немесе баланы тым қатаң ұстағаннан, ата – әжелерінің «Ерке балалары» т.б. көптеген факторлар отбасында «Қиын баланың» болуына себебін тигізеді.

Отбасында «Қиын бала» қалай пайда болады? Алдымен «Қиын бала», «Тәрбиесі қиын бала» сөздерін дұрыс ажырата білгеніміз жөн. Педагогика бойынша, қарапайым нормаларға көнбейтін, педагогикалық назардан тыс қалған, адамгершілік қасиеттер дамуында ауытқушылық бар бала типі. Осындай сұрақтар ата – аналар мен педагогтарды, далпы қауымды алаңдатып, толғандыратын жиі сұрақтардың бірі. Және бұл сұраққа дәл дауап беру қиындық туғызады. Себебі, баланың «қиын» аталуы бұл аз уақыттың нәтижесі емес [1].

Тәртібі қиын оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту қазіргі уақытта әлеуметтік-педагогикалық мәселе ретінде қарастырылады. Мұның өзі «тәртібі қиын» оқушылар санының жылдан жылға артып келе жатқандығын көрсетеді. Бұдан сәл ертерек уақытта «қиын оқушыларға» көбіне жасөспірімдерді жатқызсақ, қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларының арасында да осы топқа жататындар аз емес екендігі байқалады. Сондықтан «қиын оқушыларды» ерте жастан бастауыш мектеп кезеңінен бастап қолға алып, олардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуларына мүмкіндік жасалуы қажет. «Тәртібі қиын оқушыларды» тәрбиелеу жүйесінде адамгершілік тәрбиесі маңызды орын

алатыны белгілі. Мораль нормаларына жауап беретін айналадағы болмысқа жеке адам көзқарастарының сансалалығын ескере келгенде, адамгершілік тәрбиенің жеке тұлғаны қалыптастырудағы рөлі өте зор.

БІ. Алтынсариннің педагогикалық көзқарасынан да бүкіл әлемдік тәлім-тәрбиенің деңгейі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық қасиеттерінен көрінетінін байқадық. Ол өз еңбегінде: «Мен балаларды жазалауды қалайтын қатал адам емеспін. Бірақ тентек етіп өсірсен, балалардың адамгершілік қасиетін жойып аласың», - деді.

«Тәрбие мақсаты баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, болашақ өз заманына лайық қылып шығару ғой» деп М. Жұмабаев тәрбие мақсатын келер күн талабымен байланыстырғысы келеді. Қазіргі таңда, ақпараттың дамыған заманында, бәсекеге бейімді ұрпақ тәрбиелеу оңай іс емес. Интернет желісімен санасын улап, психологиясы әлсіз, тынымсыз, шыдамсыз оқушыларды өмірдің алауан түрлі сынына дайындаудың қиындығын М. Жұмабаев болжап дұрыс айтқан [2]. Қиын бала мінез-құлқын ғалымдар жан-жақты қарастырғанына қарамастан, бұл мәселенің әлеуметтік педагогикалық мүмкіндіктері нақты көрсетілмеген. Балалардың қиын тәрбиеленуінің өзіне тән себептері бар, олар: отбасы, мектеп тәрбиесінің кемшіліктері, тұлғалық және биологиялық факторлар мен қоршаған қоғам ықпалы.

Қиын балалармен тәрбие жұмысын жүргізудің өзіндік топтары бар және олармен тәрбие жүргізудің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл мәселенің басын шешу ата-анадан, қоғамнан бастау алатыны сөзсіз. Ол үшін отбасы ішіндегі мәселелерді орнықтыру бірінші орында болу керек.

Қазіргі жас ұрпақтың болашақтағы еліміздің ертеңі болып табылатын балалардың сана-сезімін, мінез-құлқын, ақыл-ойын дамыту үшін өзін-өзі басқаруды нығайтып ұжымдық, шығармашылық істерге қатыстырудың тәрбиелік маңызы зор. Сондықтан мектепте жүргізілетін тәрбие жұмыстарында ұстаз оқушылардың жеке жас ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс істегені абзал. Себебі мұғалім оқу-тәрбие саласында қандай жұмыс жүргізгенімен, сыныптағы оқушылардың мінез-құлқын жете білмесе, алға қойған мақсаттарына жете алмайды [3].

Отбасы дағдарысын реттеу және оның тәрбиелік ықпалын көтеру бағытында педагогтар мен психологтардың беретін ұсыныстары мен ақылдары.

Бұл жағдайда педагогика ешқандай жаңалық ашып бере алмайды: тәрбиенің қоғамдық, экономикалық қатынастардың жалпы заңдылықтарына тәуелділігі объективті шындық [4]. Білім беру мекемелерінен балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлықтарының қиындауы, іс-қимылдарының алдын алуын және оны жеңу жолдарының тәрбиелік рөлін арттыру.

Мектептерде арнайы білім дәрежесінде дайындалған әлеуметтік педагогтар мен психологтар қызмет атқарады. Бұл мамандарға балалар мен жасөспірімдер оқу және тәрбие барысында сенім артады. Оқытушылардың қызметіндегі басты бағыт тәрбиеге беріледі. Педагогтардың педагогикалық қызметтеріндегі жіберген қателіктері мен кемшіліктері, олардың тәрбиеленушілеріне жағымсыз ықпал етеді.

Қазіргі таңда отбасылардың арасындағы келіспеушілік, отбасындағы қарама-қайшылықтардың болуы балаға қатты әсер етеді. Отбасында берекенің болмауы, ата-балаға тәрбие беретін, ата-ананың жаман жолға, ішімдікке салынуы, нашакорлыққа бой ұруы, баланың алдында бір-бірін балағаттауы өсіп келе жатқан жеткіншек санасына теріс пікір қалыптасуын арттырады. Бала жасынан сүйіспеншілікке, отбасында махаббат мейіріміне бөленбей қатал, қатыгез болып, кейін жас өскен сайын қылмыскер болуы да ғажап емес. Қазіргі кезде отбасындағы жанжалды көрген балалар әкесінің анасына қол көтергенін көріп өсіп, кейде анасын қорғаймын деп, қылмысқа да барып қалып жатқан тұстар болады. «Тәртібі қиын оқушы» болып шыға келеді. Балаға жас ерекшелігіне қарай тәрбие берсе, сөзсіз, тәрбиелі ұрпақ қалыптасатынына нық сенім- мен қарауға болады. Осы орайда «егер бала бұзақы бола бастаса, онда бұған бала кінәлі емес, педагогикалық әдістер кінәлі» деген А. Макаренконың пікірін қайта қарауға тура келеді. Пайдасыз әдістердің зиянды салдарын түзеу үшін жан-жақты ойластырылған, ғылыми негізделген педагогика-лық-психологиялық жүйе болуы керек. Ал ұлы Абайдың сөзі қайта тәрбиелеу ісін жігермен бастауға дем береді. Ол жеке тұлғаның қалыптасып дамуы туралы былай тұжырымдайды: «Баланы ең алдымен қоршаған ортасы, көшесі тәрбиелейді».

Халықтық педагогиканы, яғни этнопедагогиканы, оқыту үрдісінде пайдалана отырып, ұлттық тәрбие беруде жеткіншектерге тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт-дәстүрін меңгерту оқушыларға қажет. Сол арқылы ұрпаққа ақыл-ой, еңбек, адалдық, эстетика, отбасы тәрбиесіне байланысты тәлім-тәрбие беретіні ежелден белгілі. Бала туғаннан отбасы мұндай қасиеттерді бойына сіңіре беру керек. Сонымен қатар жасөспірімдерді нашакорлықтан, ұрлықтан арашалауда, олардың санасына кісілік, адамгершілік қасиеттің рухын ұялатуға берері көп ата- бабаларымыз әдептілігімен, өнерпаздығымен, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген өзара достық қарым-қатынасымен, ерен еңбегімен балаларына үлгі-өнеге көрсеткен. Енді ғана тілі шығып келе жатқан балаға жас кезінен мақал-мәтелді, жаңылтпаштарды, ертегілерді сіңіріп өсірсе, «Бала біздің болашағымыз» деп санайтын әрбір ата-ана үшін дұрыс жол болып саналады. Ол дұрыс ұрпақ қалыптастырудың бірден-бір жолы болып табылады [5].

#### Әдебиеттер тізімі:

5. Керімов Л.К. «Қиын» оқушылар және оларды қайта тәрбиелеу мәселелері. – Алматы: Жазушы, 1991. 25-б.
6. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994. 76, 77-б.
7. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Атамұра, 2000. 83, 84-б.
8. Қалиева Г. Қазақстан мектебі. – 2002. № 4. 22, 23-б.
9. Қоянбаев Ж.Б. Отбасы балалар және жеткіншектер тәрбиесі. – Алматы: Рауан, 1990. – 234-б.

**Сенкубаев С.Т., Бейсенбекова А.С.**

## **ОПТИМАЛЬНЫЕ МЕТОДЫ ФОРМИРОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ В СИСТЕМЕ УРОКА**

К.п.н., профессор кафедры «Социально педагогических дисциплин»  
университета им. А. Мырзахметова, г. Кокшетау  
Магистрант образовательной программы 7М01303 «Педагогика и методика  
начального обучения»

Применение современных педагогических технологий в системе образования в настоящее время является основным требованием. На сегодняшний день проблема педагогической технологии является предметом исследования с позиций теоретического и научно-прикладного направления. Теоретически педагогическая технология рассматривается как категория педагогики, определяется ее сущность, структура; изучаются научные основы педагогической технологии в различных сферах педагогической деятельности (дидактика, воспитание, управление образованием; исследуется методология и теория проектирования педагогической технологии, раскрываются основы теории педагогической технологии.

В настоящее время, значительно увеличилась роль информационных технологий в жизни людей. Современное общество включилось в общеисторический процесс, называемый информатизацией. Этот процесс включает в себя доступность любого гражданина к источникам информации, проникновение информационных технологий в научные, производственные, общественные сферы, высокий уровень информационного обслуживания. Процессы, происходящие в связи с информатизацией общества, способствуют не только ускорению научно-технического прогресса, интеллектуализации всех видов человеческой деятельности, но и созданию качественно новой информационной среды социума, обеспечивающей развитие творческого потенциала человека [1].

Одним из наиболее эффективных путей развития сферы образования является информатизация образования, внедрение информационных технологий в образовательный процесс, что приводит к достижению качественно новых образовательных результатов. Важной составляющей современного образования является материально-техническое обеспечение учебно-воспитательного процесса, освоение преподавателями современных информационных технологий, которые, несомненно, оказывают положительное влияние на качество организации образовательного процесса.

Основные направления внедрения информационных технологий в образовании:

- использование в качестве средства обучения, совершенствующего процесс преподавания, повышающего его качество и эффективность;
- использование средств новых информационных технологий в качестве средства творческого развития обучаемого;

- использование в качестве средств автоматизации процессов контроля, коррекции, тестирования;

- интенсификация и совершенствование управления учебным заведением и учебным процессом на основе использования системы современных информационных технологий.

Формирование информационного общества становится необходимым условием в условиях быстро развивающегося и широкого использования информационно – коммуникационных технологий для обмена данными, общения людей, отвечающих современным требованиям. Основное требование информационного общества-дать учащимся основы информационных знаний, развить логическое мышление-структурное мышление, сформировать навыки использования информационных технологий и воспитать умение адаптироваться к течению века и росту информационно-грамотного социума, т. е. адаптироваться к информационному обществу. Информационная технология-совокупность математических и кибернетических подходов и современных технических средств, обеспечивающих процессы сбора, хранения, обработки и транспортировки информации на основе современной компьютерной техники. Коммуникация-общее понятие, включающее методы и механизмы передачи информации и устройства их фиксации и обобщения. Функции общеучебного процесса в условиях информационно-коммуникативной технологии определяются: обучением, воспитанием, развитием, информационным прогнозированием и развитием творческих способностей. Развитие информационно-коммуникационных технологий является частью образования. Хороший результат дает использование компьютера, электронного учебника, интерактивной доски для ежедневных занятий. Система образования реализуется посредством электронной связи, обмена информацией, интернета, электронной почты, телеконференций, online занятий [2].

Информационно - коммуникативные технологии полностью изменили наш образ жизни. Сегодня в Казахстане на уровне государства проводится большая исследовательская и практическая работа по внедрению и развитию информационных технологий. Такие преобразования коснулись учреждений образования Республики Казахстан, а в частности средних общеобразовательных школ, гимназий, лицеев.

В стратегии «Казахстан – 2050: новый политический курс состоявшегося государства» Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев говорит следующее: «Чтобы стать развитым конкурентноспособным государством, мы должны стать высокообразованной нацией .

В современном мире простой поголовной грамотности уже явно недостаточно. Наши граждане должны быть готовы к тому, чтобы постоянно овладевать навыками работы на самом передовом оборудовании и самом современном производстве. Необходимо также уделять большое внимание функциональной грамотности наших детей, в целом всего подрастающего поколения. Это важно, чтобы наши дети были адаптированы к современной жизни. Мы должны интенсивно внедрять инновационные методы, решения и

инструменты в отечественную систему образования, включая дистанционное обучение и обучение в режиме онлайн, доступные для всех желающих» [3].

Новая организация обучения должна включать в себя следующие задачи:

1. вовлечение учащихся в управление учебным процессом;
2. сделать коллективную деятельность средством общего общения;
3. дифференцированное и индивидуализированное обучение по уровням.

Именно «информационная система обучения», «система дистанционного обучения», «критическое мышление», включающая в себя эти задачи, обучает ребенка в зоне ближайшего развития посредством деятельности, направленной на теоретическое мышление, с учетом закономерностей развития обучающихся. Большинство технологий обучения, направленных на реализацию именно этих задач, стремятся сделать ребенка субъектом своей деятельности на основе коллективной мыслительной деятельности, решая конкретные учебные задачи в ходе целенаправленной учебной деятельности, развитие формирует у ребенка совокупность приемов и ценностей, умений, наряду с информационными и общими знаниями посредством деятельностного способа обучения, предотвращающего педагогическое воздействие [4].

Информационное обеспечение современного образовательного пространства должно находиться на таком уровне, какой бы позволял педагогу решать все стоящие перед ним учебно-воспитательные задачи быстро и эффективно. Информационные технологии позволяют найти решение (или набор решений) для той или иной педагогической ситуации. Новые информационные технологии в образовании в целом и в обучении истории, в том числе, могут быть применены преподавателем практически на всех этапах учебного процесса, в частности: при подготовке теоретического материала; при создании информационно-методического обеспечения по дисциплине; при разработке демонстрационных материалов для занятия; при проверке знаний обучающихся; для сбора и анализа статистики успеваемости. Данный перечень может видоизменяться и расширяться педагогом в соответствии со спецификой педагогической деятельности [5]. Таким образом, применение информационных технологии научно-познавательной информации, урок становится более интересным и увлекательным, качество обучения повышается.

#### **Список литературы:**

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 г.
2. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы.
3. В стратегии «Казахстан – 2050: новый политический курс состоявшегося государства».
4. Ишангалиева А. М. Интеграция компетентностных знаний и возможностей // методика преподавания иностранного языка. - №2. - с. 34.
5. Загвязинский В.И. Теория обучения: современная интерпретация: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В.И. Загвязинский. - М.: Изд. центр "Академия", 2001. - 192 с.



Сенкубаев С.Т., Билалова Н.

## **БАСТАУЫШТА МАТЕМАТИКА САБАҒЫН ОҚЫТУДА КӨРНЕКІЛІК ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОЛДАРЫ**

п.ғ.к., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының профессоры, А.  
Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
7М01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының магистранты

Математика – әлемнің сандық қатынасы, оның ішіне пішіндер, түрлі структуралар, логикалық есептер, санау жүйелерін кіргізе аламыз. Математика – балалардың ойын жетілдіретін ғылым. Балаларға ой салу арқылы ақыл – парасаттылыққа жетелей аламыз, баланың логикасын жетілдіреміз. «Математика ойдың гимнастикасы»-деп, бекер аталмаған. Бұның өзі математиканың балалардың ойлау қабілетін дамытудың айрықша рөлі. Ойын-бала өміріндегі үлкен орыналады. Сондықтан әр ұстаз әр пәнге қызығушылығын арттыру үшін ойын тәсілін қолданған дұрыс деп санаймын. Мәселен балаларды математика сабағына қызығушылығын арттыру дидактикалық ойындарды дұрыс пайдалануды жөн көремін. Дидактикалық ойындарды пайдалану арқылы оқушылардың ой-өрісін, білімін дамытамыз. Ойын арқылы баланың танымдық, шығармашылық ой – сапаларын жетілдіретін тәрбие және оқу құралы ретінде пайдаланамыз. Дидактикалық ойын барысында оқушылардың жас ерекшелігіне қарай тапсырмалар беруіміз керек.

Дидактикалық ойын түрлеріне:

-Заттық дидактикалық ойындар. Бұл ойын әр түрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады.

-Үстел үсті ойындар: лото, домино, қарлы кесек тағы басқа ойындарды жатқыздыра аламыз.

-Сөздік дидактикалық ойындар, яғни тапсырмаларға ауызша жауап беру.

Дидактикалық ойындар көп салалы, күрделі педагогикалық әдістерінің бірі. Ойын түрінде белгілі бір тақырыпта оқушыларға түсінікті, әрі сабаққа зейінің артыру мақсатына қарай дидактикалық тапсырмаларды қолдана аламыз. Мысалы: әртүрлі заттарды көрсету арқылы сұрақтар қойып түрлі ойын сюжетін құрауға болады.

Мектепте математика пәні – оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, өз бетінше ізденісін қалыптастыруда ерекше рөл атқаратын пәндердің бірі. Ал айда, кейбір оқушылар оны тез игеріп кете алмайды. Сондықтан да оқытудың түрлі әдістерін дұрыс тандап, оқушылардың ой - өрісін, сана - сезімін, жан жақты дамыту қажет. Осы мақсатта мен өзімнің көрнекілікті қолданудағы қолданудағы тәжірибеме тоқтала кеткім келіп отыр.

Көрнекілік – мұғалімнің шығармашылық ізденісі мен шеберлігі.

Көрнекілік дегеніміз – оқытуда заттар мен құбылыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр- сипаттарын сезім мүшелері арқылы көзбен көріп, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық құрал.

Математика сабағында басым қолданылатын көрнекілік түрлері:

- демонстрациялық көрнекілік құралдар,
- қоршаған айналаның заттары,
- кестелер,
- өлшеу құралдары,
- кеңістік фигуралар модельдері,
- дидактикалық материалдар,
- иллюстрациялар.
- Техникалық көрнекілік:
- кодоскоп,
- графопроектор,
- компьютер (электрондық оқулық),

Математика сабақтарында компьютерді қолданудың тиімділігі:

- ауызша жаттығулар орындау барысында,
- жаңа тақырыпты оқыту барысында
- фронтальды –өздік жұмыс жүргізу барысында
- оқытуға арналған есептер шығаруда
- оқушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру

Бастауыш сынып оқушылардың әлі де ойын баласы болғандықтан, мұғалім ойын түрлерін жалықтырмай қызықты өткізуге тырысу қажет –деп ойлаймын. Ойындарды қызықтырып өткізген жағдайда баланың сабаққа құштарлығын көре аламыз. Мұғалім үшін де үлкен қуаныш және нәтиже. Мысалы: балардың көрген нәрселерін немесе естіген дыбыстар, түрлі суреттер арқылы естеріне сақтау арқылы үйрене алады. Әр мұғалім өз қиялына қарай дидактикалық тапсырмаларды ойластыра алады.

Мысалы: фигураларды қиып әр фигураға сәйкестендіру немесе түрлі картондар арқылы сандарды жасау арқылы өсу ретімен қою секілді дидактикалық суреттерді пайдаланып жасай аламыз.

Ойын – күнделікті бала өмірінің бастамасы. Өйткені ойын үстінде баланың ертеңгі өмігерге деген қабілеті байқалады. Ойын ойнау барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті байқалады. Математика сабақтарында дидактикалық ойындарды жана тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, жаттығу сабақтарында да пайдалануға болады. Тақырыпқа сай жүргізілген ойын түрлері, әсіресе тәрбиелік мәні бар ойын элементтері оқушының ойлау белсенділігін арттырады. Сондықтан мұғалім әр сабақта дидактикалық ойын түрлерін орнымен қолдансақ, оқушының ынтасын сол пәнге деген сүйіспеншілігі арттырады. Балаларға ең алдымен өздеріне таныс халық ойындарын ойнату пайдалы –деп ойлаймын.

Көрнекілік қолдану барысында тақырыпты меңгеру сапасы көп жағдайды жоғарлайды, себебі жұмысқа көру, есту, сөйлеу қаблеттері қосылады.

Сабақта көрнекілікті қолданудың дашешуші маңызы бар. Шектен тыс көп көрнекілік пайдалану арқылы оқушы ойын шашыратып негізгі білімінен ауытқуын болдырмау жағын ескергені шарт.

Көрнекіліктерді қолдануды мынадай талаптарды ескерген дұрыс:

- көрнекіліктер оқу процесінде сай дайындалу керек
- эстетикалық тәрбие беру мақсатында балалардың талғамын өсіретіндей әсем, ұқыпты да тартымды орындалғаны жөн
- жүйелі жинақты тұруы тиіс
- тақырыптың мазмұнын аша түсіп
- толықтыратындай болуы керек
- көрнекілікті сабақтың мазмұны мен түріне қарай таңдай білуіміз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 12 сәуір, 2017 жыл.
2. «Бастауыш мектеп». №2. 2003 ж.
3. «Математика и физика в школах Казахстана». – Алматы: Ғылым. 2019
4. «Әдіскер мұғалім». №1, 2015.
5. «Математика сабақтарында информациялық технологиялар». – Астана: Ұлағат. 2014.

**Абильмажинова Б.Ж., Досанова Е.А.**

## **ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРҒА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ – ПСИХИКАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ**

п.ғ.к., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А.  
Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
7М01101 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының  
магистранты

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне байланысты, отбасының қатысуымен білім беру саласында қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беруге толық енгізу және әлеуметтік ортаға бейімделуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру саласында оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім

беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады [1].

«Ерекше» балалардың ата-аналарымен тиімді жұмысты қамтамасыз ету үшін мамандар отбасындағы эмоционалдық қарым-қатынасты түсінуі тиіс. Педагогтарға проблемалы баланың ата-аналарының рөліне бейімделудің әртүрлі кезеңдерінде тұрған ересектермен жұмыс істеуге тура келеді. Мамандарға «ерекше» отбасы мүшелері өзінің отбасылық мәселесі туралы басқа ересектермен қаншалықты сөйлесуге дайын екендігін, түзету-дамыту процесіне қалай қарайтынын, олардың үміттері қандай екенін, олардың білім беру мекемесінің медициналық-психологиялық-педагогикалық персоналымен мүлдем ынтымақтасуға дайын екендігін білу маңызды.

Ата-аналарды түзету-педагогикалық процеске қосу ерекше білім беру қажеттілігі бар баланың дамуының маңызды шарты болып табылады. "Ерекше" баласы бар отбасының эмоционалдық, әлеуметтік, жеке және басқа да ерекшеліктерін есепке алу оның педагогикалық әлеуетін тиімді пайдалану тиімділігін арттырады, бұл оның ең маңыздысы болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеу тиімділігінің факторларын анықтау. Психологиялық стрессті сәтті орындаған барлық ата-аналарға өздерінде балаға барабар қарым-қатынасты қалыптастырған және оны тәрбиелеумен белсенді айналысқысы келетін ата-аналарға келесі маңызды қағидаттарды сақтау ұсынылады:

1. Даму проблемалары бар баланы тәрбиелеу мен оқыту процесіне отбасының барлық мүшелері қатысуы тиіс.

2. Барлық отбасы мүшелеріне балада бар Даму бұзылуының табиғаты, онымен дұрыс жүріс-тұрыс сызықтары және ақауларды түзету тәсілдері туралы түсінік болуы қажет. Отбасы тәрбиесінен басқа, балаға мамандардың кәсіби көмегі қажет, бұл ретте олардың тәрбиелеу процесіне қатысу дәрежесі баланың даму ақауларының ауырлығына байланысты анықталады.

Барлық балалар махаббат пен ласканың тапшылығын бастан кешіруде, ал дамуында ауытқулары бар балалар ерекше көңіл-күймен ерекшеленеді. Бала отбасында оны жақсы көретініне және бағалайтынына сенімді болуы керек, сол кезде ол белсенді дамиды болады, ал қажетті білім мен дағдылар одан да сәтті қалыптасатын болады. Сондай-ақ, екі ата-ананың да баланы тәрбиелеумен байланысты кез келген мәселелер туралы Оңай және кедергісіз келісе алуы өте маңызды. Тек мұндай жағдайлар ғана оның жан жайлылығы жағдайында өсіп, дамидынығына және қорғалу сезіміне кепілдік береді.

Есту, көру және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларды тәрбиелеу кезінде ата-аналар баланы мұқият бақылау және оның жағдайын бағалау қағидатын сақтауы тиіс. Айталық, сөйлеу қабілеті бұзылған балаларды тәрбиелеу кезінде міндетті түрде бала өз қажеттіліктерін сөз арқылы білдіруге қабілетті емес екенін ескеру қажет, сондықтан ата-аналар оларды бет-әлпеті, қимыл-қимылы,

дауыс интонациясы немесе қалпы бойынша тануды үйрену керек. Сондай-ақ баланың қалыпты әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін нормативтік мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру қағидасын сақтау қажет. Әсіресе, бұл принцип ақыл-ойы бұзылған балаларды тәрбиелеуде маңызды. Ата-аналар бала үшін социумдағы дұрыс мінез-құлықтың эталонына қызмет ету маңызды, олардың өзінің барабар емес мінез-құлық баланың психикасына теріс әсер ететінін және оның дұрыс емес ұстанымдарын қалыптастыратынын түсінеді.

Т. Т. Максотова тұрғысынан. Мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасы - бұл ерекше мәртебеге ие отбасы. Олардың ерекшеліктері мен проблемалары, сол отбасы мүшелерінің жеке ерекшеліктерімен, олардың өзара қарым - қатынастарымен ғана анықталмайды, бұл отбасында кемтар баланың қиындықтары басым болады, көп жағдайда, мүгедек баланың анасына, жұмыс істеуден бас тартуға тура келеді. Кішкентай мүгедек балалар оқшау өмір сүрмейді, отбасы, бала үшін анағұрлым жайлы, әрі жақын әлеуметтік орта. Бірақ, отбасында кемтар баланың болуы тәрізді жағдай отбасының кейбір мүмкіндіктерін шектейді. Мысалы, отбасы мүшелеріне мол табыс табу мүмкіндігінен, әлеуметтік Қоғамға әкелетін қасіреті бала ның өзіне доста рына туысқан дарына атаанаға емдеу орынына мектепке белсенділіктен немесе алыс, қымбат жерлерде демалу тәрізді мүмкіндіктерден, бас тартуға тура келеді.

Даму мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған отбасылардың, әдетте дәрігерлік және әлеуметтік қызметтерге қажеттіліктері, олардың әлеуметтік жағдайына сай бола бермейді. Осыған байланысты, әлеуметтік ұйымдардың, мекемелердің қызметкерлері, мұндай отбасыларына әлеуметтік реабилитациялық көмек көрсетеді. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік реабилитациялау технологиясы, барлық шараларға ата - аналардың қатысуын міндеттейді. Сөйтіп, балалар мен ата - аналарды қатар оқып үйретеді, ата - аналар үйде баламен жұмыс істеуге, оны әлеуметтік ортада, тәуелсіз өмір сүруге баулуға үйренеді.

Даму мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған отбасылардың, әдетте дәрігерлік және әлеуметтік қызметтерге қажеттіліктері, олардың әлеуметтік жағдайына сай бола бермейді. Осыған байланысты, әлеуметтік ұйымдардың, мекемелердің қызметкерлері, мұндай отбасыларына әлеуметтік реабилитациялық көмек көрсетеді. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік реабилитациялау технологиясы, барлық шараларға ата - аналардың қатысуын міндеттейді. Отбасы - баланың тығыз араласатын, ең жақын әлеуметтік ортасы. Отбасында кемтар баланың дүниеге келуі, әрине ата - анаға өте ауыр соққы болып тиеді. Егер отбасында дені сау баланың дүниеге келуі, адамзат баласына жаңа бір қуаныш, мақтаныш, рахат сезім әкелетін болса, кеміс баланың тууы керісінше, отбасындағы зұлмат тәрізді бағаланады. Осы жағдай негізінде, ата аналар арасындағы қарым қатынастар бұзылады, кейбір жағдайда ата - аналар ажырасады немесе баладан мүлдем бас тартады. Кеміс баланың дүниеге келуі, барлық ата - анаға бірдей әсер етпейді, бірақ басым көпшілігін күшті психологиялық күйзеліске стресс ұшыратады, сөйтіп психиканың бұзылуына әкеп соқтырады. Ата - аналардың көпшілігі, күнделікті тіршілікті жалғастыру қажеттілігін сезінеді, біртіндеп күш жинайды, сөйтіп,

кеміс баланы тәрбиелеуге кіріседі. Кеміс баласы бар отбасында, толып жатқан проблемалар туындайды: дамудағы кемістіктің қандай көріністе болатыны туралы мағлұматтың болмауы, баланың болашақтағы дамуы туралы болжай алмау, өздері қамқорлық жасай алмайтын уақытта, баланың тағдыры үшін алаңдау; ата - аналардың психологиялық дезадаптациясы; «Мұндай баланың дүниеге келуіне кім кінәлі?» деген сұраққа, жауап табуға тырысу; кеміс баланы тәрбиелеуден бас тарту мен баланы мемлекеттік мекемеге орналастыру туралы шешім қабылдаудағы сергелдең тағы басқа, сонымен қатар, кеміс баланың тууымен қатар, материалдық және әлеуметтік проблемалар пайда болады, отбасы мен қоғам арасындағы қарым - қатынас қиындайды. Егер мемлекет тарапынан көрсетілетін әлеуметтік көмек және моральды психологиялық қолдау жеткіліксіз болса, мұндай жағдаяттар асқына түсуі мүмкін. Сондықтан, кеміс баланы үй жағдайында тәрбиелеу туралы, ата -аналарды сауаттандыру жұмыстары жүргізіледі, арнайы әдебиеттермен қамтамасыз етеді.

П. А. Ахметова, А. Ж. Асанова дамуында қандай да бір ауытқулары бар баласы бар ата - аналардың мінез-құлқының бірнеше түрін бөледі:

- Ата - ананың баланы, оның кемістігімен бірге қабылдауы баланың кемістігін қабылдайды, адекватты бағалайды және балаға шынайы адалдық көрсетеді, оның кемістігіне деген жағымсыз көзқарас, өзін, баланы кінәлау сезімі болмайды.

- Теріске шығару, мойындамау реакциясы - баланың кемістігі мен мүмкіндіктерінің шектелуі теріске шығарылады, сондықтан, баласының қабілетінің жоғары болуын талап етеді.

- Шектен тыс қорғау реакциясы - бұл тым, күшті қамқорлық жасау, балаға аяныш сезімімен қарау және шектен тыс жақсы көру. Баланың орындайтын істерін өзі орындайды, нәтижесінде, бала өздігімен әрекеттенуге дәрменсіз, өмір бойы инфантильдік деңгейде қалып қояды.

- Баладан жасырын бас тарту, шеттету - мұнда кемістік масқара, ұят болып саналады. Ата - аналар, өздерінің жиреніш, жеккөрініш сезімдерін, шектен тыс қамқорлықпен бүркемелейді.

- Баладан ашық бас тарту, шеттеу - мұндай ата - аналар өздерінің жауығу, жеккөру сезімдерін жасырмайды. Ата - аналар өздерінің бақытсыздығына, қоғамды, дәрігерлерді, мұғалімдерді кінәлайды, балаға, оның кемістігіне адекватты емес көзқараспен қарайды.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Бгажнокова И.М. «Школа для детей с нарушениями интеллекта: тенденции перспективы развития» Дефектология. 2004ж
2. Жарықбаев Қ. Жалпы психология, 2000
3. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы
4. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010.

Сенкубаев С.Т., Ержан Н.

**ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗДІК ІС ӘРЕКЕТІН  
БАСҚАРУҒА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ДАЯРЛЫҒЫН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ –ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

п.ғ.к., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының профессоры, А.  
Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
7М01101 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының  
магистранты

Қазіргі кезде білім саласы тоқтаусыз өзгеруде, жыл сайын жаңартулар мен білімдегі ерекшеліктердің маңызы зор. Қазақстан Республикасының егеменді ел болып қазіргі таңдағы даму кезеңі, қоғамның барлық саласындағы қозғайтын істерін қайта құрумен, әлеуметтік-саяси және экономикалық қарым-қатынастардың өзгеруімен сипатталады. Бұл қазіргі кезеңдегі оқушылардың әлеуметтік жағдайдағы дамуына үлкен өзгерістер келтіріледі, яғни олардың өзін-өзі бағалауының жеке тұлға болып қалыптасуына әсерін тигізеді.

Заман талабына сай мектептегі педагог психолог мамандардың жұмыс жасау ерекшеліктері мен құзіретіліктері маңызы ерекше орынға ие болып отыр. Мектепте жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі жүзеге асыру қабілетінің ерекшеліктері, яғни өзін-өзі бағалауы, қарым-қатынас, мінез-құлық туралы мәселелер зерттеушілердің назарын аудартуда.

Өмірде әр адамның басында қиын жағдай кездеседі сол сияқты мектепте жоғары сынып оқушылары арасында «өтпелі кезең» кезінде, түрлі жағдайлар болуы мүмкін, көбінесе дағдарыс жағдайы кездеседі. Мектептегі педагог психолог мамандардың оқушылармен негізгі жұмыстары: рухани күш беру мақсатында кәсіби кеңес беру, ішкі жан дүниесін түсініп, сенімділік орнату, жағымды ахуал тудыру. Баланың тұлғалық дамуына, мінез-құлық дағдыларына оның жүріс-тұрысы, бет-әлпеті, киім-киісі, сөйлеу мәнері әсер ететін факторларының бірі болып саналады. Біреулері бұл жағымсыз ахуалдан өздері шығу жолдарын қарастырса, көпшілігі құрбы-құрдастарының көмегіне сүйенеді. Бірақ бұндай тығырықтан шығу жолдарын тек қана өз саласының маманы шеше алады, мәселен, дәрігер, заңгер, мұғалім, әлеуметтік қызмет көрсету саласының мамандары қолдауымен шешіледі. Осындай кәсіби мамандыққа педагог- психологта жатады. Сондықтан психологиялық тұрғыдан кеңес беру – профилактикалық және коррекциялық жұмыс жүргізудің басты факторы болып саналады. Кеңес берудің жалпы бағыты – оқушыға проблеманы шешуге жағдай туғызу, анықтау және шеше білу; себептерін түсіне білу; оқушыға қолдау көрсету; ішкі және сыртқы конфликт жағдайларын болдырмау; проблемалық жағдаяттан шығу жолдарын қарастыру; шешім қабылдай білу және т.б. [1].

Мектептегі жоғары сынып оқушылармен жұмыстың негізгі ерекшелігі – психологиялық кеңес беру. Сапалы кеңес беру бұл бәрінен бұрын адамның ниетіне арналған сөйлеу практикасы. «Кеңес беру» сөзі латын тілінен аударғанда «ақылдасу, қамқор болу» мағынасын білдіреді.

Психологиялық кеңес беру – психологиялық қиындықтарды, клиенттің жеке өмірінде, кәсіби іс-әрекетінде, оқуы мен өзге де ситуацияларда кездестіретін қиындықтарын өзі шешуіне мүмкіндік беретін, адамдарды толғандырып жүрген мәселелерді шешуде, алдыңғы зерттеу нәтижелеріне негізделе отырып, ақыл-кеңес беру арқылы психологиялық көмек көрсетудің түрі.

Психологиялық кеңес берудің негізгі мақсаты – адамзат құндылықтарын бағалай отырып, оқушының өз-өзіне деген сенімін арттыру, өзін бағалай білуге, ешкімге кінә артпай, өз өміріне көз тігіп, жаңаша қарауға мүмкіншілік беру, қиыншылықтан шығу жолдарын қарастыру.

Көптеген теориялық әдістемелікке сүйенетін болсақ, психолог-кеңесшілер төмендегі сөйлесу ережесін алға қояды: көбірек тыңдау және аз мөлшерде әңгімелесу. Оқушының ішкі жан дүниесін сезіну, оған рухани күш беру үшін, оның ішкі жан ахуалын түйсіну керек. Психологтардың пайымдаулары бойынша, эмоцияның бәсеңдігі емдік әсерін тигізеді. Өзіндік төмен бағалауы өмірдегі көптеген келеңсіз жағдайларынан туындайды. Сондықтан өміріне бей-жай қарамай, өзін бағалай білуге, өзіндік реттеу қабілетін қалыптастыру керек. Ол үшін оқушыны өмірге дұрыс бағыттау қажет. Кейбір жағдайларда олар психолог мамандарының алдында өзінің ешкімге айтпаған ішкі толғанысымен бөліседі. Бұл өте маңызды, өйткені оның ішкі ойын ашық аша білгені - бізге сенім артқаны [2].

Оқушының өзіндік жетіліп, дамуы үшін педагог-психолог өзінің алдына мынадай мақсаттар мен міндеттер қоюы керек: оқушының ақыл-ойының, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктерінің өзіндік ашылу деңгейі мен өлшемдерін ескерту; жан-жақты ақпараттандыру; коммуникативті бейімдеу. Осындай жұмыс түрлерін ұйымдастыруда педагог-психологтар мынадай мәселелерге баса назар аударулары қажет: қолайлы және тиімді оқу жоспарын құру; жеке пәндерді оқытуда тәуелсіз әрекет ету; оқушының өзінің жұмысын өзі жоспарлап, шешім қабылдауына ықпал ету; оқушының қызығушылығына байланысты оқу жоспарын құру болып табылады.

Кеңес беру процесі жаңа тұлғаны қалыптастыру мақсатын көздемейді, сонымен бірге әлеуметтік орта ретінде баланың тұлғалық дамуына, өз ісіне жауапкершілікпен қарап, бағалай білуге септігін тигізеді. Түсініктеме беруден адамды өзгерте алмайсың, бірақ түсіністік – құнды сыйлықтың бірі болып есептеледі. Ең басты мақсатымыз – ұрпақтың қалыптасуына көмек беру, зорлық-зомбылықсыз, өз бетімен шешім шығара білуге үйрету. Аса маңыздысы, кеңес берушінің нақты сұрақ қоя білуі бала үшін күйзелуі қаншалықты дұрыс екенін анықтау үшін бағытталады.

Әр педагог-психолог өз тәжірибесінде әдістемелік және практикалық әдебиеттерді қолданады. Мен өз жұмысымда Ролло Мэйдің «Искусство психологического консультирования», Карл Роджерстің «Консультирование и



психотерапия», Шейла Дэйноудың «Сам себе психотерапевт», Энтони Уильямстың «Вы– супервизор...», Анна Варганың «Системная семейная психотерапия», Дорис Бретт «Жила- была девочка, похожая на тебя», Е. Михайлова, Е. Милютинаның және т.б. әдебиеттерді пайдаланамын.

Қызмет мезгілін жадынан шығармау керек. Кеңес берудің өлшемі диалогтік қарым- қатынас болып табылады. Өте ұзақ әңгімелесудің қажеті жоқ, сондықтан сөйлесу мөлшері бір сағаттан аспаған жөн. Жұмыс уақыты клиентпен белгілі бір мерзімге келісім бойынша өткізіледі. Кеңес беру мерзімі бір аптаға да созылып кетуі мүмкін, клиентпен кабинеттен тыс жерде тығыз қарым-қатынас жасау қажет емес. Бұндай тығыз байланыс «клиентімнің сенімін ақтаймын» деген талпыныс ыңғайсыз жағдайларға әкеліп соқтырады. Осыған орай, клиент жартылай болса да, өзінің жауапкершілігін біреудің мойнына артпау үшін дистанцияны ұстануды естен шығармау керек. Клиентпен қызмет жасау барысында ыңғайлы объективті жағдай туғызу жағдайын назарынан шығармаған тиімді [3].

Оқушыларға дұрысы кеңес беру арқылы жас ұрпақты дұрыс жолға салу, тәрбиенің озық үлгілерін сіңіру, оқушыны толыққанды жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру. Білім беру процесінде жоғары сынып оқушыларының тұлғалық сана-сезімдерінің қасиеттерін қалыптастыра отырып, болашағына жол сілтеу – қазіргі таңда ауқымды мәселе болып отыр. Атқарылған істердің көптігіне қарамастан, әлі де болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Атап айтқанда, олар – жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі жүзеге асырудағы дамыту жұмысының білім сапасын арттыру, жоғары сынып оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми – ізденіс қабілеттерін қалыптастыру, т.б. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ қажет.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. В.И. Андреева. Педагогика творческого саморазвития. Казань. 1996
2. Маралов В.Г. основы самопознания и саморазвития- М: Издательский центр «Академия», 2002.- 256 с.
3. Жарықбаев Қ. Саңғылбаев О. Психология энциклопедиялық сөздік. Алматы. 2011 ж.

**Сенкубаев С.Т., Ермуканова К.У.**

## **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ДАМЫТУ ОРТАСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУҒА БЕЙІМДЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

п.ғ.к., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының профессоры, А.  
Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
7М01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының магистранты

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндетіне ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау үшін білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көрсетілген [1]. Себебі қазіргі таңда жоғары оқу орындарында білімді, ғылым мен өндірісті ұштастыра алатын, оқытудың белсенді әдістерін меңгерген, жаңа ақпараттық-инновациялық технологияларды қолдана білетін мамандар дайындау міндеті тұр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы білім алушылардың шығармашылық даралығын, интеллектуалдық және практикалық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту үшін мүмкіндіктер туғызу талабы қойылған [2]. Бұл тұжырым Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында жүйелі бірізділікпен тарқатылады. Онда қазіргі қазақстандықтардың, соның ішінде білім алушы жастардың заман талабына сай іс-әрекеті олардың ұлттық тұрпатты сақтай отырып, бәсекеге қабілетті, прагматистік тұрғыдан ойланып, іс-әрекет жасай алатын тұлға болуының маңызы дәйектелген.

Тәрбиенің сан салалы, күрделі мәселелеріне терең бойлауға бастайтын, күнделікті тұрмыста кездесетін дағдылар арқылы баланың жан дүниесіне әсер ететін білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы – бастауыш мектеп. Бастауыш саты – білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Келешекте жалпы білім алу мен кез келген арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы осы бастауышта қаланбақ. Сондықтан, оның сипаты мен мазмұны, оқытудың әдістері мен формалары қазіргі жағдайда жан-жақты талданып отыр. Өйткені, баланың жеке бас қасиеттері, оның адамгершілігінің, белсенділігінің қалыптасуы мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш сынып-тарда жүзеге аспақ. Оқушының рухани күш-қуаты мен ерік-жігерінің, шығарма-шылық қабілетінің, жалпы мүмкіндіктерінің ашылар кезі. Бастауыш мектептің негізгі міндеті – жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, білімге деген сенімін нығайту, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру болып табылады [3].

Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі балалардың жасына лайық іс-әрекет пен қарым-қатынаста жетістікке жетуі осы белсенділік формаларының өзгеруіне олардың бейімделе алуы арқылы анықталады. Әрине, іс-әрекет кезіндегі баланың сәттілік және сәтсіздік жайттары көзделген нәтижеге көп әсерін тигізеді. Бірақ, мектеп жасына дейінгі балалардың кіші тобы бұл жағдайларды аса аңғарып, мән бермейді. Мектеп жасына дейінгі балалардың ортаңғы тобы сәттілік пен сәтсіздікті өздерінше уайымдайды. Мысалы, іс-әрекет сәттісі болса, бала оны жалғастырып, шыдамдылық танытады. Мәселен, бала қағаздан жапсыру жұмысында гүлге ұқсаған сәнді қиқымдар шықса, оларды қатты қағазға ынтамен жапсырады. Ал, желімі жарамсыз болып, қиқымдары бірден жабыса қоймай, жан-жағы ласталып, сәтсіз әрекеттер орын алса, бала ары қарай ісін жалғастыруға ниет танытпай, оны соңына дейін жеткізбестен тастап кетеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың жоғарғы тобына сәтті орындалған іс-әрекет басқа да белсенділіктер үшін стимул болып табылады. Ал, сәтсіздік жағдайында мақсаткерлік танытып, көзделген нәтижені алуға тырысады [4].

Мектеп жасына дейінгі шақта баланың жеке-дара іс-әрекет мәнері, ұнататын іс-әрекет түрлері пайда болады. Бір бала сурет салуды, басқасы лево құрастыруды т.с.с. ұнатады. Олай болса, мектепке дейінгі кезеңдегі кейбір балада әрекеттің мазмұнына қызығушылық жоғары болады. Бала әрекеттерінде тұрақтылық пайда болады. Баланың физикалық, психологиялық мүмкіндіктеріне сәйкес әрекеттері орнығады. Бір бала үнемі бәсекелестікпен алға ұмтылып, өз ортасында, достарының арасында басшылық жасауды ұнатады. Мұндай бала өзінің ішкі ерекшеленеді. Ал, келесі біреуі, керісінше, барлығына көмек көрсетіп, достарымен ынтымақтаса, бірігіп, тату ойнайды. Кейбір бала іс-әрекеттердің қайсысынан болсын бас тартпай, белсенділік танытады. Мұндай балалар көбінесе ескертулерге мән беріп, ересектерді, педагог ні үлгі тұтады, өз әрекеттерінен нәтиже алуға ұмтылады. Дегенмен, мұнда бала үшін ең негізгісі – нені, қанша, қалай істеу емес, әрекет барысындағы бағалау басты стимул болып табылады. Олай болса, балада өзі меңгерген әдеп нормаларына сәйкес басқалардың іс-әрекетіне, басқаларға эмоциялық қатынас болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың жоғарғы тобы әрекеттің нәтижесіне ғана емес барысына да баға бере алалды. Олар мадақтаудың әділдігіне, жамандыққа кек қайтару сияқты күрделі этикалық мәселелерге де өзіндік ұстаным танытады [5].

Ал, мектеп жасына дейінгі шақтың жоғарғы тобында бала өзінің іс-әрекетін бағалай алады. Олар әлеуметтік ортада тағайындалған нормаларға сәйкес әрекет етуге талпынады. Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі шақтың жоғарғы тобында бала қарапайым жағдаяттарда жауапкершілік таныта алады. Ал, ересектер жағынан мақтау алса, одан әрі жауапкершілігін арттырып, өзінен кішілерге ақыл-кеңес беріп, олардың істеріне баға береді.

Психологияда бала санасында этикалық нормалардың орнығуы және олардың әлеуметтік ортада өзін-өзі ұстаулары отбасындағы қарым-қатынасқа тәуелді болатыны талай зерттеулер арқылы дәлелденген. Балада ата-анамен, отбасындағы басқа да адамдармен эмоциялық қатынасы тұрақты болуы керек.

Балалар өзіне жанашыр ересектерге көп еліктейді. Бала үлкендерден үлгі алып, солар сияқты болуды қалайды.

Жақсы көретін ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста болу арқылы бала өз істерінің жағымды және жағымсыз жақтарын біліп қана қоймайды. Тәрбиеге ерекше мән беретін отбасында бала әрекеттер мен қылықтардың жақсы және жаман болып ажыратылуын түсіне алады. Бұл бала санасында этикалық нормалардың ерте дамып, орнығуына жеткізеді [6].

Әдетте, ата-аналар тамыр-таныстарынан, балалары мұның алдында ғана мектепке қабылданған басқа жұрттан сынақ түрлерін сұрастырып, әдістеменің мазмұнын лайық жаттығу жұмыстарын жүргізіп, балаларын мектепке психологиялық жағынан «даярлайды». Мұндай даярлық жұмыстарының нәтижесі бір сәттік қана оң көрсеткіш беретін алдамшы әрекет екендігі белгілі. Сондықтан осындай келеңсіз көріністерге жол беру арқылы оқу-тәрбие бағдарламасын құруға кесірін тигізер жалған ақпарат алуға жол бермеу қажет. Ол үшін балабақша мен мектеп арасында байланыс пен сабақтастық жұмыстар жүзеге асырылуы қажет.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Егемен Қазақстан, 14–желтоқсан, 2010
2. Битянова М.Р. Адаптация ребенка в школе: диагностика, коррекция, педагогическая поддержка. – М.: Педагогический поиск, 1987.
3. Р.С Немов Психология. – Москва, 2015
4. Асеев В.Г. Возрастная психология. – Иркутск, 1989.
5. Выготский Л.С. Вопросы детской психологии. СПб. Союз. 2017
6. Жақыпов С.М. Оқыту процесіндегі танымдық іс - әрекет психологиясы. – Алматы: «Алла прима» ЖШС, 2018.

**Иманова А.Н., Жұбанышқалиева М.**

### **БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

п.ғ.м., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А.  
Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
7М01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының магистранты

Соңғы онжылдықта ақпараттық ресурстардың қарқынды дамуы қоғамның ақпараттану процесінің дамуына әкеліп соқтырды. Бұл даму процесінің маңызды құралы әр түрлі ақпараттырмен жұмыс істеуге жаңа мүмкіндіктер ашатын және үнемі жетіліп отыратын жаңа ақпараттық технологиялар болып

табылады. Қазіргі кезде шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдегі бәсекелестікті күшейте түсуде. Тұңғыш президент Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында «Білім беру реформасы - Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамсыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсеткендей, жалпы білім беретін мектептер реформалары оқыту формаларын, құралдарын және әдіс-тәсілдерін жетілдіру арқылы өсіп келе жатқан ұрпақтың ақпараттық кеңістікке енуін және оған бейімделуін қамтамасыз етуге бағыттай бастады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқу үрдісінде инновациялық технологияларды енгізудің негізгі бағыттары мен идеялары Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Қазақстан – 2030» стратегиясында, Жаңа шетелдік білім беру тұжырымдамасында ерекше атап көрсетілген.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі - баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын өмірге енгізуге ұмтылуы. Педагогикалық технологиялар - бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу-тәрбие процессін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, тұлғаттары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әрбір құрамның басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды [1].

Жаңа технология түрлерін сабақ үрдісінде пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі.

Қазір барлық жерде көптеген оқу және ойын бағдарламалары бар лазерлік дискілер, сөздіктер мен энциклопедиялар бастауыш сыныптарға арналып электрондық оқулықтар пайдаланылуда. СТО-ның мақсаты барлық жастағы, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының кез - келген мазмұн түсініккесіни тұрғыдан қарап екі ұйғарым, пікірдің біреуін таңдауға, сапалы шешім қабылдауға үйрету [2].

Бастауыш сынып мұғалімі бастауыш мектеп сабақтарының құрылымы мен атқаратын қызметін біліп, бұл салада болып жатқан жаңалықтар мен жаңа технологияларды қолдану әдістерімен қарулануы тиіс.

Сонымен, мәселені теориялық тұрғыда зерттеу нәтижесі мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

1. Танымдық қызығушылықты арттыру – жеке тұлға қызметтік парадигманы жүзеге асырудың басты шарты болып табылады.

2. Ақпараттық технологияның педагогикалық мүмкіндіктерін және оны пайдаланудың педагогикалық мақсаттарын дәл айқындау негізінде оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру – танымдық қызығушылықтың барлық компоненттерін қамтитын, бүтін жүйе құрайтын тиімді оқу үрдісін ұйымдастырудың қажетті шарты болып табылады.

3. Ақпараттық технологияның көп функционалды бағдарламалық-ақпараттық мүмкіндіктері: виртуальды лабораториялар, компьютерлік

бағдарламалық пакеттер, интернет жүйесі, мультимедия және т.б оқушының танымдық қызығушылығын арттырады, шығармашылық ізденіске баулиды [3].

Бастауыш сынып мұғалімі бастауыш мектеп сабақтарының құрылымы мен атқаратын қызметін біліп, бұл салада болып жатқан жаңалықтар мен жаңа технологияларды қолдану әдістерімен қарулануы тиіс. Сонымен, мәселені теориялық тұрғыда зерттеу нәтижесі мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

1. Танымдық қызығушылықты арттыру – жеке тұлға қызметтік парадигманы жүзеге асырудың басты шарты болып табылады.

2. Ақпараттық технологияның педагогикалық мүмкіндіктерін және оны пайдаланудың педагогикалық мақсаттарын дәл айқындау негізінде оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру – танымдық қызығушылықтың барлық компоненттерін қамтитын, бүтін жүйе құрайтын тиімді оқу үрдісін ұйымдастырудың қажетті шарты болып табылады.

3. Ақпараттық технологияның көпфункционалды бағдарламалық-ақпараттық мүмкіндіктері: виртуальды лабораториялар, компьютерлік бағдарламалық пакеттер, интернет жүйесі, мультимедия және т.б оқушының танымдық қызығушылығын арттырады, шығармашылық ізденіске баулиды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования: научный фонд и перспективы развития (книга 1). -Алматы: Научно-издательский центр, «Ғылым», 2001.

2. Педагогика. Дәрісқұралы. - Алматы: «Нұрлыәлем», 2003, /Абай атындағы қазақ ұлттық Педагогикалық Университеті.

3. Әнуар Ж. Оқытудың қазіргі технологияларын оқыту үрдісіне қолдану// XXI ғасыр мектебі, №1-2, 2003.

**Иманова А.Н., Макадиева М.К.**

### **ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ- БАСТАУЫШ СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

п.ғ.м., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А.  
Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
7М01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының магистранты

Қазіргі білім беру жағдайында жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сатысына мектеп оқушыларын тәрбиелеу мен оқытуға қатысты кешенді міндеттер қойылып отыр. Әсіресе бастауыш сынып оқушыларының танымдық құзыреттілігін қалыптастыруды көздейтін математика пәніне ерекше

орын беріліп отыр. Сондықтан математиканы оқытуда мұғалім алдында тұрған міндеттердің бірі - оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Оқушының танымдық қызығушылығын қалыптасуы - бұл ынтымақты оятатын, оқушыға оқу материалдарына қызыға кірісу сезімін тудыратын мұғалім әрекетінің жүйесі.

Ойын технологиясы педагогикалық технологияның құрамды бөлігі болып табылады. Оқыту технологияларының ішінде ойын технологиясы тікелей ойын элементтерін қолданумен ерекшеленеді. Білім беру үрдісінде ойын технологиясын қолдану мәселесі педагогикалық теория мен практикада жаңа қолға алынды деуге болмайды. Оқытудың ойындық әдісі ерте кезден бастап күні бүгінге дейін қолданылып келеді.

Бүгінгі таңда ойын технологиялары мектептің оқу-тәрбие процесінде оқушылардың жалпы оқу интеллектуальдық біліктерін қалыптастыруда ерекше мәнге ие болады.

Оқытудың құралы ретінде дидактикалық ойындарды пайдалану әдіскер ғалымдардың еңбектерінде де көп айтылды (М.И.Микитинская, Т.К.Жикалкина, т.б.).

Психолог А.С.Выготский: "Бала ойнау барысында өзінің кішкентай екеніне қарамастан оның ойлауы, іс-әрекеттері көп жағдайда ересек адам сияқты көрінеді" - деп өз ойын білдірді [1].

Н.К.Крупская "Қандай ойын болмасын баланы бір нәрсеге үйретеді. Ең бастысы, баланы мұқияттылыққа, еңбекке, жолдасымен ынтымақты болуға үйретеді" - дейді. К.Д.Ушинский сабақ үйрету барысында ойын элементтерін орынды қолдану оқушылардың білім алу процессін жеңілдетеді - деді [2].

Давыдов "Дұрыс ұйымдастырылған ойын балаға өмірге қажетті көп нәрселерді үйретеді. Ойынның өзі ғана уақытында баланың жаңа психологиялық жағдайы өзінің ойын мазмұнына қарай көрінеді" - деген [3].

Ұлы-классик педагогтар Я.А.Коменский, И.Песталоцци, А.Макаренко, Н.К.Крупская қалдырған педагогикалық мұраларды жан-жақты зерттей отырып, В.А.Сухомлинский ойынның маңызын былайша түсіндірді: «Ойынның ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дегеніміз айқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты. Міне, ойын тынысы кең, алысқа меңгейтін, ойдан - ойға жетелейтін, адамға қиялына қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе, өмір тынысы» [4].

Ойын оқушыларға басқа оқушылардың көзқарасы тұрғысында, өзін бағалауға мүмкіндік береді. Өзін дұрыс бағалау білігі - адамның өмірінде көмектесетін маңызды қабілеті болып табылады: өзінің қабілеттерін жеткілікті бағаламау адамға бастамашыл, шешім қабылдағыш, күшті болуға кедергі келтіреді.

Ойын бағалаудың жаңа критерийін ұсынады. Жеңімпаз ретінде көп жағдайда көп білетін бала емес, қиялы дамыған, бақылай білетін, ойын ситуациясында тез және дәл жауап беретін, жақсы есте сақтау қабілеті бар, есте сақтаудың байлығын қолдана алатын бала алынады.

Ойын екі жоспардың болуымен сипатталады. Бір жағынан, ойын ойнаушы нақты, стандартты емес тапсырмаларды шешумен байланысты,

шынайы іс- әрекеттерді орындайды; екінші жағынан, осы іс-әрекеттің бірқатар сәттерінің шартты сипаты болады, бұл өз кезегінде шынайы жағдаяттан ауытқуға мүмкіндік береді, бұнда қорқыныш, күлкілі болудан қорқу кедергілерін алып, қиялдауға ерік береді. Ойын бүкіл ұжымның бірлестігін талап етеді. Ол жарыс атмосферасын құрады, оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін жұмылдырады, себебі оның жауабынан тек баға алу емес, команданың жеңісі тәуелді болады. Ойын оқушылардың ұжым алдындағы борыш сезімін қалыптастырады.

Педагогикалық ойындар дидактикалық мақсатына, ұйымдастыру құрылымына, оларды қолданудағы жас ерекшелік мүмкіндіктеріне және арнайы мазмұнына қарай алуан түрлі болып келеді.

Бастауыш мектепте математиканы оқытудың қазіргі тәжірибесінде оқушылардың танымдық қызығушылығын, интелектуалдық қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр.

Математика сабақтарына оқушылардың дербес оқу-танымдық қызметін ұйымдастыруға арналған «Дидактикалық материалдар» құралында математикалық білімді төменірек деңгейден біртіндеп жоғары деңгейге көтере түсу мәселесі мұқият ескерілген. Сондықтан мұнда әрбір өзіндік жұмыс күрделілігі тұрғысынан төрт түрлі деңгейдегі жаттығулар түрінде берілген. 1, 2 және 3-деңгейдегі жаттығулар математикалық білім мазмұнының мемлекеттік стандартынан туындайтын міндетті деңгей болса, ал 4-деңгейдегі жаттығулар мүмкін деңгей талаптарына сәйкес іріктелген. Атап айтқанда, 2-деңгейде оны біршама өзгерген жағдайда, 3-деңгейде жаңа жағдайда қолдануға тура келеді. Ал 4-деңгейдегі жаттығуларды орындау шығармашылық іс-әрекетті талап етеді. Осыған орай, олар, көбінесе, дәстүрлі емес түрде ұсынылады және топшылау мен болжамдарға негізделген әр алуан бағыттағы шығармашылық ізденістермен байланысты болып келеді.

Математика сабағында оқушылардың қызығушылығын арттыру дегеніміз - сабақта оқушылардың оқу материалдарымен белсенді жұмыс істеуіне мүмкіндік жасау, сабақты үнемі түрлендіріп математикалық ойындар мен жұмбақтарды, техникалық құралдар мен көрнекі құралдарды ұтымды қолдану, оларды сабақтың орынды жерінде пайдалану амалдары. Мұндай амалдар оқушылардың логикалық ойлау тәсілдері мен амалдарын өрістетіп, олардың ғылым негіздерін меңгеруін тиянақты етеді.

Оқу процесінің тиімділігі дегеніміз - ең алдымен оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыру, олардың оқу-білімге белсенді көзқарасын өмір қажеттігіне біртіндеп айналдыру. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін, олардың өздігінен орындайтын жұмыс түрлері мен ізденімпаздық қабілеттерін ұдайы дамытудың маңызы ерекше. Өтілген тақырыптың практикалық маңызына оқушылардың көзін жеткізу, тақырып бойынша көтерілетін негізгі идеяны даралап таныту, сабақта проблемалы ситуация туғызу - осының бәрі оқушының танымдық белсенділігін көтеруге әкелетін, сөйтіп, олардың білуге, тануға деген ынта - ықыласын арттыруға, қабылдау дағдыларын дамытып нығайтуға қолайлы жағдай жасайтын бірден-бір қажетті факторлар.



Әдебиеттер тізімі:

1. Выготский, Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка Л.С. Выготский вопросы психологии, 1966. №6. - 42-56 с.
2. Ушинский К.Д. Избранные педагогические произведения.- М.,1968.140-141С
3. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения.- Москва.,Педагогика,1986.- 275 с.
4. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. Сухомлинский В.А. - Киев: Реденька школа, 1969. -381с.

**Сенкубаев С.Т., Мансурова Л.**

### **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАН ТҰЛҒАСЫН ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰРАЛДАР КӨМЕГІМЕН ДАМЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

п.ғ.к., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының профессоры, А.  
Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
7М01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының магистранты

Қазақстан қоғамының қазіргі заманғы даму кезеңінде ғылымның және білім берудің дамуы әлеуметтік-экономикалық жүйенің бәсекелі маманды даярлау жағдайында алдыңғы қатарлы мемлекеттің қатарына енді. Қазақстан Республикасында 2005-2010 жылдарға арналған білім берудің дамуының Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес прогрессивті технологияларды және оқыту жүйелерін жасау және енгізу жоғары білім берудің даму шарттарының ажырамас бөлігі болып табылады. Өмірімізде болып жатқан түбегейлі өзгерістер қоғамымызға жаңа талаптар қойып отыр. Осыған орай бүгінгі жаңа технологияны оқып-үйрену, болашақ ұстаздардың шығармашылық ойлауын дамыту, кәсіби білімін, шеберлігін жетілдіру, үнемі ізденіс үстінде жүруіне жол ашу ерекше орын алады. Қазіргі кезеңде білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас, жаңаша ойлау қалыптасуда. Тиімді оқыту жолдарын бүкіл әлем педагогтары қарастыруда. Нәтижелі оқыту мәселесі педагогика мен психологияның соңғы жаңалықтарын қолдану негізінде жүргізілуде. Мемлекеттікті нығайту және ұлттық қызығушылықтардың дамуы мәселелерінде ақпараттық технологияларды енгізуді қолдану және кеңейтуде үлкен қажеттілік туындап отыр. Сонымен бірге білім беруді ақпараттандыру жағдайында болашақ педагог мамандардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Ал, қазіргі таңда жоғарыдағы аталған мәселе қалай

жүзеге асырылып жатыр деген сауал туындайды. Әсіресе, мемлекеттік тілде осы бағыттағы мәселелер әлі де жеткілікті деңгейде емес. [1].

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу [2].

Психологиялық-педагогикалық ғылымда өңделген қызмет принципіне сәйкес болашақ педагогтардың жеке тұлғаларының шығармашылық қасиеттерінің дамуы тек қоғамдық тәжірибені меңгеру, болашақ педагог мамандардың өздерінің белсене қызмет ету арқылы жүзеге асатын меңгеру негізінде ғана жүре алады. Адамзат мәдениетінің қол жеткізулеріне ие болу үшін әр жаңа ұрпақ осы қол жеткізулер үшін істелген қызметке ұқсас қызметті жүзеге асыруы керек. Осыған байланысты болашақ педагог мамандардың мамандандырылған қызметіне сәйкес оқу қызметін ұйымдастыру маман даярлау жүйесінің қажетті кешені болып табылады. Сондықтан ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін әрбір оқытушының инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық, психологиялық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Инновациялық технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Қоғамда ақпараттандыру, есептеу техникасы құралдары кеңінен таралуымен байланысты, оқу процесін ұйымдастыруға, сол сияқты білім берудің мазмұнын өзгертуге де елеулі ықпал етеді. Білім беру жүйесіндегі қайта құрулардың негізгі субъектісі - мұғалім. Қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалімдер қажет. Ол бір уақытта болашақ педагог- психолог және оқу процесін ұйымдастырушы технолог бола білуі керек. Сондықтан мектептің педагогикалық процесіне ақпараттық технологияларды енгізу жолдарын іздестіру мен жетілдіру мәселерінің көкейкестілігі ерекше [3].

Білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін оқытушылардың инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан оқытушының біліктілігін көтеру мен шығармашылық педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор. Кез келген елдің экономикалық

қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталады. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Ал білім беру саласындағы технологиялық идеялар бұдан 400 жыл бұрын пайда болған. Бұл күнде оқыту технологиясы үлкен өзгеріске ұшырап отыр. Оқытушылар мен студенттерге әртүрлі дидактикалық материалдармен қоса оқытудың техникалық құралдары жәрдемге келеді. Білім беруді ақпараттандыру процесі пән мұғалімдеріне, әдіскерлерге жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне жан-жақты пайдалану саласына үлкен талап қояды. Мұғалім – ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуальды дамуын жобалаушы. Ал бұл мұғалімнен жоғары құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді [4].

Білім беруді ақпараттандыру – бұл ақпараттық-коммуникациялық технологияның құралдарын білім беру саласына қолданудың методологиялық және тәжірибелік құндылықтарын зерттеп, оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық және педагогикалық мақсаттарына бағыттап қамтамасыз ету процесі. Бұл процесс мына бағыттар бойынша жетілдіріледі: - білім беру жүйесінің басқару механизміндегі ғылыми-педагогикалық ақпараттар мен ақпараттық-әдістемелік материалдарды автоматтандыру арқылы оның қолданылу аясын жетілдіру және басқару ісіне коммуникациялық желілерді қолдану; - ақпараттық қоғам жағдайында жеке тұлғаның даму бағыттарының міндеттерін негізге ала отырып, оқытудың мазмұнын, әдістері мен оны ұйымдастыру формаларын таңдау мен оның методологиясын жетілдіру; - үйренушінің интеллектуальдық қабілетін дамытуға, өздігінен білім алуға, түрлі ақпараттарды өздігінен өңдеу сияқты әрекеттерге бағытталған оқытудың әдістемелік жүйесін ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы құру; - үйренушінің білім деңгейін бағалау мен бақылау әдістерін талдау бағытында компьютерлік тестілеуді құру мен оны қолдану. Білім беруді ақпараттандыру процесі жағдайында жеке тұлғаның интеллектуальдық, қоғамдық, экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық сияқты іс-әрекеттерін түрлі салаларға қолдану арқылы құзырлықтарын қалыптастыру негізгі талаптардың біріне айналады.

Жаңа технологиялар - болашақ педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Сыртқы эффектін қуып кетпей, оқыту программасының тек сыртқы емес, ішкі тиімділігіне көп көңіл бөлген дұрыс. Компьютердің сызбалық мүмкіндігін молдығы дәрістік экспериментті бояулы суреттермен, сызбалармен, кестелер мен байыта түсуге жол ашады, оларды есеп шарттарына да пайдалануға болады.

## Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 жыл.
3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
4. Ишанғалиева А.М. Құзыреттілік білім мен мүмкіндіктің бірігуі // Шетел тілін оқыту әдістемесі. - № 2. -34-б.

**Сенкубаев С.Т., Назырова Ш.Ж.**

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ОҚУ – АҒАРТУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІН ҰЛТ МЕКТЕПТЕРІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

п.ғ.к., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының профессоры, А.  
Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
7М01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының магистранты

Ахмет Байтұрсынұлы 1914 жылы өзі шығарып отырған «Қазақ» газетіне «Бастауыш мектеп» деген мақала жазады. Онда ұлт ұстазы «Бүгінгі қос бастауыш мектептің екеуі де көңілдегі мектептердің қатарынан табылмайтын мектептер. Біреуінде оқуға керек құрал жоқ, тәртіп жоқ, мөлшер жоқ, жоспар жоқ. Халық оқуды қажет қылғандықтан жаман да болса, жоғынан бары артық деумен жасалып отырған іс. Екіншісінде, яғни орыс тілді школдарда тәртіп те бар, құралдар да сай, мөлшер, жоспар бәрі де бар. Бірақ есесіне оның пайдасы аз. Олардың пайдасын азайтып отырған бір- ақ нәрсе — қазақты орыстандырамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Біз бүгін өзге жұрттан үлгі алуға немесе көзсіз көшіруге әлі күнге дейін әуеспіз. Бірақ бұдан бір ғасыр бұрын озық әліпби де, озық әліппе де бізде болғандығынан көбіміз хабарсызбыз. Иә, бізде ұлы реформатор, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлынан бастау алатын әліппенің өз тарихы бар.

Ұлт ұстазы «Әліппе» баланы оқу мен жазуға үйретеді деп, «Әліппенің» мақсатын айқындап берген. Оның мақсаты хат таныту, жазуға үйрету және жазылған сөзді оқуға үйрету болып табылады. Сондықтан «Әліппенің» сөздік қоры өте шектеулі болады. Бала сөйлеп тұрғанымен оқу мен жазу дағдысы өте баяу қалыптасады, мәнерлеп оқып, жүгіртіп жазып кету үшін ол әбден дағдылануы керек. Бізге оған өзге елдегідей көп уақыт керек емес, Манчестер деп жазып, Ливерпуль деп оқитын ағылшындарға немесе әр суреті жеке-жеке мәні бар сөз болып табылатын қытайларға хат тану үшін көп уақыт керек. Мына іргедегі орыстың өзінде шарттылық көп. Мәселен, алты дауысты дыбысы қай дауыссыздың қасында тұруына қарай 48 түрге енеді [1]. Ал, қазақ

тіліндегі  $9+19=28$  дыбыс қайда тұрса да сол дыбысталу күйін сақтап тұрады. Сол себептен біздің баланың сауат ашуы тез, оңай. Хат тануға Ақанның «Әліппесімен» төрт-ақ апта керек болған [2]. Қазіргі 42 таңбадан тұратын орыс-қазақ әліпбиімен оған көбірек уақыт керек болар. Бұрын жаңа жылға дейін «Әліппені» аяқтайтын. Ал қазіргі «Сауат ашуда» түбін тексермей, әріппен танысуды наурызға шейін созып отырмыз. «Әліппенің» ішіндегі мәтіндер өте қарапайым, («Ата ат тағала», «Айдос доп ал» және т.б.), 5–6 жастағы баланың өзінің табиғи сөздік қоры бұдан әлде қайда бай. Зерттеушілер монотілді (тілі бір тілде, ана тілінде шыққан) баланың сөздік қоры шамамен 5000 сөзді құрайтындығын айтады. Бұл дәлелденген тұжырым. Сондықтан бірінші жартыжылдықта тек хат танытамыз деп, баланың сөйлеу дағдысын екі тоқсан бойы тежеп қоюға болмайды. Бірінші тоқсанда әлі оқи алмайтын бала сабақты «Әліппемен» қатар, тыңдалым, айтылым әрекеттері арқылы жүргізіп отыруы керек. «Ана тілінің» мақсаты оқушының сөйлеу дағдысын жетілдіру, дүниетанымын қалыптастырып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру. Яғни, «Әліппе» баланы оқу мен жазуға дағдыландырса, «Ана тілі» оның сөйлеу дағдыларын әрі қарай жетілдіріп, шындай түседі. Мақсаты бөлек екі пән бөлек-бөлек оқытылуы керек. Қазақ мектебінде «Әліппе» бірінші сыныптың бірінші жарты жылдығында аяқталып, бірден екінші жарты жылдықта тілдік ұғымдар туралы қарапайым түсінік беретін «Қазақ тіліне» жалғасуы тиіс те, «Ана тілі» тыңдалым арқылы басталып, оқылым дағдысына ұласып, жыл бойы жүруі тиіс.

Ұлт ұстазының шығарған оқу құралдары мен оқулықтарының бәрі кешенді, бір бірімен байланысты және жүйелі. Біз, кейінгілер, осы уақытқа дейін бірнеше «Әліппе» шығардық, әдістемелік нұсқаулықтар жасадық. Бірақ біз төл дыбыстарға негізделіп қасына мұғалімдерге арналған «Баяншысы» бар, ол аз десеніз сөйлеу, оқу, жазуды ұштастырған «Тіл жұмсары» тағы бар, кешенді дүние жасай алмадық. Ахмет Байтұрсынұлы өзі жасаған құралдармен сабақ берудің жолын да анық көрсеткен. Бүгінгі білім беру кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлер «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы, «Инсерт» стратегиясы сияқты тағы басқа оқытудың түрлі әдістерінің ерекшеліктері мен ұстанымдарын жаңаша бағыт ретінде атайды. Ал тарихқа үңілетін болсақ, бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологияларының көбі Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен табылады. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептеріне арналған «Әліпбиі» (Жаңа құрал) оқулығын жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, т.б. дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады. Себебі, ол бұл еңбекте білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсыну керектігін айтады. Мұнда баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, алынған білімді күнделікті қолданысқа түсіру маңыздылығын қатты ескерген [3]. «Тірлік шаруасына үйрететін білім тірі білім болуы керек. Ондай білімді адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар үйренгенде білмек», – дейді ұстаз. Қазір өте көп айтылып жүрген Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту

барысы туралы А. Байтұрсынұлы оқулықтарында да бар:

1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау (синтез) немесе жиылыңқы әдіс теп аталады.

2) Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі жалқылау (анализ) немесе айырыңқы әдіс деп аталады.

3) Кей әдістің негізінде қосу да, талдау да болады. Ондай әдістер жалқылаулы-жалпылаулы не-месе айырыңқы-жиылыңқы деп аталады.

Яғни, ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды әрі тиімді деп санайды да бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек, – дейді [4].

Қазіргі таңда мектептерде қазақ тілі пәнін оқыту әдістемесінде білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің 4 түрі (жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым) жеке-жеке бөлініп, жаңа жүйемен оқытылады. Бұл әдісті көбісі ағылшын тілін оқыту үлгісінен (listening, reading, writing, speaking) алынған деп ойлайды. Алайда тілді оқытудың бұл әдістері жайында Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінен де кездестіруге болады. Ғалым «үйретуді» жоғары бағалап, «өнер» деп атайды. «Үйрету өнер болған соң, ана тілін үйрету — бұл да өнер. Олай болса өнерлерде болған сындар мұнда болмақ», – дейді. Ахмет тіл үйретуді мынадай топтарға ажыратады: 1) оқылым — оқу үйрету; 2) жазылым — жазу үйрету; 3) айтылым — сөйлеу үйрету. Мәселен, оқылым әрекеті буындап оқу, тұтас оқу арқылы; жазылым әрекеті сөздерді буындау, тасымалдау, көшіру, құрастыру, сөзден сөз тудыру арқылы; айтылым әрекеті сұрақтарға жауап беру арқылы; тыңдалым әрекеті жаңылтпаштарды есте сақтап, жатқа жазу арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі кезде қазақ тілін оқытуда жазбаша және ауызша тілдің ара-жігі ажыратыла бермейді. Білім алушылар әріп пен дыбысты айыра алмай, бір сөйлеу барысында сөздерді жазба түріндегі қалпы бойынша айтатын дәрежеге жеткен. Ауызша тіл мен жазба тілдегі норманың арақатынасы жайында ғалымның екі бөлімнен тұратын «Тіл жұмсары» мен «Оқу құралында» баяндалған. Ғалым өтілген мағлұматтарды ауызекі тіліне жеңіл де қысқа ауызша сауалдармен бекітіп те отырған. Мысалы, 1) әріп пен дыбыс бір ме? 2) қайсысы көрінеді, қайсысы естіледі? 3) ұқсас дыбыстардың әріптері ұқсас бола ма? Ғалым «Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерін тани білу керек. Таныған әріптерін жаза білу керек. Жазған әріптерін дыбысымен атай білу керек» деп әріп пен дыбысты айырудың әдіс-тәсілдерін сатылап көрсеткен. Сонымен қатар қазіргі таңда дәстүрлі оқытудан жаңартылған білім мазмұнына ауысқан білім беру жүйесінде «теория және практика» қағидасы басшылыққа алынып жүр. Оқытудың бұл жүйесі де Ахмет Байтұрсынұлының «Баулу мектебі» атты мақаласында баяндалады: «Өлі оқудан» көрі «төте оқудың» беретін білімі жандырақ. «Төте оқудан» гөрі «көрнекі оқудың» беретін білімі жандырақ, «баулу» беретін білім бәрінен де жандырақ. «Баулу» асылында дағдылы шағындағы тіпті «бала оқыту»

емес, тіршілік ісіне тігілей түсіру» [4].

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынұлы А. Бастауыш мектеп / А. Байтұрсынұлы // «Қазақ» газеті, 1914. — № 61 (мамыр). - Б. 2–3.
- 2 Кекілбайұлы Ә. Ұстаз ұлағаты / Ә. Кекілбайұлы. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. — Алматы: Ғылым, 1999. - 567 б.
- 3 Байтұрсынов А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / А. Байтұрсынов. - Алматы: Абзал-ай, 2013. - 640 б.
- 4 Байтұрсынов А. Оқу құралы / А. Байтұрсынов. — Орынбор, 1925. - 72 б.

**Сенкубаев С.Т., Тасболат А.**

## **ДҮНИЕТАНУ ПӘНІ САБАҚТАРЫНДА 2-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АДАМГЕРШІЛІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ**

п.ғ.к., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының профессоры, А.  
Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
7М01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының магистранты

2030 жылға қарай «Қазақстан Орталық Азия Барысына айналасады және өзге елдер үшін үлгі болаты», «Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп кемелденеді, балаларымыз білігі жоғары жұмысшылар мен фермерлер, инженерлер, банкирлер және өнер қайраткерлері, мұғалімдер мен дәрігерлер, зауыттар мен фабрикалардың иелері болады». 2030 жылдың жастары “мемлекеттің құқықтарын және өздерінің құқықтарын қорғайтын, мүдделерін биік ұстайтын сенімді азаматтар болып қалыптасатынына сенімдімін”- деген екен Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.[1]

Қоршаған ортаны зерттеуде жаратылыстану пәнінің маңызы зор. Жаратылыстану пәнін оқытудағы алғашқы табиғатты танып білу, онымен танысу, табиғат құбылыстарымен танысу мен оны зерттеу сияқты әртүрлі қызықты тақырыптар мен зерттеулерге тап болатын оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін, жаратылыстану пәнінен сабақтан тыс пәндерді оқытқан жөн. Оны оқытқан кезде ғылымды одан әрі саралап, оқып-үйренуге бала талпынады. Дүниенің материалдығы мен танымдылығы әртүрлі идеялар мен қызығушылықтар тудырады. Баланы тек қана құбылыстар мен зерттеулерге ғана бағыттамай, оны логикалық тұрғыдан ізденіске бұра аламыз. Мысалы:

1. Әртүрлі фактілерге сүйене отырып құбылыстарды бақылау.
2. Жауапты іздеу үшін алдына мақсат немесе мәселе қою.
3. Бақылау юойынша әртүрлі болжамдар жасау.
4. Алға қойған болжамдар бойынша зерттеу жүргізу.

5. Дұрыс жауапты тәжірибеде тексеру.

6. Логикалық тұрғыдан талдап, дұрыс қорытынды жасай білу.

Өзіміз қоршаған ортада өмір сүргендіктен оны зерттеу мен қорғау біздің борышымыз. Балалардың жас ерекшелігін ғалымдар әр уақытта ескере отырып олардың қызығуларын зерттеген. Олар: М.Беляева, И. Цветкова, Л. Маневцо, Н.Постникова, т.б. [2]

Мектеп жасындағы балалардың қызығушылықтар көбінесе ойын бөлігінде кездеседі. Сабақтан тыс жұмыстарының бірі - ойынға келетін болсақ балалар үшін күрделі іс-әрекет болып табылады. Білімді де ойын арқылы логикасын дамытуға болады. Ойынды да ойнатқан кезде, оның мақсаты, жоспары, керекті көрнекіліктерімен заттары болуы тиіс.

Экскурсия - ел-жұрт байлығымен, туған жеріміздің тауымен суымен таныстыру, қоғамдық құрылыс салаларымен таныстыру дәл осы сыныптан тыс жұмысы арқылы жүзеге асады.

Сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру ынтамен, бейімділікке байланысты балалар өз еркімен тандай алады. Ұстаздың міндеті оқушылардың ұжымын сыныптан тыс жүргізілетін барлық үйірмелерге қатыстыру, оларды дамыту мен үйрету болып табылады. Мұны ешқандай мәжбүрлеусіз атқару мұғалімнің міндеті мен шеберлігі. [3]

Сыныптан тыс жұмыстардың бір ерекшелігі бағдарлама көлемімен байланысты болмайды. Мазмұны мен формасы оқушылардың талап-тілектеріне, сол жердің климасы мен қолайлылығына байланысты таңдалады. Әдістемелік нұсқаулық пен бағдарламаның негізінде жоспарын үйірме жетекшісі нақты жағдайларға қарап, оқушылармен келісе отырып, олардың қызығушылықтарымен келуі тиіс. Сол кезде ғана оқушы үйірменің қызығын біле отырып толығымен көңіл аударып, жұмыс жасап, зерделей алады. Сыныптан тыс жұмыстың ең маңызды талабы: өмірмен тығыз байланысты болу керек, кез келген үйірменің, ғылыми жұмыстың айнала қоршаған ортамен танысумен оның гүлдендіруге себепші болады. Тағы бір талабына тоқтала кетсек, оқушының қолынан келетін, шамасы жетпейтін заттарды істетпеу, қызықты сабақ өткізу, сол кезде сабақтан тыс жұмыс өз нәтижесіне жетеді. [4]

Сыныптан тыс жұмыс бастауыш сыныпта алатын орны мен рөлі зор. Өйткені, сыныптан тыс жұмыстың оқушылардың қабілетімен, қызығушылықтарын, бейімділіктерін зерттеу, ұға алатын кез болып табылады. Сонымен қатар әртүрлі тәрбие түрлерін оқушының бойына сіңіре отырып эстетикалық, адамгершілік және экологиялық тәрбиелерді түсіндіре аламыз. Бос уақытты ұйымдастырудың шешімі ғана емес, өмірге деген құлшыныс пен оны танып білуге бала бір қадам болсын жақын болады.

Сыныптан тыс жұмыстардың түрлеріне тоқтала кетсек:

1. Экскурсия
2. Дөңгелек үстел
3. Конференция
4. Дидактикалық театрлар
5. Кітапханалық сабақтар
6. Қоғамдық пайдалы іс-тәжірбиелер



7. Сайыстар
8. Олимпиадалар
9. Пікір талас
10. Дебат

Балалар осы аталған сыныптан тыс жұмыстардың өздеріне жақынына барып, табиғатқа жан-жақты шығармашылығын ескере отырып, зерттеудің түрлерінің ең бір қолайлысы- бақылау әдісін қолдана алады. Сол себепті сыныптан тыс жұмысты ұйымдастырғанда бақылау жүргізу әдісіне үлкен орын беріліп қана қоймай қызықты көрнекіліктермен қамтылған.

Оқушылар осындай сыныптан тыс сабақтар мен жұмыстарға қатыса отырып, өздерін әртүрлі қырын көрсетіп белсенділікке жақын бола алады. Қоршаған ортаны зерттеу барысында тек қана оны зерттеу ғана емес, бейнелеу, яғни эстетикалық тұрғыдан оқушының табиғатты қалай елестете алатынын сурет үйірмесінен байқауға болады немесе ақындық қырынан сынап көретін болса өлең шумақтарымен басқа елге шықпай өз еліміздің де әсем деген жерлерін сипаттап, шырқауға баланың көркем шығармаларын елге паш етуге болады. Осылай біз тек қана баланы ғана дамытып қана қоймай, оның ұлттық өнерге де бір саты жақындата аламыз. Ұлттық өнерді бойына сіңірген оқушылар әрдайым патриоттық сезімдерін жоғалтпас деген үміттеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаевтың Халыққа жолдауы.Қазақстан – 2030 ж
2. Ж.Б. Қоянбаев Р.М.Қоянбаев “Педагогика” Алматы 2012 ж
3. А. Құдияров “Педагогика”Дарын - Алматы – 2014 ж
4. З. Абилова “Оқушыларға сыныптан тыс жұмыстарда эстетикалық тәрбие беру”. – Алматы: Ұлағат. 2013

**Сенкубаев С.Т., Тогузбаева А.М.**

## **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

п.ғ.к., «Әлеуметтік педагогикалық пәндер» кафедрасының профессоры, А.  
Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
7М01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру  
бағдарламасының магистранты

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы бүкіл ұлттың, елдің барлық атқару органдарының басты идеясына айланысуы тиіс екендігін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев атап көрсетті. Бұл білім саласына, соның ішінде білім саласының мамандарын дайындауға үлкен жауапкершілік жүктейтіні түсінікті [1].

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің реформалануы қоғамның демократикалық бағытта дамуына бет алғанын айқындайды. Осыған орай, білімге деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, оқытудың жаңа түрлері, жаңа

бағыттағы мектептер пайда болып, білім мазмұнының толығымен жаңаруына алып келді. Күн тәртібінде қойылып отырған күрделі мәселелердің ішінде жас ұрпаққа білім беруді әлемдік деңгейге жеткізу үлкен орын алады. Сондай қоғамдағы түрлі бағыттағы өзгерістердің бірі – 12 жыл оқыту моделі [2].

12 жылдық жалпы орта білім берудің мақсаты – алған білімдерінің негізінде еркін баяндалатын, өзін таныта, дамыта білетін, қазіргі заманға бейімделіп, өз бетінше дұрыс шешім қабылдай алатын тұлғаны қалыптастыру [3].

Уақыт өткен сайын білім саласының әлеуметтік рөлі де нығайып келеді. Бұған дәлел – бүгінгі таңда еліміздің білім беру мекемелерінің алдында Қазақстан Республикасының 2030 жылдарға дейінгі стратегиялық дамуын жүзеге асыру, 2015 жылға дейінгі Қазақстандағы білім беру Тұжырымдамасының бекітілуі. Осы аталған құжаттардың көздеген мақсаттары бір арнаға тоғысады. Ол мақсат – білім беру мекемелерінің мамандарына еліміздің болашағы – жастарды терең біліммен сусындату, яғни бір сөзбен айтқанда бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындау мәселесі болып табылады. Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі.

Соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым - бұл құзырлылық. Құзырлылық (латын тілінде «competens») тікелей аудармасы белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді. Құзырлылық маманның «айналымға» түсудегі қажетті шарты [4].

Құзырлылықтың негізгі белгілері: тұлға аралық және еңбектегі байланыс мәдениеті; қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі; қызметті жана жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы; практикалық кәсіби

тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті; нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі; тиімді шешім қабылдау қабілеті.

Қабілетсіз оқушы жоқ, бірақ оқушылардың дара қасиеттерін танып-білуде мүмкіндігі шектеулі үйлесімсіз әдістеме бар. Елбасымыз өз халқына жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» деп атап көрсетті. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселе. Бала жанының бағбаны, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін мұғалім ары таза, әдепті, ой-өрісі кең, жан-жақты білімді, ұстамды, өз ойын шәкіртіне анық, дәл жеткізетін болуы тиіс. Ол үнемі ізденіп, білімін толықтырып отырса, оның өмірлік ұстанымы тұрақты, күш-қуаты, көңілі әрдайым жоғары, сабақ беру сапасы арта түсіп, еңбегі еленеді. Білім берудегі жаңалық пен қоғамдағы жаңалық бір мақсатты көздейді, олар даму мен прогрестің қабілетін арттыруы қажет.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз.

Педагог қызметкер: 1) өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге; 2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге; 3) білім алушыларды жоғары имандылық, ата-атаналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге; 4) білім алушылардың өмірлік дағдыларын, біліктіліктерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға; 5) өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұпайы жетілдіріп отыруға; 6) бес жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өтуге; 7) педагогтік әдеп нормаларын сақтауға; 8) оқушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті [5].

Бүгінгі күні жаһандану жағдайында өркениеттіліктің өлшемі, тетігі, құндылығы ретінде шығармашылық сипаттағы білімнің орны үлкен. Оны өлшем ретінде қабылдауымыздың себебі, кез келген мемлекеттің рухани да, әлеуметтік-экономикалық дәрежесі онда өмір сүретін халықтың білім деңгейі мен меңгерген білім, біліктерін шығармашылықпен қолдана алуына байланысты. Себебі әлемдегі ғажайып жаңалықтарды өзі білім, білікті шығармашылық құндылық ретінде бағалаумен, оны ізгі мақсаттарға сәйкес қолданып, жананы табумен мүмкін болады.

Еліміздегі орта білім беру жүйесінің 12 жылдық білім беруге көшуді, әлемдік білім беру кеңістігіне бағдар тұтуы білімге деген көзқарасты жаңаша тұрғыдан қарастыруды көздейді. Осыған сәйкес қазіргі білім беру жүйесінің

мақсаты - білімді, бәсекелестік қабілеті бар, шығармашыл, дербес, ізденімпаз, өзін-өзі жүзеге асыра алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Мектептегі жас ұрпақтың ақыл-ойы, рухани дамуының негізі – оқылатын пәннің мазмұнына, оқу-тәрбие жұмысының мақсатқа сәйкестігі мен меңгеретін ғылыми білімдер жүйесінің шығармашылық сипатына байланысты.

Білім беру саласындағы реформалар бір жағынан әлемдік білім беру кеңістігіне сай өркендеуге ұмтылса, екінші жағынан ұлттық болмысты қалыптастыру мақсатында мәдени-тарихи құндылықтарға сай өзіндік бет бейнесін сақтауды көздейді. Қазіргі кездегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның шығармашылық бағыттылығы мен шығармашыл тұлғасын қалыптастыру мәселесіне қызығушылықтың артуы осы міндеттерді шешудің бағдары ретінде қарастырылып отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нағымжанова Қ. М. Инновациялық оқыту жағдайларындағы мұғалім қызметінің психологиялық-педагогикалық негіздері. – Өскемен: Ұлы дала. 2016. – 98 б
2. Байтұрсынов А. Педагогические технологии: Учебное пособие для студентов педагогических специальностей / Под общей ред. – Алматы: Ғылым. 2015. - 46 с.
3. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы: Білім. 2018. – 10 б.
4. Гузеев В.В. Образовательная технология: от приема до философии. – Москва: «Сентябрь». 2016. – 36 с.
5. Барсай Б. Мұғалімнің педагогикалық жаңалықтарын ұйымдастыру. – Алматы: Ғылым. 2017. – 38 б.

**Сенкубаев С.Т., Туяков Г.Т.**

## **ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО СОЗНАНИЯ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ- СПЕЦИАЛИСТА**

К.п.н., профессор кафедры «Социально педагогических дисциплин»  
университета им. А. Мырзахметова, г. Кокшетау

Магистрант образовательной программы 7М01101 «Педагогика и психология»

Сегодня актуально национальное воспитание молодежи. Национальное образование необходимо для стабилизации экономики страны и повышения патриотизма. Для этого мы должны уделять особое внимание духовному развитию нового поколения. Актуальность воспитания молодежи очевидна, сохранения национальных традиций, таких как нравственность, уважение к взрослым и детям, гостеприимство, справедливость, национальная мудрость и

величие, искусство речи, связь национальных ценностей, следует принимать во внимание большое культурное, духовное и нравственное наследие.

На пути повышения патриотических чувств у молодежи возникает необходимость в приобщении их к национальным источникам воспитания. Для реализации этого вопроса мы должны правильно выстроить духовное развитие нашего будущего. Очевидно, что необходимо обосновать всестороннее образование учащихся, сохранивших и воспроизводящих со временем богатое культурное, духовное наследие, традиции и обычаи нашего народа, отличающиеся огромной нравственностью, уважением к старшему, добротой к младшему, гостеприимством, интеллектом, лидерством, красноречием, справедливостью, сочетанием своих интересов с интересами нации, национальностью, дальновидностью. Внедрение национального воспитания в образовательный процесс сегодня имеет свои особенности. На этом пути мы углубляем научный смысл этого предмета, приобщая национальные ценности, культуру, историю, традиции к сегодняшнему дню[1].

К национальным ценностям относятся духовные и культурные ценности, накопленные каждым народом на протяжении веков. Внедряя в процесс обучения сокровенное наследие, духовное богатство нашей нации, мы формируем всесторонне развитую, образованную, обладающую собственным видением личность, способную использовать во благо народа ценные мысли, мудрость, жизненный опыт казахского народа.

Великая задача, стоящая перед человечеством во все времена – воспитание сознательного поколения. Воспитание поколения – будущее нации, будущее общества. Безусловно не стоит ожидать, что нынешнее поколение вырастет всесторонне зрелым, умным, с передовым культурно-научным полем. Национальное воспитание – это наше достояние, которое мы передаем из поколения в поколение. Это большая книга воспитания, которая воспитывает будущие поколения, чтобы жить. А воспитание имеет глубокие корни – в народе, в ее достоинстве и единстве. Неоспоримо, что это сокровище впитывается в ребенка через национальные ценности. Что такое национальные ценности? Национальные ценности являются предметом человеческого достоинства, присущего определенной нации, то есть национальными духовными и материальными ценностями, накопленными на протяжении веков. Это архивы, направленные на воспитание и обучение. К ним относятся такие качества, как гостеприимство, порядочность, уважение, нравственность, смирение, благополучие, милосердие, доброта, свобода, самостоятельность, вежливость, культура, творчество, духовное богатство, любовь. Характер любой нации сводится к пяти принципам. Первый – язык, второй – религия, третий – традиции, четвертый – история, пятый – Родина. Ценности – только истинные, они не зависят от человека, но в первую очередь имеют место в сознании человека. Ценности могут восприниматься через чувства, а пониматься через сознание, в результате чего личность овладевает ценностью, действует соответственно. Воспитание должно быть дано до рождения ребенка. Глава государства Н. А. Назарбаев сказал: «Когда мы воспитываем наше будущее поколение, прививаем им в молодости нравственные и национальные

качества, то только тогда мы сможем вырастить гражданина, развитого национальным духом, способного внести свой вклад в процветание Родины» [2].

Сегодня ведется большая работа по научной систематизации, изучению и анализу предмета «национальное образование», мыслей и представлений средневековых деятелей, произведений казахских просветителей, прославивших язык, религию, культуру, традиции нашего народа, песни наших поэтов, развивающие игры, великолепные танцы. Были собраны и обработаны слова героев, защищавших Родину. «Национальное образование»

это предмет, изучающий уважение к языку личности, уважение к религии, формирование смысла, адаптацию к национальным обычаям [3].

Одной из основных задач государственной программы развития образования в Республике Казахстан является воспитание казахстанского патриотизма, толерантности, высокой культуры, уважения к правам и свободам человека. Это программа, направленная на воспитание патриотизма и воспитание молодежи на этнопедагогической основе. Также в концепции воспитания в принципах организации воспитательного процесса подчеркивается, что этнические принципы формируют культурную среду, способствующую расцвету общенациональной культуры на основе этнической культуры, гражданского согласия. Исходя из поставленной цели воспитания и вытекающих из нее задач, мы знаем, что среди направлений воспитательной работы определены следующие направления: гражданско-патриотическое, правовое и поликультурное воспитание должно быть направлено на гуманизм, любовь и уважение к истории и обычаю казахского народа, языку, сохранение и развитие его лучших традиций, формирование гражданской позиции и патриотического сознания, сформированного национального самосознания, межнациональных культурных отношений. В организациях образования детей и молодежи намечено повышение уровня содержания и методов воспитания в гражданско – правовом, патриотическом воспитании на основе взаимодействия учебно-воспитательной структуры. Такое взаимодействие издавна учитывали наши великие мыслители и выражали в своих трудах [4].

Цели и задачи, поставленные Главой государства в Стратегии «Казахстан-2050», еще раз доказывают необходимость создания системы воспитания в стране на основе национальных ценностей. В целом под словом «национальный» понимается уважение к стране-земле, языку, религии. Впервые название национального воспитания ввел в литературно-педагогические учебники Магжан Жумабаев. Он говорил о том, что педагогика берет свое начало в национальном воспитании. В своей работе «Педагогика» он говорит: «Поскольку воспитание нации давно проверено и используется многими поколениями, то каждый воспитатель обязан воспитать ребенка той же национальностью, потому что каждый ребенок своей нации служит для своей нации».

Молодежи необходимо в детстве прививать национальное воспитание. Считаю целесообразным уделять пристальное внимание воспитанию детей и увязывать их с образованием в зависимости от возраста. Это значит, что когда

ребенок родился, он должен быть в колыбели и слушать колыбельные песни. Ведь красивее песни, которой поется мамой, нет на свете. Говоря о том, что народная педагогика – самое ценное достояние в духовных, культурных и нравственных отношениях общества, я считаю одной из главных задач учителей – научить учащихся обычаям и традициям нашей нации, приобщить их к добру, нравственности, национализму, уважению к своим традициям и обычаям [5].

### **Список литературы:**

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы.
2. Кабдиев С. Проблемы нравственности в воспитании поколения. – Алматы, 2005.
3. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Алматы кітап. 2009.- С.390.
4. Проблемы воспитания любви к Родине//Вестник Карагандинского государственного университета. Серия «Педагогика». - 2004. - №4(36). - С.318.
5. Патриотическое воспитание студентов на основе национальных игр с традициями и обычаями // академик Е. А. Букетов ученый, педагог, мыслитель: материалы Международной научно-практической конференции. – Караганда, 2005. - С. 57-59.

### **Жумағазина М.Ж.**

#### **ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей қаласы  
2 курс «Педагогика және психология» мамандығының магистранты

Отбасы әлеуметтік институт ретінде оның мүшелерінің мінез-құлқын реттеуге арналған әлеуметтік құрылым тәртібінің элементін білдіреді. Ағылшын әлеуметтанушыларының бірі Энтони Гидденс отбасының келесі анықтамасын береді. Отбасы- «ересек мүшелері бала күтімі бойынша міндеттемелерді қабылдайтын тікелей туыстық қатынастармен байланысты адамдар тобы». Отбасы есеп беру нүктесін некеге тұрған сәттен бастайды, бұл ер мен әйел арасындағы қарым-қатынастың тарихи өзгеретін әлеуметтік түрі. Неке арқылы қоғам олардың ерлі-зайыптылық құқықтары мен міндеттерін реттейтін ережелерді белгілейді.

Отбасы әдеттегі неке тобы емес, әлеуметтік институт ретінде қабылданады. Отбасы-бұл белгілі бір құндылықтарға және кең әлеуметтік бақылауға негізделген өзара әрекеттесулер мен байланыстар жүйесі, олардың ынталандырулары мен шектеулі санкциялары бар.

Қазіргі заманғы отбасына көптеген факторлар әсер етеді: индустрияландыру, урбанизация, білім беру, дін және т.б. қоғам

құрылымындағы іргелі институт бола отырып, отбасы мемлекеттік ауқымдағы барлық реформалық өзгерістерге ерекше сезімтал, өйткені олардың нәтижелері оның өмір сүру деңгейінде, оның тұрақтылығы мен тәрбиелік қабілетінде тікелей көрінеді. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік қатынастардың өзгеруі отбасылық қатынастардың жаңа формаларын тудырады. Некеден тыс туылғандар саны туудың жалпы үлесінде артады, белсенді бала туатын, еңбекке қабілетті жастағы ер адамдар арасындағы өлім-жітімнің жоғары көрсеткіштеріне байланысты кейінгі некеге тұрумен өтелмейтін ажырасулар саны артады. Азаматтық (тіркелмейтін) некенің ресми некеге қарағанда басымдығы байқалады, бұл жаңа отбасылық құрылымдардың қалыптасуына әкеледі. Отбасылық қатынастардың әлсіреуінің, некеден тыс қатынастардың таралуының, туудың төмендеуінің, ажырасудың ұлғаюының салдары толық емес отбасылардың өсуі болды [1].

Отбасының өзіндік құрылымы бар. Отбасы құрылымының негізгі негізі-оның барлық мүшелері атқаратын рөлдер жүйесі. Отбасы мүшелері орындай алатын негізгі рөлдердің тізімі аз. Оған келесі тізім кіреді: ата-ана (анасы, әкесі, ерлі-зайыптылар (күйеуі, әйелі, балалары (қызы, ұлы, ағасы, әпкесі, ұрпақшілік және ұрпақаралық (Үлкен, Кіші, әже, атасы) және т. б [2].

Толық емес отбасылар-жалғызбасты ата-ана кәмелетке толмаған баламен (балалармен) бірге тұратын және ол үшін негізгі жауапкершілікті алатын отбасылар санаттары. Толық емес отбасыларда жыл сайын жарты миллионнан астам бала қалады. Болған өзгерістер отбасының дәстүрлі функцияларын, отбасындағы міндеттерді бөлудегі жыныстық моральдың реттеуші сипатын әлсіретті, әйелдің әлеуметтік мәртебесіне әсер етті, оны жауапкершілікті және тәуелсіз етті. Әйелдер үй міндеттерін нақты орындауға және балаларды тәрбиелеуге ғана емес, сонымен бірге ер адаммен бірге өндірістік істерге, бизнес пен кәсіпкерлікке көбірек қатысуға мәжбүр. Толық емес отбасындағы ана болу көптеген өмірлік қиындықтармен байланысты, оларды жеңу көбінесе әлеуметтік жағдайларға, жалғызбасты аналардың жеке және рухани-адамгершілік қасиеттеріне байланысты. Жалғызбасты аналардың ерекше санатын, әдетте, әлеуметтік және жеке жетілмеген, білімі мен кәсібі жоқ, Ананың әлеуметтік мақсаты туралы идеялары, баланы тәрбиелеу дағдылары мен дағдылары жоқ жас әйелдер ұсынады. Бұл әйелдердің мінез-құлқына және олардың балаларға деген көзқарасына айтарлықтай әсер етеді.

Отбасылық рөлдерді сәтті орындау отбасының өркендеуі үшін үлкен маңызға ие. Егер отбасы мүшелерінің біреуінде оның осы немесе басқа рөлінің қалай орындалатыны туралы нақты түсінік болмаса, онда бұл жалпы эмоционалды атмосферада көрінеді.

Толық емес отбасылармен өзара әрекеттесу ерекшеліктері:

Толық емес отбасылар көп көңіл бөлуді талап етеді, өйткені балалар мен олардың отбасыларының қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыруға бағытталған балалар мекемесі ата-аналарға қолдау көрсетіп, әртүрлі дағдарыстық жағдайларда, әлеуметтік апаттарда көмектесуі керек. Жалғызбасты аналардың ата-аналық ұстанымдарының ауқымы әр түрлі екенін



ескере отырып, мұғалім олармен өзара әрекеттесудің икемді тактикасын қолдануы керек.

Анасы ата-ана міндеттерін орындайтын толық емес отбасы балаға тиісті көңіл бөлмейді, тәрбиеге қатысты барлық алаңдаушылықты мектепке дейінгі мекемеге аударады, мұғалімнен ерекше назар аударуды және әсер етудің нақты әдістерін талап етеді. Үйде тәрбиенің қолайсыздығын анықтау-баланың мінез-құлқын, оның эмоционалды жағдайын зерттеу. Баламен бақылаулар, әңгімелер оның отбасындағы жағдайы, анасымен қарым-қатынасы, үйде тәрбиелеудің құралдары мен әдістері туралы түсінік береді. Әдетте бала нашар күтімді, ұқыпсыз киінеді, көбінесе ауа-райына байланысты емес, бірақ оның қымбат заттары, ойыншықтары бар.

Мұндай балалар қамқорлықта, қамқорлықта, назарда көрінетін мұғалімнің ерекше жылы қарым-қатынасын талап етеді. Бірақ баланың мінез - құлқындағы, оның жалпы дамуындағы барлық ауытқулар қолайсыз отбасылық жағдайдың салдары екенін есте ұстаған жөн. Сондықтан мұғалімнің негізгі объектісі ана болуы керек: баланың ажырасудан, отбасылық қиындықтардан зардап шеккенін, әкесінің жоқтығын, сүйіспеншілік пен сүйіспеншілікке мұқтаж екенін түсіну үшін оның жүрегіне, санасына "жету". Иә, мұндай жағдайда мұғалім анасына ажырасудан кейінгі дағдарысты бастан өткеріп жатқан өз баласын түсінуге көмектесетін делдал ретінде әрекет етеді. Баланы тәрбиелеуде жұбаныш табуға тырысатын, бірақ оны әрдайым жақсы жасай алмайтын жалғызбасты аналарға қатысты мұғалімнің келесі тактикасы тиімді болуы мүмкін:

- жалғызбасты анаға баласының жақсы тәрбиешісі болуға деген ұмтылысында қолдау көрсету;

- басқа ата-аналардың назарын оның педагогикалық жетістіктеріне аудару,

- баланың дамуындағы оң өзгерістерді байқап, атап өту, оған қуану;

- балаға қатысты барлық нәрсеге қатысты ананың осалдығын ескере отырып, баланың мінез-құлқын, іс-әрекетін бағалау кезінде аса сақ болыңыз [3].

Мектепке дейінгі мекеменің, мектептің мұғалімдері шешетін күрделі мәселе - ажырасқан аналардың әкелердің бала тәрбиесіне қатысуын үзілді-кесілді қаламауы. Ал заң бала тәрбиесі үшін жауапкершілікті алып тастамайтын әкелер, кем дегенде, балаларын анда-санда көргісі келеді, сондықтан олар балабақшаға, мектепке келіп, кездесуді талап етеді. Баланың атасы мен әжесі әкесі жағынан да осындай жағдайда. Тәрбиешілер, психолог ажырасқан аналармен жүргізетін жұмыстың мәні-бұрынғы күйеуінің, оның ата-анасының бала тәрбиесіне қатысуына қатысты ұстанымын өзгерту. Ата-анасы отбасының күйреуімен "жазалаған" және өз проблемаларына тартуды жалғастыратын бала. Баланы өз проблемаларына қосу, әкесі мен оның туыстарын кішкентайдың көз алдында "жамандау" ананы азғындық деп сендіру маңызды [4].

Пайдаланган әдебиеттер:

1. Николаева, Я. Г. Воспитание ребенка в неполной семье.// Я.Г. Николаева.- М., Владос, 2006.-159 с.
2. Сохранная, Н.А. Работа с неполными семьями.// Н.А. Сохранная.- Минск., Красико-Принт, 2006.-176 с.
3. Целуйко, В.М. Психология неблагополучной семьи. // В.М. Целуйко — М., Владос, 2003.-272 с.
4. Целуйко, Н.А. Родители и дети: психология взаимоотношений в семье. //Н. А. Целуйко. Мозырь., 2006. – 132 с.

**«ҒЫЛЫМДАР МЕН ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ»**

**VII-ші Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының**

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**2023 жылғы 26-27 сәуір**

**МАТЕРИАЛЫ**

**VII-ой Международной научно-практической конференции**

**«СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ НАУК И РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ»**

**26-27 апреля 2023 года**

**MATERIALS**

**of the VII-d International scientific and practical conference**

**«THE CURRENT STATE OF SCIENCE AND ECONOMIC  
DEVELOPMENT»**

**April 26-27, 2023**